


КӘСІПТІК БІЛІМ

65.01
Х 64

Ж. Ходжаниязова

НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА НЕГІЗДЕРІ



FOLIANT



КӘСІПТІК БІЛІМ

Ж. Ходжаниязова

Нарықтық экономика негіздері

Оқулық

3-басылым, толықтырылған, өндөлген

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
техникалық және кәсіптік білім беру
үйымдарына ұсынады*

Электротехника және
КИЕМ

FOLANT
БАСПАСЫ
Астана-2017

КИЕМ
КИТАПХАНА
№ 64726

Пікір жазғандар:

Пасеченко П. – экономика гылымдарының докторы, профессор
Жұнісбекова Б. – экономика гылымдарының кандидаты,
доцент
Ерназарова А. – жалпы экономика пәндерінің оқытушысы

Х 67 **Ходжаниязова Ж.**

Нарықтық экономика негіздері: Оқулық / З-басылым, толықт.,
өндөлгөн. Ж. Ходжаниязова. – Астана: Фолиант, 2017. – 152 б.

ISBN 978-601-302-668-8

«Нарықтық экономика негіздері» мазмұны, курстың мақсаттары мен міндеттерін орындауга қызмет ететін, экономикалық гылымның негізгі ережелерін, адам жөне әлеуметтік қажеттіліктерін, тауарлар мен қызметтерді өндіру, нарықтық механизм, кесіпкерлік жөне бизнес негіздері туралы түсінік беретін оқулық ретінде құрастырылған.

Оқулық 0819000 – Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы, 0809000 – Мұнай жөне газ кен орындарын пайдалану жөне 0104000 – Кесіптік оқыту мамандықтары бойынша, орта кесіптік білім берудің мемлекеттік міндетті стандарттарына сәйкес оқу жоспарының негізінде өзірленген.

ӘОЖ 330 (075)
КБЖ 65.01 я 73

ISBN 978-601-302-668-8

© Ходжаниязова Ж., 2007, 2010
© «Фолиант» баспасы, 2007, 2010
© Ходжаниязова Ж., толықт., 2017
© «Фолиант» баспасы, 2017

МАЗМУНЫ

Kіріспе	6
---------------	---

I белім. ЭКОНОМИКАДАҒЫ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

1-тaraу. Экономика түсінігі және қоғамдық шаруашылық түрлінің дамуы.....	8
1.1. Экономика түсінігі.....	8
1.2. Натуралды шаруашылық экономиканы үйімдастырудың алғашқы түрлерінің бірі	11
1.3. Экономикалық жүйенің нарықтық және командалық типі	13
1.4. Тауар және тауарлық шаруашылық	14
1.5. Тауар айырбастау.....	15
1.6. Тауарлы шаруашылықтың негізгі сипаты	17
1.7. Тауарлы шаруашылықтың даму кезеңдері	17
1.8. Жалпыға бірдей айырбастау эквиваленті – ақша	19
1.9. Ақшаның қызметі.....	19
1.10. Экономикадағы ресурстардың сипаттамасы	22
1.11. Экономиканың іргелі міндеттері	24

II белім. Өндіру – ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ НЕГІЗІНІҢ БІРІ

2.1. Қоғамдық өндірістің негізгі факторлары.....	26
2.2. Өндірістің негізгі факторлары: тағы бір топтама	29
2.3. Қоғамдық қызметтің құрылымы.....	32
2.4. Модельдер туралы түсінік. Экономикадағы модельдер	37
2.5. Мемлекеттің өндірістік мүмкіндік моделі.	
Таңдау қажеттілігі	38
2.6. Экономикалық есу	41
2.7. Баға түсінігі	45
2.8. Баға белгілеу әдіstemесі	46
2.9. Нарықта тауарларды өндіру және үсыну жағдайы	49
2.10. Фирма қызметінің қысқа мерзімді және үзак	
уақыттылық кезеңдері	51

2.11. Фирманың жалпы, орташа және ақтық өнімі.....	52
2.12. Фирма шығыны: тұрақты, ауыспалы және жалпы.....	55
2.13. Фирманың орташа шығыны	57
2.14. Ақтық шығын туралы түсінік	58
2.15. Ұзақ мерзімді шығын қисығы	60

III бөлім. МЕХАНИЗМ. НАРЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПРОГРЕСТИҢ ФАКТОРЫ

3-тaraу. Нарықтағы сұранысты қалыптастыру	64
3.1. Сұраныс түсінігі	64
3.2. Сұраныс заңы	65
3.3. Сұраныс қисығы	67
3.4. Сұраныс факторы.....	69

IV бөлім. НАРЫҚТАҒЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІК ПЕН ҰСЫНЫСТИ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

4.1. Ұсыныс түсінігі	73
4.2. Ұсыныс қисығы	74
4.3. Ұсыныс факторлары.....	76
4.4. Нарықтағы тепе-тендік	79
4.5. Нарықтық тепе-тендікке ұсыныс пен сұраныс еэгерісінің ықпалы	80

V бөлім. СУРАНЫС ПЕН ҰСЫНЫСТИ ҚИЕМДІЛІГІ

5.1. Бага бойынша сұраныс икемділігі	84
5.2. Кіріс бойынша сұраныс икемділігі	87
5.3. Сұраныстың төгіспалы икемділігі.....	89
5.4. Ұсыныс икемділігі	90

IV бөлім. ДАРА ТАУАРЛАРДЫҢ НАРЫҚТАҒЫ СҰРАНЫСТИ ҚАЛЫПТАСТЫРУЫ

6.1. Ақтық пайдалылықтың азаю заңы	92
6.2. Бюджеттік желі	92
6.3. Бейтаралтық қисығы	94
6.4. Ауыстырудың ақтық нормасы	95
6.5. Бейтарап қисығының картасы	96

VII белім. ҚОҒАМДЫҚ ҰДАЙЫ ӨНДІРІЛУ

7.1. Ұдайы өндірудің мәні	99
7.2. Ұдайы өндірудің түрлері	100
7.3. Ұдайы өндіру процесінің құрылымы	101
7.4. Жаңғыртылған цикл және қоршаған ортаны қорғау	104
7.5. Тұтыну және қаражат сақтау	106
7.6. Экономикалық циклдер	109

VIII белім. ҚОҒАМДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ЖАЛПЫЛЫҚ ФОРМАСЫ

8.1. Өндірісті мамандандыру	111
8.2. Кооперация	115
8.3. Жаһандық проблемаларды шешудегі халықаралық кооперация	116
8.4. Шоғырлану	117
8.5. Құрамдастыру	119

IX белім. НАРЫҚТАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖӘНЕ МОНОПОЛИЯ

9.1. Бәсекелестік пен монополияның өзара өрекеті	124
9.2. Монополиялық бірлестіктердің формалары	127
9.3. Нарық түрлерінің бәсекелестік пен монополиялардың теуелділік арақатынасы	128
9.4. Экономиканы монополияға қарсы реттеу	133

X белім. ЭКОНОМИКАДАҒЫ НАРЫҚ ЖҮЙЕСІ

10-тарау. Өндіру қуралдарының нарығы	137
10.1. Материалды-техникалық жабдықтау және еткізу туралы түсінігі	137
10.2. Өндіру қуралдарымен көтерме сауданың түрлері	138
Глоссарий	141
Пайдаланылған әдебиеттер	151

КІРІСПЕ

«Көптеген көріпкелдер біз сәтсіздікке ұшыраймыз және де мемлекет құрылсының, қоғамдық және экономикалық қайта қурудың бүрын-соңды болмagan міндеттерін игерे алмаймыз деп сеуегейлік еткен-ді. Бірақ алғашқы сынға біздің лайықты төтеп бере алғанымыз – еңсемізді тік ұстап, иілмегеніміз бүгін-ақ айқын. Барлық қызындықтарға қарамастан біз бейберекетсіздік пен жөнсіздік шыңырауынан шыға білдік»

(Н.Ә. Назарбаев).

«Қазақстан – 2030»: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы:

Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. –

Алматы, 1998.

«Нарықтық экономика негіздері» курсы 0819000 «Мұнай мен газды қайта өндіреу технологиясы», 0809000 «Мұнай және газ кең орындарын пайдалану», 0104000 «Кәсіптік оқыту» маңандықтары бойынша, орта кәсіптік білім берудің мемлекеттік міндетті стандарттарына сәйкес оқу жоспарының негізінде өзірленген.

«Нарықтық экономика негіздері» курсы колледж студенттері әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, технологиялық, техникалық іс-шаралар, едбектегі радикалды пайдалану жиынтығын өндірістік мақсаттарға жеткізуі қамтамасыз етеді, материалдық және қаржы ресурстарын, студенттерге жаңа экономикалық жағдайларға әкімшілік өндірістің кешенді өрі тиімді білім алудың көмектеседі. Қазақстан Республикасында мәншік түрлерін қарастыру негізінде, айналысатын іскерлік және заңды тұлғалардың әртүрлі нысандарын сипаттайды.

«Нарықтық экономика негіздері» курсының мазмұны, курсың мақсаттары мен міндеттерін орындауға қызмет етегін, экономикалық ғылымның негізгі ережелерін, экономика, адам және әлеуметтік қажеттіліктерін, тауарлар мен қызметтерді өндіру, нарықтық механизм, көсіпкерлік, бизнес негіздері туралы түсінік беретін етіп құрастырылған.

«Нарықтық экономика негіздері» пәнінің мақсаты:

– студенттердің дербес экономикалық құбылыстарын, салып игеруді және іске асыру дағдыларын қалыптастырады;

– студенттерге болашақ мамандықты талдау үшін қажетті экономикалық деректерді мелімдейді.

Нарықтық экономиканың мақсаттары

Мемлекет азаматтарының барлығы сөзсіз қабылдайтын экономикалық саясаттың мақсаттарын күру, ерине, онай емес. Негізінен экономикалық мақсаттарды саясаткерлер былай топшылайды:

– жұмыспен толық қамтылу. Жұмыс істегісі келетін және жұмысқа қабілетті өр адамның жұмысы болуы қажет;

– экономикалық өсу. Тауарлар мен қызметтерді шыгару өсken кезде өмір сүрудің орташа деңгейі де артады;

– бағаның тұрақтылығы. Бағалардың барлығы дерлік бір уақытта бірдей өсіу немесе төмендеуі мүмкін. Мұндай құбылыштар кейбір өнеркәсіптік кешендер үшін кері әсерін тигізді. Бағалар тұрақты болуы керек;

– экономикалық еркіндік. Эр адамның ақша табу және жұмсау тұргысынан еркіндігі болуы керек;

– экономикалық қауіпсіздік. Қоғамда өз өмірлерін қамтамасыз ете алмайтын мүгедек адамдар, мосқал жастағы адамдар және қайғылы жағдайларға ұшыраған жандар да бар. Экономикалық қауіпсіздік кімге көмек қажет болса, көмек беріледі деген сез;

– тенденция. Экономикалық мақсат тұргысынан қарағанда, тенденция қоғам мүшелерінің әрқайсысына тен дөрежеде экономикалық мүмкіндік берілуі тиіс деген мағына білдіреді;

– тиімділік. Тиімділік – біздің көздеңен мақсаттарға жету жолында жұмсаған шығындарымыздың мелшери.

«Нарықтық экономика негіздері» пәнін оқу барысында:

Студенттің міндеті:

– нарықтық экономика негіздерінің мақсаттары мен міндеттерін; қорамдық өндірістің түрлерін, нарықты реттеу негіздерін, нарық түсінігін, сипаты мен оның функциясын, көсіпорындағы нарық шарттарының тұжырымдамасын, меншік және экономикалық жүйенің тұжырымдамасын білу керек.

– бизнес саласындағы нарықтың мүмкіндіктерін талдауға, экономикалық жүйенің мақсаттарын анықтауға, бөсекелестік пен оны іске асыруға білімінің бар болуы, ақша айналымының әдістері бойынша білімін қолдануға, нарықтың мүмкіндіктерін талдауға қабілетті болу керек.

I белім. ЭКОНОМИКАДАҒЫ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

1-тaraу. Экономика түсінігі және қоғамдық шаруашылық түрлінің дамуы

1.1. Экономика түсінігі

Нарықтық экономика Қазақстан тарихы үшін тосын жаңалық емес. XVII ғасырдың басына дейін табиғи шаруашылық дала халқының дәстүрлі экономикасының негізі болды. Бірақ сол ерте дәуірде де қазақ халқының өмірінде нарықтық экономика элементтері көрініс тапты. Қазақтың кең байтақ даласының ең ірі сауда өзегі Ұлы Жібек жолы етті, сол кезде-ақ адамдар табыс табу мақсатымен сауда жасауға бейімделген. Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін нарықтық экономика белгілері тіптен терендей түсті: мысалы, XIX ғ. аяғында Қазақстанның Семиреченский облысында жеке меншікте 820650 десятина (десятина = 1,1 га) жер болған, оның 629896 десятинасы қоныс аударған казактарға берілген, шаруалар 60000 десятинаға ие болды, жергілікті тұрғындар жер өндeумен айналысты, оларға 170000 десятина жер берілді. Бұл кезде бидай сатушылар мен мал сатушылар арасында нарықтың бір сипаты бәсекелестік орын алды. Бидай мен ет саудасының мөлшерін цифrlар да айтақтайды: XIX ғ. аяғында жалғыз Сарысу уезі арқылы бір жазда 60000 ірі қара мал мен 200000 қой сатуға жетелтілген. Ал XIX ғасырдың 80-жылдары тек Семейде 380 мың пүт бидай және 500 мың пүтқа дейін үн өнімі алынды.

Тарихтан білетініміздей, Қазақстан 1917–1991 жылдар аралығында КСРО құрамында болды. Қазақстан қағаз жүзінде мемлекет болып саналғанымен, тәуелсіз ел бола алмады, саяси және экономикалық тұрғыдан КСРО-ға тәуелді болды.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін Қенес Одағы әміршіл экономика бойынша өлемде бірінші болып саналды. КСРО-ның басқа республикаларындағы сияқты Қазақстанда да әміршіл жүйенің екі ерекшелігі болды.

- 1) Барлық өндіріс қуралдары мемлекет иелігінде болды.
- 2) Экономиканың негізгі принципі орталықтандырылған жобалау болды.

Кенес Одағы зандары бойынша жеке тұлғалар үй жөне басқа жеке меншіктерге ие болды, бірақ кесіпкерлікке тыым салынды. Өндіріс орындарының барлығы мемлекет қарамағында болды. Кесіпорындар зауыттар мен фабрикалар жоғарыдан берілген жоспар бойынша жұмыс жасады. Кесіпорын директорларын нені өндіру керектігі, қандай ресурстар белгінетіндігі жөне өнімді қайда жөнелтетіндігі жайлы хабарланағып отырды. Әміршіл экономика бірінші кезекте азаматтардың қажеттіліктерін емес, мемлекеттің мақсаттарын орындауға қызмет етти. Ауқымды жоспарлау бүкіл ел көлемінде ауыл шаруашылығын дамытуда жетістіктерге өкелмеді, себебі жоспарлық жүйенің ішкі механизмдері жөне даму бағыты болмады. Өсірепе экономикадағы әміршіл әдістер ауыл шаруашылығына зиян әкелді. Мысалға, бір ғана тың жөне тыңайған жерлерді игеру науқанын айтсақ та жеткілікті.

Әміршіл жүйе экономикалық бесекелестікке төтеп бере алмайтын жағдайға жеткен соң, КСРО-ның құрамындағы республикалар еркіндікке үмтүлды. 1991 жылы Қазақстан ез төуелсіздігін алды. Жаңа экономикалық бағытын айқындауды.

«Экономика» – ежелгі грек сөзі. Тікелей аударылымы – үй шаруашылығын жүргізу енері деген мәғынаны білдіреді. Қоғам дамыған сайын шаруашылық тек жанұя немесе қала шенберінде ғана емес, сонымен қатар барлық өлемдегі ауқымды аймақтар мен елдер шегінде де жүргізіле бастады. Қазіргі орыс тілінде «экономика» сөзі «ел шаруашылығы» синонимі ретінде қолданылып жүр.

1991 жылға дейін Қазақстан КСРО-ның әміршіл-екімшіл жүйесінің құрсауында болды. Қазақстан Республикасы төуелсіздігін алғаннан кейін, нарықтық қатынасқа бағытталған экономика мақсатын айқындал, реформа жолына қадам басты.

Нарықтық экономика үшін, еркін экономикалық көсіпкерлік үшін қарапайым көсіпкерліктің үш тобы белгілі: жеке меншік, баға белгілеу жүйесі және бәсекелестік.

Бәсекелестік – жеке меншікті иелену және пайда көру құқығы – ол көсіпкерлік фирмаларды және жеке тұлғаларды өз қол астындағы ресурстарды қолдану мүмкіндігі. Бағалар тұтынушылар мен өндірушілерге экономикалық шешім қабылдауға көмектеседі. Көсіпкерлік фирмалар, үй шаруашылығы және мемлекет өзара байланысты. Ақшалар, тауарлар және қызметтер экономиканың бір секторынан келесі секторына бойлайды. Мысалы, фирмалар тұтынушыларға тауарды өндіреді және сатады. Ал тұтынушылар өз еңбектерімен тапқан ақшаны жұмсайды.

Қызығушылықтарының айырмашылығына қарамастан, экономиканың әртүрлі секторлары бірдей мақсаттарды орындауға жұмылдырылады:

- экономикалық қауіпсіздік;
- экономикалық өсу;
- тенденция;
- баға тұрақтылығы;
- тиімділік;
- экономикалық еркіндік.

Өлеуметтік-экономикалық реформалаудың қорытындысына қарай Қазақстанда аралас тиілтегі экономиканы қалыптастыру еркін көсіпкерлікке негізделген.

Шаруашылықта әр адамның немесе жалпы қоғамның дамуы мен оның өмірі қолдай келе қамтамасыз етіп отыратын адамдардың түрлі қызметінің жүйесі ретінде сипаттауға болады.

Адамдар шаруашылықтың қандай түрі болмасын алдымен, өмірге қажетті өнімді өндіруі қажет, яғни өндіріс адам қызметінің шешуші салаларының бірі болып табылуы қажет. Жалпы өндірісті – оның нәтижесін есепке ала отырып, еңбек процесі ретінде қарастыруға болады.

– Еңбек – бул адам қажеттілігін қамтамасыз ететін, адамдардың мақсатты, саналы іс-әрекеті болып табылады.

Қажеттілік туралы айта отырып, қажеттілік пен мұқтаждықтың айырмашылығын көрсету қажет.

– Мұқтаждық – адамның бір нәрсені жетіспеушілігін сезу сезімі.

Адам мұқтаждығы көптүрлі жөне күрделі: бұл тамақта, киімде, жылылықта, қауіпсіздікте жөне соңдай-ақ білім мен ез ойын білдіру мұқтаждығы жөне де рухани жақындық пен құштарлық мұқтаждығы жөне де көптеген басқа да негізгі физиологиялық мұқтаждықтар жатады.

– Қажеттілік ол, сол қоғамда өмір сүріп жатқан жеке, нақты адамның белгілі бір деңгейде дамуына сәйкес белгілі, өзіне тән ерекшелік түрін қабылдаған мұқтаждық болып табылады.

Мысалы: тамақ қажеттілігін қанагаттандыру немесе салынан қорғану үшін өр елдің түрғындары әртүрлі тамақ өнімдері жөне түрлі киім түрлерін колдануды дұрыс көреді.

Өндіру үшін адамдар ресурстарды пайдаланады. *Ресурс* – бұл қажеттілік туындағанда пайдалану үшін қолда бар түрлі құралдар, құбылықтар, қорлар. Ресурстарға ормандардағы ағаш қорлары, ауылшаруашылық жерлерінің алқалтары, өзендер мен көлдердегі таза судың көлемі, пайдалы қазбалардың қорлары жөне т.б жатады.

1.2. Натуралды шаруашылық экономиканы үйымдастырудың алғашқы түрлерінің бірі

Тарихи түргыда экономиканы үйымдастырудың алғашқы түрі натуралды шаруашылық болып табылады.

– Натуралды шаруашылық – адамдардың өз қажеттілігін қанагаттандыру үшін өнімдерді өндіретін экономиканы үйымдастыру түрінің бірі болып табылады (Өнім – бұл өндіру процесінде алынатын ақырең нәтиже).

Өндіру үшін адамдар бар ресурстарды пайдаланып қанақтамай, оны жиі қайта жаңғыртып, қайта жақсартып жатады (мысалы, кесілген ағаштардың орнына жаңадан отырғызу, ауылшаруашылық мекендерді қайта жақсарту жөне т.б.). Мысалы, натуралды шаруашылықта нан, сүт жөне ет өнімдері, ағаш бұйымдары жөне т.б. өндірілуи мүмкін.

Натурал шаруашылыққа келесі негізгі сипаттар тән: тұтындытық, өмбебап еңбек, тікелей экономикалық байланыстар.

Натурал шаруашылық – ең алдымен түйік экономикалық жүйе. Ол қоғамда көптеген бір-бірінен алшақ жөне бытыранқы шаруашылықтан тұрады (отбасыдан, қауымнан, поместьелер, шаруашылық аймақтардан тұрады). Әрқайсысы өз ресурстарына сүйенеді және өміріне қажеттінің бөрімен өзін қамтамасыз етеді. Бұл жерде қажетті барлық жұмыс түрлері орындалады, яғни шикізатты табудан бастап, өнімдерді тұтынуға дайындауға дейінгі жұмыс түрлері.

Өндірісті натуралдау тенденциясы қазіргі таңда көсіпорындарда, бірлескен шаруашылықтар мен аймақтарда да байқалады. Нәтижесінде өндірістік бірліктер өзінің экономикалық байланыстарын басқа халықтық шаруашылық звеноларынан үзіл, керек қажеттімен өзін дербес қамтамасыз етуге ұмтылады.

Натуралдау тенденциясы барлық мемлекетке таралуы мүмкін: жекелеген мемлекеттер автаркия атымен белгілі шаруашылық саясатын жүргізеді. Мұндай саясаттың салдары елде түйік шаруашылықтың қурылуына себеп болады және дәстүрлі экономикалық байланыстағы серіктестермен қатынасты үзуге әкеліп соғады. Бұл жағдайда өніммен айырбастау ел ішіндегі өндірушілер арасында жүргізіледі, ал басқа елдердің түрлі өнімдерімен айырбастау мүмкіндігі пайдаланбайды. Жалпы автаркия курсын жүргізу қазіргі жағдайда қоғамдық дамудың тенденциясына сойкес келмейді, алайда жекелеген жағдайда төуелсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет болып табылады.

Ғасырлар бойы натуралды шаруашылықтың ерекшелігі өмбебап таза қол еңбегі болып есептелінді. Әр жеке жұмысшы таза өнім алу үшін қарапайым құралдар көмегімен негізгі жұмыстарды атқарды. Мысалы: ауыл шаруашылығында жерді жырту, өңдеу, сақтау және ауылшаруашылық өнімдерін пайдалану. Әрине, мұндай еңбек аз өнім береді. Қазіргі уақытта натуралды шаруашылықтың элементтеріне еңбектің салыстырмалы өмбебап және жеткілікті өндірушілігі тән (бұл белгілі бір кезең уақытында құрастырылған өнімнің санымен сипатталады). Натуралды шаруашылыққа өндіріс пен тұтыну арасындағы тікелей экономикалық байланыстар тән. Бұл байланыстар «өндіру – тарату – тұтыну» формуласы бойынша да-

миды. Өнім өзара шаруашылық қатысушыларының арасында беліседі де тұтынуга түседі. Мұндай байланыс түрі натуралды шаруашылықтың едөүр тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

1.3. Экономикалық жүйенің нарықтық және командалық типі

Экономикалық шаруашылықтың натуралды түрімен қатар, экономикалық жүйенің нарықтық және командалық типі де бар.

Таза экономикалық жүйенің полярлық типінің біріне капитализм немесе еркін бәсекелестіктің еркін қоғамы жатады. Ол ресурстарға жеке меншіктілікпен және нарықтық және бағалар жүйесін пайдаланумен сипатталады. Мұндай жүйеде өр қатысушының іс-әрекеті жеке және өзімшілдік мүддесі себептеріне байланысты болады. Өр шаруашылықтың субъект жеке қабылдаған шешімі негізінде өз табысын асыруға тырысады. Қоғамда өр өнім мен ресурстарды сатып алушылар және өзінше іс-әрекет етуші сатушылар да кеп. Экономикалық билік таратылғандықтан, үкіметтік жоспарлау мен бақылаудың, экономикалық процеске араласудың қажеттілігі жоқ. Үкіметтің рөлі жекеменшікті қорғаумен шектеледі және еркін нарықтың қызмет ету ережелерін орнату болып табылады. Таза капитализмді жақтаушылары орнатылған төртіп – ресурстарды тиімді пайдалануға, өндірістің тұрақтылығы мен жұмыспен қамтуға қолайлы жағдай жасайды деп есептейді.

Таза капитализмнің полярлық баламасы командалық (екімшіліктік) экономикаға жатады, оның негізін барлық материалдық ресурстардың қоғамдық жеке меншіктілігі құрайды және барлық деңгейдегі шаруашылық үшін экономикалық жоспарлы шешімнің орталықтандырылу арқылы қабылдануы жатады. Жоспарлы және пропорционалды түрде даму қоғамның қазіргі танда күші бар заңы болып есептелінеді.

Өнімді өндірушілер оларды сату күкірткышынан айырылған. Үлестіріп, таратумен мемлекет және оның органдары айналысады. Тауарлар мен қызмет көрсетулерді үлестіріп, тара-

ту жүйесінде мәжбүрлік пен теңгермешілік принципі орын алған. Үлестіріп, таратуға бірінші кластағы тауарлармен қатар сапасыз тауарлар да жатады; тұтынушы мәжбүрлі түрде жіберілген тауарлардан бас тартуға мүмкіндігі жоқ, олай жағаған жағдайда өкімшіліктік санкциялары қолдануы мүмкін. Жағрафиялық, табиғи-климаттық, этникалық, өндірістік және басқа да жағдайларды ескере отыра үлестіру, тарату жүйесін орнату мүмкін емес.

Бұл алғашқыда тиімділіктің кеңеттен төмендеуіне, содай кейін экономикалық жүйенің жалпылық құлдыруына, яғни жалпылық және қатаң өкімшіліктік – командалық басқаруға өкеліп соғады. Шынайы экономикалық жүйенің таза капиталистік түрі де, таза командалық түрі де болмайды. Демек, олар осы полюстар арасында бейтарап қуйінде орналасады. Сондықтан экономикалық жүйедегі нарық үлесі және экономиканы басқарудағы мемлекеттің рөлі туралы сөз етілуі мүмкін. Бұл арақатынас әр мемлекетте әртүрлі екенін ерекше атап өту керек. Экономикалық қатынастың мемлекеттік реттелуі мем жоспарлануын антипод ретінде емес, экономикалық жүйенің бір-бірін толықтыру бастамасы ретінде қарастыру қажет. Тауар өндірушілердің белсенділігін бақылау және құқықтық реттелу қызметін, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік және саяси бағдарламаларды жүзеге асыруын мемлекет өз мойына алуды керек.

1.4. Тауар және тауарлық шаруашылық

Натурал шаруашылықпен салыстырғанда тауарлық шаруашылық күрделі және аса жетілген болып табылады.

– *Тауарлық шаруашылық – бұл еңбек өнімі тауарлардың экономикалық түрін қабылдаган шаруашылықты үйимдестеру түрі болып табылады.*

– *Тауар – бұл пайдалануга немесе әрі қарай сатып алу мақсатында сатып алушыга үсінілгән еңбек өнімі (немесе қызмет түрі).*

Тауарлық шаруашылықта тауар ретінде қызмет көрсету де жатады.

Қызмет көрсету – бір жақ екінші жақтың қандай да бір материалдық өнімдерін иеленуіне мүмкіндік бермейтін түрлі шара мен пайда.

Әр тауар адамдардың түрлі қажеттілігін қанағаттандыратын қабілеттілігі де бар. Бұл тауардың қасиеті тұтынушы құны деп аталады. Алайда кез келген тұтынушылық құн тауар болып табылмайды.

Пайдалы зат табиғатпен немесе адамның еңбегімен жасалуы мүмкін. Тікелей табиғатпен жасалынғаның барлығы (жабайы өскен жемістер, табиги сұаттагы сулар және т.б.) тауар болып табылмайды. Табиғатпен жасалынған тауар болу үшін еңбек күшін салу қажет: саңырауқұлак, жидектерді орманнан теріп алып, әлеуетті тұтынушыға жеткізу керек, өзен мен көлдердегі суларды каналдар арқылы тұтынушыға жеткізу және т.б. Атап айтсақ, тауар – бұл өзі үшін емес, бетен біреудің қажеттілігіне жасалынған өнім (қызмет көрсету), соңықтан тұтынушылық құн қоғамдық сипатта болу керек, яғни тауарды өндірушінің қажеттілігін қанағаттандыру емес, сол тауарды сатып алушы тұлғаның қажеттілігін қанағаттыру керек.

1.5. Тауар айырбастау

Тауар шаруашылығында адамдар өз қажеттілігін айырбастау арқылы қанағаттандырады.

Айырбастау – біреуден қалаған өнімінің орнына ұсыныс жасаған өнімді (қызмет көрсету) алу актісі (шарты).

Мысалы, ет, жұн, тері, ағаш немесе темір және т.б орнына дәнді дақыл ұсыну.

Әр тауардың айырбас құны бар, яғни белгілі бір пропорцияда басқа пайдалы затқа айырбастау қабілеттілігі. Айырбастау жұмыстарын алгебралық түрде ұсынуға болады:

$$x \cdot A = y \cdot B = z \cdot C$$

Бұл пропорцияны былай оқуға болады: « x – тауар бірлігі, A – игрек тауар бірлігі B -ға айырбасталуы мүмкін немесе зат тауар бірлігі C -ға және т.б.»

Жалпы, әртекті тауарлар айырбасталатындықтан пайдалы тауарлардың да, тұтынушылық құны да бір-біріне теңестірілмейі тиіс. Өйткені қандай да бір тұтынушылық құнын дөл сондай қүнгә айырбастаудың еш мағынасы жоқ. Тенестірілген заттар көлемі жағынан да кей жағдайда сәйкес келмейді: кей-бір тауарлар метрлөп өлшеме, басқалары килограммен өлшеме-неді және т.б.

Тауарлардың кейбір ортақ қасиеттеріне ерекше тоқталатын болсақ, барлық тауарлар өндірушілердің қоғамдық еңбегімен жасалынғанын, яғни қоғамдық қажеттіліктік қанағаттандыруға бағытталғанын айта кету керек. Осыған байланысты айырбас үйлесімділік негізінде құны бар тауар деп те айтады. Сонымен, құн – бұл заттандырылған тауар мен айырбас жасау негізіндегі қоғамдық еңбек.

Тауардағы тұтынушылық құн мен құнның болуы тауарды жасайтын еңбектің екі жағы бар болуында. Алдымен, ол пайдалы болып табылады, себебі ол белгілі бір тұтынушылық құнды өндіреді, басқаша айтқанда нақты еңбек болып табылады. Бұл, мысалы, қыштан зат жасаушының, ағаш ұстасының, диқаншының еңбекі. Сондықтан мұндай еңбек басқа пайдалы заттарды шығарушы еңбек түрлерінен айырмашылығы бар.

Нақты ерекшелігіне қарамастан, түрлі өндірушілердің еңбектері белгілі бір мағынада бірдей: барлық жұмысшылар еңбекке деген қабілеттіліктері бар, яғни физиологиялық тұрғыдан еңбек күш-жігерлерін бірқалыпты жұмсайды (зерделі қуаттарын және күш-жігер энергиясын жұмсайды). Бұл тұрғыда қарастырылып отырган барлығына бірдей еңбек абстракті еңбек түсінігімен байланыстырылады. Абстракті еңбек – бұл адам энергиясының, физиологиялық шығынның қоғамдық формасы – ми, жүйке, бұлшық ет және т.б.

Корыта келе, тауар өндірушінің еңбегі нақты болып табылады, тауар тұтынушылық құнына ие болады; ал еңбектің, сонымен қатар абстракті болуы тауар құнның болуымен ту-сіндіріледі.

Оз кезегінде тауар өндіруші еңбегінің екіжақтылығы тауар өндірісінде жеке және қоғамдық еңбектің арасындағы қара-ма-қайшылықтың тенденцияларынан түсіндіріледі.

Бір жағынан өндірушінің еңбегі жеке іс, жеке еңбек болып табылады. Әркім өзі анықтайды: не, қалай жене кім үшін өндіретінін. Екінші жағынан, жұмысшылар қоғамдық еңбекпен жүктелген, әйткені олардың ісі түрлі тауарлармен адамның қажеттілігін қанагаттандыру үшін арналған жалпы адами еңбектің кішкене бөлігін құрайды.

1.6. Тауарлы шаруашылықтың негізгі сипаты

Тауар өндірісінің басты нышаны – ол өнім еңбегі тауардың экономикалық формасы болып табылатындығында. Тауарлық өндірістің басқа да қырларын қысқаша сипаттаап өтейік.

Тауарлы шаруашылық анық жүйе болып табылады. Себебі пайдалы заттарды өз қажеттілігі үшін ғана емес, алдымен басқа адамдарға сату үшін, яғни өндірілген өнімдер сол жасалынған шаруашылық күрылым шегінен шығып, нарыққа қарай үмтүлады. Онда өлеуетті және бар сатып алушылар өз қажеттілігін қанагаттандыратын тауарларды сатып ала алады.

Өрі қарай, тауар өндірушілер тауарлы шаруашылықта дара өнім түрлерін немесе күрделі бүйімдардың дара элементтерін дайындауда маманданады. Әлбетте, негурлым тауар өндірушілер сол немесе басқа тауарларды өндіруде маманданған сайын, соғурлым мол табысқа жету мүмкіндігіне ие болады.

Тауарлы шаруашылықта өндіруші мен тұтынушы арасындағы байланыс айырбас арқылы жүзеге асады. Соңдықтан олар жанамалы, жанамалы түрдегі болып табылады және оларды келесідей көрсетуге болады: өндіріс – үлестіру – айырбас – тұтыну.

1.7. Тауарлы шаруашылықтың даму кезеңдері

Тауарлы айырбас пайда бола бастағаннан алғашқы қауымдық тайпалар алдында күрделі міндеттер түрді: айтарлық, мал шаруашылығымен айналысадын бір тайпа артық қалған ет өнімдерін диканшы өсірген деңгे әділетті қалай айырбастай

KR ~

алады? Ол кезде қанагаттанарлықтай жауап ала алмайтын. Себебі түрлі тауарлардың құндық өлшемінің жалпылық мойындалған тәсілі болмаған. Соңдықтан алғашқы қарапайым айырбас – пайдалы затты басқа затқа айырбастау кездесе отырып, бір реттік сипатта болған.

Кесте түрінде былай көрсетуге болады:

$$x \cdot A = y \cdot B,$$

мұндағы A, B – пайдалы зат, ал x, y – олардың мөлшері.

Біртіндеп тауарға түрлі өнімдер жатқызыла бастады. Айтарлық, бір тауардың иесі бір емес бірнеше тауарға айырбастай алғатын, оның әр тауары эквивалент қызметін атқарды.

$$x \cdot A = y \cdot B = z \cdot C = g \cdot D = \dots$$

Бірақ, бұл жағдайда айырбастау қындықтары сақталып қана қойған жоқ, сонымен қатар үдей түсті. Егер, айтарлық, мата қожайыны тері сатып алғысы келеді, ал тері қожайыны ет өніміне зөру болады және т.б. ол кезде айырбас көпсатылы болады немесе мұлдем мүмкін болмай қалады. Мұндай іркілістер қазіргі уақытта да бартерлік саудада болып тұрады.

Өндіріс пен тауарды айырбастау жүйелі түрде бола бастағаннан, әр елде, ірі экономикалық аймақтарда жергілікті сауда орындарында өз эквиваленті пайда болды – ол барлық басқа тауарды айырбастайтын аса өтімді өнімдер (мысалы, шіл құйрығының қылышы, дөңгелек тастар):

$$\begin{array}{c} x \cdot A \\ y \cdot B = g \cdot T \\ z \cdot C \end{array} \quad \begin{array}{c} \nearrow \\ \searrow \end{array} \quad \text{мұндағы } T \text{ -- жалпы эквивалент...}$$

Жалпы эквивалент ретінде арабтар мен гректерде мысалы, мал, ал славяндарда тері пайдаланды.

Әрине, мұндай эквиваленттің пайда болуы кейбір жергілікті жерлерде тауар айырбастауды анағұрлым жеңілдettі, алайда ол айқын қыншылықтарға байланысты:

– оларды сақтау қолайсыз, олар бұзылуға, қартаюға бейім.

- тасымалдау кезінде қолайсыз, оларды өштес топтар, тайпалардың оңай олжасы болуы мүмкін;
- олар езінің тұтынушылық қабілеттілігін, яғни түрлі жағдайларға байланысты алмасу құнын өзгерте алады.

1.8. Жалпыға бірдей айырбастау эквиваленті – ақша

Халықаралық сауданың талабын түрлі жергілікті эквиваленттер қанағаттандыра алмады. Нәтижесінде барлық халықтардың мойындаған жалпыға бірдей бір эквивалент ерекшеленді – ол ақша.

$$\begin{array}{l}
 x \cdot A \\
 y = n \cdot D \\
 z \cdot C \\
 g \cdot E
 \end{array} \quad \begin{array}{l}
 \nearrow \\
 \nearrow \\
 \nearrow \\
 \nearrow
 \end{array} \quad \text{мұндағы } D - \text{ ақша}$$

Ақшаның рөлін орындауға алтын жарады. Ол жалпыға бірдей эквивалент үшін көптеген қажетті қасиеттерге ие – белінгіштігімен, жеткілікті мөлшерлігімен, зор құндылығымен (1 г алтынды өндіру үшін үлкен еңбек шығынын талап етеді). Ақырында мемлекет арасындағы есептесу дара елдердің үлттық валютасымен жүргізілді.

Сонымен, ақша – бұл жалпыға бірдей эквивалент болып табылатын ерекше тауар.

Ақшаның пайда болуымен барлық тауарлы шаруашылықтар сапалы жаңа кезеңге өтті. Тауарлы әлем екі полюсқа белінди: біреуінде тұтынушы құнының барлық жиынтығы, екіншінде – ақша шоғырланды.

1.9. Ақшаның қызметі

Ақша жалпыға бірдей эквивалент болып табылады және бірқатар қызмет атқарады:

1. Құн өлшемін;
2. Айналыс құралының;
3. Жинақ пен қазынаның пайда болу құралының;
4. Төлем құралының;
5. Өлемдік ақшаның.

Құн өлшемі ретіндегі ақшаның қызметі тауар құнын білдіруден тұрады, яғни белгілі бір ақшаның көлемін барлық тауарлардың құнына теңеуден болып табылады. Ақша ойша елес түріндегі мінсіз ақшаны орындаиды.

Ақша айналыс құралы ретінде тауарды айырбастауда делдал ролін атқарады. (Тауар₁ – Ақша – Тауар₂); тауар сатылымын жүзеге асырғаннан кейін (Тауар₁ – Ақша), тауар он-діруші сатылымнан көрген ақшага қажетті тауар сатып алады (Ақша – Тауар₂). Бұл қызметті орындаған кезде ақшы шынайы түрде болуы тиіс; сатып алу жөне сату актісі мерзімге бөлінуі мүмкін. Айналыс процесінде ақша үнемі қолдан қолға ету арқылы еткінші рөлін атқарады. Откіншілікті асыл заттардан тұратын құны толымды ақшаны құны толымды емес ақшамен алмастыруға мүмкіндік береді, мысалы қағаз таңблармен.

Егер сатушы өзінің тауарының ақшасын алып, лезде тауар сатып алуға жұмысамаса, онда ақша жинақ пен қазынаның пайда болу құралының қызметін атқарады. Ақшаның жинағы нарық ауытқуларынан немесе қымбат сатып алуларды қажет ететін ақша жинағынан сақтайты.

Қазынаның пайда болу құралының қызметін шынайы және құны толымды ақшаға орындаі алады. Сонымен қатар, қазынаның жинағы күміс немесе алтыннан жасалынған даңғаза зат түрінде де болады. Қағаз түріндегі ақшаны да жинақтауға болады, алайда олар құнсызданып кетуге бейім келеді.

Инфляция – бұл ақшаның құнсыздануы, олардың сатып алу қабілетінің төмендеуі. Әдетте, инфляцияға бір емес бірнеше өзара байланысты себеп әсер етеді және ол тек бага көтерілуіндеға көрініс таппайды. Сонымен қатар, ашық, бағалық түрімен қатар, жасырын немесе тауарлар бағасының төмендеуінде, тапшылығы жағдайында көрінетін инфляция болады.

Инфляция себептері. Инфляция себептері өр алуан. Өдегте инфляция негізіне ақшалай сұраныс пен тауар салмағының сәйкес келмеуі жатады, яғни, тауарлар мен қызметтерге деген сұраныс тауар айналымы мөлшерінен артады, бұл өндірушілер мен жеткізушілердің шегерме деңгейіне қарамастан, бағаны есіруіне жағдай турызады.

Инфляцияның сыртқы себептері. Инфляция туындауының себептері сыртқы да ішкі де болуы мүмкін. Сыртқы себептерге көбіне-көп сыртқы саудадан түсімдердің қысқаруы, сыртқы сауда жөне төлем балансының теріс сальdosы болады. Еліміздегі инвестиациялық үрдіс отандық экспорттың маңызды статьясы болып табылатын түсті металл және отынның әлемдік нарықтағы бағасының төмендеуін күштейтті. Сондай-ақ, дөнді-дақылдардың елеулі импортты жағдайында астық нарығында қолайсыз конъюнктура айтарлықтай өсер етті деуге болады. Экономика көп жағдайларда сыртқы экономикалық байланыстарға тәуелді болатын елдерде сыртқы фактор (халықаралық сауда жағдайының нашарлауы, сыртқы қарыздың өсуі) инфляциялық процестердің қүшешуінде басым рөлді атқарады. Бұл ретте экспортты арттыру және импортты ауыздықтау саясаты сыртқы нарықтың толығуын және ішкі, көтерме және тұтыну бағаларының өсуін тудырады.

Төлем құралының қызметін тауарды несиеge бергенде, төлемді кейінге шегергенде, салық төлегендеге, еңбекақы бергенде атқарады. Бұл қызмет борыш міндеттемелерін өзара өтеуге мүмкіндік береді, ол қолма-қол ақшаны үнемдеуге мүмкіндік береді. Ақша қызметінің төлем құралы ретінде ақшаның ерекше түрінің – несие ақшасының пайда болуына өкелді. Несие ақшасының негізгі түрлері болып чек, несие карточкасы, вексель, банкнот жатады.

Әлемдік ақша қызметі елдер арасындағы экономикалық байланыстарға қызмет көрсету процесі кезінде атқарады. Бұл жағдайда әлем ақшасының рөлін алтын атқарады. Алайда, қазіргі таңда алтын халықаралық есеп айырысу құралы ретінде монополиялық статусынан айырылды. Әлемдік ақша ретінде айырбасталымды валюта кеңінен қолдануда.

1995 жылдың ортасынан бастап Қазақстан Ұлттық Банкі бағалы қағаздар портфелін қалыптастыру мен дамыту

жұмыстарын жүргізе бастады. Бағалы қағаздар портфелінің жеткіліксіз болуы ашық нарықтағы операцияларда акша саясатын құрал ретінде пайдалануға жол бермеді. Жыл аяғында Ұлттық Банк 650 млн. теңгенің қазыналық векселін иемденді, 1340,4 млн. теңгенің векселі сатылды. Бұл кезеңде Ұлттық Банк сатып алғанға қарағанда, мемлекеттік бағалы қағаздарды көтеп сатты. Бұл экономикадан ақшаны алу саясатын білдіреді, сейтіп акша ұсынысы қысқарады. Қазіргі уақытта (2000, 2001 жж.) банк ресурстары ұлғайып, қаржы қаражаттары ағынының мемлекеттік бағалы қағаздарға кетуі тәменеді, бұл экономикадағы несие қөлемінің өсуіне өкеледі. 1996 жылдан 2000 жылға дейін ол 6,3 есе өскен.

Тарихи «айырбасталым» термині қағаз ақшаны алтынға еркін айырбастауды білдірген. Қазіргі таңда айырбасталым валютасы халықаралық төлемдерде қолдану мүмкіндігін, басқа валютаға еркін айырбастау мүмкіндігін, азаматтардың шетел валютаны иемдену құқығын білдіреді.

1.10. Экономикадағы ресурстардың сипаттамасы

Іс-әрекеттердің түрлі түрін орындау үшін адамдар әртүрлі ресурстарды пайдаланады. Бірақ бұл ресурстар, яғни қолда бар түрлі құралдар, құндылықтар, қорлар, мүмкіндіктері шектеулі.

Адам негізінен мүмкіндіктің шектеулі өлемінде өмір сүреді. Оның күш-куат және интеллектуалды мүмкіндіктері шектеулі. Бұдан басқа да істерге көңіл бөлуге уақыттың шектелуі, сондай-ақ, басқа да мақсаттарға жету үшін пайдаланатын құралдардың шектелуі. Дара адамға емес, барлық қоғам, тіпті планетарлық масштабта қарастыратын болсақ та өз амандығына талаптануы да шектеулі. Мындаған жылдар және ғасырлар бойы тарихта адамдар бұл шектеулердің шегін ығыстыра білді. Бірақ бүгінде, болашақта да және өткен кезеңде де қолда бар ресурстардың шектелуі негізгі және бұлтарғынан жағдай болып қалады.

Ресурстардың шектелуінде қатыстылық сипатқа ие. Онда барлық адамдардың барлық қажеттілігін толық және бір-

уақытта қамтамасыз ету мүмкіндігінің шектелуінде. Өдette-гідей, алдымен бірінші кезектегі мүмкіндіктер қанағаттан-дырылады – тағам өнімдерінде, тұрғын үйде, деңсаулығының сақталуында және қоғамның аманшылығында. Алайда ол үшін түрлі мақсаттар арасында ресурстарды онтайлы үлестіру және ресурстарды үнемдеп пайдалануды арттыру қажет.

Өндірістік процестерді қамтамасыз ету үшін түрлі ресурстар қажет: материалдық-техникалық, өндектік, табиғи, қаржылық және т.б. Қазіргі таңда аса маңызды потенциалдарға:

1. Қоғамның (мемлекеттің) рухани потенциалы жатады, оған жалпы мәдениет деңгейі, халықтың жасампаз қасиеті (еңбексүйгіштігі, табандылығы, дәстурдің сақталуы, халықтар арасындағы өзара сыйластық, діни және қосылдік шыдамдылық және т.б.) кіреді. Бұл потенциал халықтың психикалық және күш-куат саулығымен анықталады.

2. Мемлекеттің интеллектуалды потенциалына рухани потенциалдың бір бөлігі және тұрғындардың жалпы білім беру деңгейін анықтау жатады. Интеллектуалды потенциалдың маңызды элементтерінің бірден-бірі білім беру жүйесі мен кадрлардың біліктілігін көтеру болып табылады.

3. Рухани потенциалдың құрамдас бөлігіне ғылыми-техникалық потенциал жатады, оған тек қана ғылым мен техниканың даму ғана емес, көсіби білікті ғылыми жұмыспылардың, инженерлердің, жұмыспылардың құрамымен сипатталады.

4. Ақпараттық потенциалға қоғамның барлық саласында нәтижелі қолдануға жарамды жүйелі және топтастырылған ақпараттан тұрады.

5. Экологиялық потенциал – табиғи жүйені сақтау дәрежесімен, су ортасының дәрежесімен, ауа алабымен сипатталады. Экологиялық потенциалы төмен ортада ауылшаруашылық және өндірістік өнеркөсіпті нәтижелі құру және дамыту мүмкін емес.

Қазіргі уақытта ресурстық қамту қоғамда бар потенциалдармен байланыстырады. Ғылыми техниканың қарқынды етек алудың байланысты ғылыми-техникалық потенциал, сонымен қатар, технологиялық жүйені құрайтын техникалық

потенциал маңызды болып табылады. Жоғары техникалық потенциалдар мен ғылыми техникалары бар елдер (Жапония, Сингапур, Корея, Голландия және т.б) үлкен шикізат ресурстары бар елдерге қарағанда үлкен жетістіктерге анағұрлым тез жетеді. Елдің дамуы, өз ғылыми-техникалық потенциалын көтере отырып, басқа елдің үлкен ғалымдарын өзіне тартуына байланысты, алайда бұл халықаралық күрделі проблемаларға әкеle бастады.

Ресурстарды шектеу салдары оларды қолдану бәсекелестігі болып табылады. Ол ресурстарды альтернативті мақсаттар арасында қолдану бақталастынын құрайды. Себебі, ресурстардың барлығын түрлі мұқтаждықты қанағаттандыру үшін қолдануы мүмкін. Мысалы, мұнай-жанар жагармайды, синтетикалық талшықтар, бояғыштарды, жуғыш заттар және т.б. алу үшін шикізат қызметін атқарады. Бұдан басқа мұнай экспортынан және мұнайдан қайта өндөлгөн өнімдерден алынған валюталық табысты азық-түлік, медикаменттер, женіл, тағам, химикалық өнеркәсіпке қажетті жабдықтарды сатып алуға пайдаланады. Бұл альтернативтік мақсаттар көлемі жағынаң шектелген шикі мұнайды қолдану үшін бәсекелеседі.

Басқаша айтқанда, қоғам алдында да, дара адам алдында әр кезде түрлі бәсекелестік мақсатта шектеулі ресурстарды пайдалану тәсілдері мен бағыттарды таңдау міндетті тұрады.

Бұл міндеттерді шешу әдісі экономика ғылымының пәніне кіреді.

1.11. Экономиканың іргелі міндеттері

Қоғамға күштеп міндең шектелген қолма-қол ресурстардан таңдау кезінде адамдар үш іргелі міндеттерді шешу қажеттілігімен кездеседі:

1. *Не?*, яғни қандай мәлшерде қандай тауарларды өндіру қажет?
2. *Қалай?*, қандай шектелген ресурстар мен тәсілдердің көмегімен адам иғлігіне қажеттіні өндіруге болады?
3. *Кім үшін?* бұл шектелген иғліктерді өндіріледі?

Сонымен, қазіргі тілде экономиканы «шаруашылық» сөзінің синонимі ретінде және экономиканы ретінде қарастырады. Экономикағының анықтама берейік.

Экономика – бұл адамдар мен қоғамның түрлі өнімдер мен қызметтерді өндіру үшін шектелген ресурстарды пайдалану тәсілдерін таңдау және оны адамдар арасында тарату туралы ғылым.

Экономикалық өмірдің құбылыстары мен процестерін танысу деңгейіне байланысты микроэкономика мен макроэкономикага беледі.

Микроэкономика фирма, банк, сала, өндіріс және т.б. құрылымдар мен дара элементтердің беталысын зерттейді. Макроэкономика экономиканы біртұтас экономика ретінде қарастырады.

Бақылау сұрақтары

1. «Экономика» сөзінің грек тілінен аудармасы?
2. Еңбек дегеніміз не?
3. Мұқтаждық дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
4. Қажеттілік пен мұқтаждықтың айырмашылығы неде?
5. Ресурс дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
6. Натуралды шаруашылық дегеніміз не?
7. Қоғамдағы шаруашылықтың түрлері.
8. Натуралды шаруашылықтың негізгі сипаттартары қандай?
9. Тауарлы әлемнің түрлері.
10. Ақша эквивалентінің қызметі.
11. Несие ақшаның негізгі түрлерін ата.
12. Ақшаның рөлі неде?
13. «Айырбасталым» термині нені білдіреді?
14. Қазына құралының қызметі қандай?
15. Экономикадағы ресурстардың сипаттама беріңіз.
16. Өндірістік процестерді қамтамасыз етуге арналған ресурстар.
17. Экологиялық потенциал дегеніміз не?
18. Экономикағының анықтама беріңіз.
19. Экономиканың іргелі міндеттерін шешу қажеттіліктері.
20. Микроэкономикағының нені зерттейді?

ІІ бөлім. ӨНДІРУ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ НЕГІЗІНІҢ БІРІ

2.1. Қоғамдық өндірістің негізгі факторлары

Адам цивилизациясының дамуының негізіне қоғамдық өндірістің ілгерілеуі жатады. Ол алғашқы адамның қарапайым еңбек құралының көмегімен тамақ табуынан бастап, жаңа техниканың үстемдігіне дейінгі дамудың үзақ жолынан өтті. Сонда да қандай да болмасын өндіріс, соның ішінде, жаңа заманауи кейбір ортақ шектерімен де сипатталады. Сондай-ақ, өндірістің нәтижесін ескере отырып, еңбек процесі ретінде де қарастыруға болады. Өндіріс үш негізгі факторлардың өзара өрекеттесуін топшылайды, олар: еңбек заттары, еңбек құралдары және адамның жұмыспы күші.

Еңбек заттары – бұл адамның қайта жаңыртуға үмтімдатын болашақ өнімдердің материалдық негізін құрайды.

Адамның табигаттан табатын еңбек заттарын алғашқы деп есептеу орынды. Адам еңбегі ықпал еткен сібек заты шикі материал немесе шикізат деп аталады. Жаңа заманауи жағдайда еңбек заттарының көпшілігі алдыңғы еңбек өнімі болып табылады. Өндіру процесінде түрлі қосымша материалдар қолданылады, олар негізгі материалдарға белгілі бір қасиет беру үшін қосылады, я болмаса еңбек құралдарын жөндеу немесе қызмет көрсету үшін пайдаланылады.

Еңбек құралы – бұл адамның еңбек қызметіне ықпал етуші болып табылады.

Еңбек құралына алдымен еңбек құрал-саймандары жатады, яғни түрлі приборлар, көліктер, жабдықтар, құралдар. Еңбек құралына, сондай-ақ инфрақұрылым жатады – жолдар, көшірлер, арықтар. Жалпылық еңбек құралына жер, ал ауылшаруашылықта өнімді өндіру процесінде еңбектің негізгі құралы және заттың жатады.

Өндіру процесінің нәтижесі – өнім.

Өндіру қоғамдық сипатты білдіреді, себебі адамдар өр кезде басқа адамдардың енбегінің нәтижесін тікелей немесе жанама түрде пайдаланады. Адам басқа адамнан мұлдем оқшау бола алмайды.

Еңбек заты мен еңбек құралдарының жиынтығы еңбек құралдарын құрайды. Өндіріс процесі кезінде, үlestіру, айырбастау және тұтыну, түрлі жағдайда адамдар өзара қоғамдық қатынасқа түсуге мәжбүрлі, сондықтан оны өндірістік қатынастар деп атайды.

Өндіріс процесі орындалу үшін белгілі бір факторлардың болуы қажет, олар материалды-заттай және жекеше фактор. Материалды-заттай факторға өндіріс құралдары жатады. Жекеше факторларға – жұмысшы күшін құрайтын қызметкерлер жатады.


Жұмысшы күші – ол адамның еңбекке деген қабілеттілігі, адамның өндіру процесінде қолданатын рухани және күш қабілеттілігінің жиынтығы.

Қызметкерлер тек жұмысшы күші ғана емес, алдымен – ол тұлға.

Өндірістік қатынастар өндіріс күштерімен үздіксіз байланыста (2.1-сурет). Өндіру күштерінің дамуы алдымен, еңбек құрал-саймандарын жетілдіруді қажет етеді, ол көне өндірістік қатынастарды жаңа қатынастармен алмастырады. Өндірістік қатынастар, алдымен, өндірістік күштерге ықпал етеді: олар өндірістің өсуін тежейді немесе оның дамуын қарқыннатады.

Өндірісті жай ғана оның элементтер жиынтығы, яғни жұмысшы күші, еңбек заты мен құралдары ретінде қарастыруға болмайды. Олар күрделі өзара өрекеттесу жүйесін құрайды. Ал өр күрделі жүйе оның жай элементтерден сапалылығымен ерекшеленеді. Өндірістің негізгі факторларының арасындағы өрекеттесу – технологиямен білдіреді. Технологияның екі анықтамасын келтірейік – қысқаша және толық.

Технология – өнімнің пайда болу өдісінің, тәсілінің жиынтығы. Дәл осы анықтама қысқа және жалпы болып табылды. Толығырақ анықтама: технология – бұл өдіс, тәсілдердің жиынтығы, еңбек заты мен құралдардың бірігуі, өнімді дайындау процесінде белгілі бір құрал-сайманды қолдану жо-



2.1-сурет. Өндіріс тәсілі

лынын мүмкіндігі. Бұл анықтама әр накты жағдайда айқындауды қажет етеді, себебі түрлі өндіруде түрлі құрал-саймандар қажет, әсіресе еңбек заттары, өндіріліп жатқан өнімдер өзіндік ерекшеліктеріне ие және т.б. Мысалы, наң пісіру, киім тігу, мұнайды өңдеу технологияларының сапалалары өртурлі. Технология өндірісте үлкен роль ойнайды: шығарылып жатқан өнімдердің көлемінің артуын анықтайды, оның сапасын және түрлі қолданыстағы тауарлардың қоғам қажеттілігін қаннаттандыру болып табылады.

Еңбек – бұл білімнің, дағдының, біліктіліктің, адамның ойлау және күш-қайраттың қабілеттілігі, яғни тауар мен қызмет көрсетуді өндіруде пайдаланатын жұмысшы күші. Жұмысшылардың біліктілігін көтеру «адам капиталының» білім беру процесі ретінде қарастырылады.

Капиталдың екі түрі болады: өндірістік және қаржылық. Өндірістік капиталға адамның қурастырған барлық өндірістік құралдар жатады, мысалы, ғимараттар, құрылыштар, жабдықтар, көліктер, сондай-ақ, алғашқы өңдеуден өткен жартылай фабрикаттар мен материалдар.

Қаржылық капиталға ақша құралдары жатады, олар өндірістік капиталды сатып алу үшін тартылады.

Табиғи ресурстар (жер) – бұл өндіріс процесінде адамның қолданатын ресурстары. Оған: орман, өнделетін және басқа да жерлер, жер қойнауларының қорлары, су, құрлықтың, теніз-дің тірі ресурстары және т.б.

Көсіпкерлік қабілеттілік – бұл адамдардың шешім қабылдай алатын және төуекел ете білу қабілеттілігі.

Көсіпкерлік қабілеттілік өндіріс процесінде барлық факторларды бір жүйеге біріктіреді. Алайда бұл қабілет адамдардың барлығы төн қасиет емес, сондықтан көсіпкерлік таланттың бір түрі болып табылады.

Өндіріс факторы өр кезде біреуге тиесілі болды, және осы факторлардың меншік иесі осы пайдаланудан табыс табуды көздейді. Еңбектің меншік иесі табыс көзін жалақы түрінде алуды көздейді, капитал иесі – табысты капиталдан түсетін пайыздық түрінде, табиғи ресурстардың меншік иесі – табысты рент түрінде, көсіпкерлік қабілеттіліктің меншік иесі – табыс көзін пайда түрінде түсіруді көздейді.

2.2. Өндірістің негізгі факторлары: тағы бір топтама

Қазіргі таңда батыс экономикалық өдебиеттерінде өндіріс факторының басқа топтамасы кең етек алды. Бұл топтамага сейкес өндірістің негізгі факторларына еңбек, капитал, табиғи ресурстар және көсіпкерлік қабілеттілік жатады.

Қазақстан Республикасында бизнесі қаржыландыру фирмалары меншікті және қарызы қаражаттарының үйлесімді сәйкестігінің классикалық сыйбасымен түсіндіріледі.

Көсіпорының меншікті қаражаттарының негізгі көзі таза пайда болып табылады. Кестеде ҚР-ның ұлттық шаруашылығының жетекші салаларының таза пайдасының сандық сипаттамалары көлтірілген.

Сондай-ақ, меншікті қаражаттарды толықтырудың қосымша көзі – эмиссия және көсіпорын акцияларын сату.

2005 жылы мемлекеттік емес құнды қағаздардың айналысқа шығарудың жалпы көлемі 2382 млрд. теңгені құрады. Корпо-

ративтік құнды қағаздың жалпы көлемінің 1822,2 млрд. теңгесін құрайды немесе 76,5%. Акцияның жалпы көлемінде жай акциялардың 96,6%-дық үлесіне, артықшылықты акциялардың 3,4% үлесіне тең.

Қазақстан Республикасындағы корпоративтік сектор негізі тәжірибе жүзінде қаланды. 250-ге жуық ірі компаниялар жумыс атқарады, республика бойынша өндірілген өнім көлемінің 77%-дан астамы солардың үлесіне тиеді. Олардың ішінен 4 түрге бөлуге болатын 100-ге жуық ірі корпорацияларды ажыратуға болады:

1) Үлттық компаниялар («ҚазМұнайГаз» ҮК, «КЕГОК» ҮК, «Қазақстан Темір жолы» ҮК, «ҚазТрансойл» ҮК және т.б.).

2) Жеке жобалар бойынша жекешелендірілген және мемлекет құрылтайландырылған акционерлік компаниялар («Испат - Кармет» АҚ, «ҚазАқмыс» ААҚ, «Қазқырыш» ААҚ, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ және т.б.)

3) Нарықтық өзін-өзі үйымдастыру негізінде құрылған жеке корпорациялар («Казкоммерцбанк» ААҚ, «ҚазақстанКаспийшельф» АҚ, «БанкТұранӘлем» АҚ (және т.б.).

4) Қазақстандық ТҮК «Тенгиз шеврон» (Chevron) СП, «ОКТОС» АҚ, «Алматы темекі фабрикасы» АҚ (Philip Morris) және т.б.

Аталған корпорациялар үлесіне Республиканың салық төлемдері мен ЖКІӨ-нің елеулі бөлігі кірді. «Казкоммерцбанк», «Халық Банкі», «ТұранӘлемБанк» сияқты корпорациялар әлемдік рейтингке кірді, ал «Қазақтелеком», «Шымкентнефтесинтез», «Өскемен титан-магний комбинаты», «ҚазАқмыс», «ҚазАқмырыш» сияқты кәсіпорындардың құнды қағаздары әлемдік қор нарығында жүзеге асырылды.

Қазақстандық корпорациялар жарғылық капитал мен нарықтық капиталданырудың төменгі деңгейлерін ажыратады (жинақталған таза кіріс). «Корпорация ҚазАқмыс» АООТ қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері 1998 ж. 1 қазандығы 1998 ж 9 ай есебімен алынған. «Алюминий Казахстан» АООТ-тің көрсеткіштері 1999 ж. 1 сәуір есебімен көлтірілген.

Әлемдік нарықта трансұлттық корпорациялармен бәсекелестікке түсін капиталданыру деңгейі 1 млрд. долларда

жоғары болуы қажет. Мұндай деңгейге ҚР-ның корпорацияларының ешқайсысы да жете қойған жоқ.

Капиталданырудың (пайданың) жеткіліксіз деңгейі экономиканың өнеркәсіптік секторын іштей инвестициялау көзін толық мөлшерде пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Корпоративтік бағалы қағаздардың белгілі мөлшердегі активті тұрақтануы 1996 ж. жарияланған үкіметтік бағдарламасымен байланысты.

«Қазақстандық Көк фишкалар» бағдарламасы – бұл «Бағалы қағаздарды биржалық сатуды активтендіру шаралары туралы» ҚР Үкіметінің №1538 қаулысымен ұсынылған шаралар кешенінде шартты аталуы. Осы бағдарлама негізінде Қазақстан кесіпорындарының үздіктері жекешелендірілді. Қазақстанның бағалы қағаздарының нарығында «көк фишкаларға» негұрлым танымал компаниялардың қарапайым акциялары жатады.

«Көк фишкалар» бағдарламасы кесіпорындарының қатарына мұнайгаз компаниясы, банк жүйесі, телекоммуникация саласы, өндіру және өндіріске өнеркәсібі салалары, электр тораптары және т.б. саладағы ірі акционерлік қоғамдар кіреді.

Олардың ішінде «Қазақтелеком», «Маңғыстаумұнайгаз», «Өскемен титан-магний комбинаты», «ҚазМұнайГаз» үлттық мұнай-газ компаниясы, «Соколов-Сарыбай» тау-кен өндірісі, «Казхром», «АқтөбеМұнайГаз» және т.б. бар.

Қазақстан кесіпорындары қызметін қаржыландырудың сыртқы көздеріне төмендегілер жатады:

- Қарыз қаражаттары: корпоративтік облигациялар, ұзақ және қысқа мерзімдік банк несиелері мен басқа да қаржыландыру үйімдарының несиелері.

- Бюджеттік қаражаттар: субсидиялар, дотациялар, мақсат-қа байланысты қаржыландыру және мемлекеттік несиелер.

Кесіпорын қызметін қаржыландырудың сыртқы құрылымындағы облигациялық қарыздардың үлес салмағы ете елеулі емес, 2001 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша корпоративтік бағалы қағаздардың жалпы көлемінің 9%-ын құрайды. Облигациялар негізінен екінші деңгейдегі банктарде шығарылады.

2.3. Қоғамдық қызметтің құрылымы

Қоғамдық қызметтің нәтижесі ретінде наң, мата, автокелік өнімдері ғана жатпайды, сонымен бірге ғылыми-техникалық, конструкторлық құжаттар, әдістемелер жатады, онда жаңалықтың сипаттамасы, адамдардың білімі мен тәжірибесі жарияланады. Адамның белгілі бір қажеттілігін қанағатандыру үшін өндірілетін тауарлармен қатар, өндірістің қалдықтары мен қалған-қутқан тастандылары да пайда болады.

Кешегі уақытта дейін адамның бұл жағымсыз іс-әрекетіне көп көңіл бөлінбей келді, ақырында жағымсыз салдарға: табиғаттың ластануы, тұрғындардың денсаулығының нашарлауы, биологиялық түрлерінің жоғалуына әкелді. Ластау және қирату экологиялық катастрофа масштабында сипат алды. Қазіргі таңда шикізатты пайдалануда және өндіріс қорытындысын кешенді қолдануға көп көңіл бөліне бастады. Мысалы: күкіртті қызылды өндіруде негізгі шикізатпен қатар басқа да өндіріс қалдықтарын қолданады. Шойынды өндіру процесінде пайда болатын қождарды цемент, бетон, арзан сортты әйнектерді жасау үшін қолданылады.

Өндірістің мақсаты тек қана материалдық өнімдерді немесе энергияны алу ғана емес, сонымен қатар қызмет көрсету де болып табылады. Қызмет көрсетуді еңбектің іс-әрекетінің түрі ұсынуға болады.

Қоғам өндірісінің құрылымы салалардың жиынтығы ретінде қарастырылады, ал сала көсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы. Қоғамдық өндірісте материалды және материалды емес өндірісті бөлуге болады.

Материалды өндіріске келесі салалар жатады:

1. Өнеркәсіп;
2. Ауылшаруашылық;
3. Транспорт;
4. Байланыс;
5. Құрылыш;
6. Геология және жерасты байлықтары;
7. Су шаруашылығы;
8. Сауда және қоғамдық тамактану;

9. Үй-коммуналдық шаруашылық жөне тұргындарға тұрмыстық қажетін өтөу;

10. Материалды-техникалық қамту жөне өткізу;

11. Басқалары;

Материалды емес өндірістің саласына жатады:

1. Денсаулық сақтау, дene шынықтыру жөне өлеуметтік қамту;

2. Білім беру;

3. Мәдениет жөне өнер;

4. Фылым жөне ғылымға қызмет көрсету;

5. Несиелеу жөне сақтандыру;

6. Басқару;

7. Қоғамдық үйимдар;

8. Басқалары.

2.1-кестеде қоғамдық өндірістің құрылымы көрсетілген.

Материалды өндіріс материалды игілікті өндіретін салалардан тұрады (өнеркәсіп, ауылшаруашылық, құрылыш), сондай-ақ материалдық қызмет көрсету (транспорт, сауда, коммуналдық қызмет, тұрмыстық қажетін өтөу – киімдерді жәндеу жөне тігу, жуу, химиялық тазарту жөне т.б.)

Материалды емес салаларда ерекше материалды емес игіліктер өндіреді (рухани құндылықтар), сондай-ақ материалды емес қызметтер көрсетеді. Оған денсаулықты сақтау, дene шынықтыру, ғылыми кеңес жатады. Материалды жөне материалды емес қызмет көрсету жалпы қызмет көрсету аясын құрайды. Инструстриалды жоғары дамыған елдерде қызмет көрсету аясы қоғамдық өндірістің үлкен көлемін құрайды.

2.1-кесте

Тауарды топтастыру кестесі

Қоғамдық өндіріс			
Материалдық өндіріс	Материалдық емес өндіріс	Материалдық емес өндіріс	Материалдық емес өндіріс
Материалдық өндірістің пайдасы	Материалдық қызмет көрсету өндіріс	Материалдық емес қызмет көрсету өндірісі	Материалдық емес игіліктер өндірісі
Қызмет көрсету аясы			

Тауарларды тұрғындардың қажеттілігін тікелей қанағаттандыру үшін арналған тұтынушы (жеке пайдалануға) және өртүрлі кесіпорындар мен үйымдар сатып алғатын өндіріске арналған деп болуға болады. Оларды кейде инвестициялық тауар деп те атайды. Тауарларды топтастыру 2.2-суретте көлтірілген.

Жеке пайдалану тауарлары келесі топтарға бөлінеді:

1. Ұзақ мерзімді пайдаланатын тауарлар – бірнеше қайтара қолданатын және сирек сатып алынатын материалды өнімдер. Бұндай тауарларға автокөлік, тоқазыңқыш, жиһаз, киім жатады.

2. Қысқа мерзімді пайдаланатын тауарлар – бір немесе бірнеше циклмен толығымен тұтынатын және жі сатып алынатын материалдық тауарлар. Мысалы: тамақ өнімі, жуу құралдары.


3. Ерекше сұраныстағы тауарлар – сатып алу үшін сатып алушылардың көп бөлігі қосымша күш және шығындар жұмсауға дайын бірегей сипаттағы және дара тауарлар жатады: коллекциялық құндылықтар, өнер туындылары және т.б.

4. Қызмет көрсету. Қызмет көрсету сезілмейтін болып табылады. Оны сатып алғанға дейін көрү, дәмін тату, есту, иісін сезу мүмкін емес. Осы қасиетімен материалды өнімдерден ерекшеленеді.

Өндіріске арналған тауарлар келесідей бөлінеді:

1. *Негізгі жабдық*. Бұл топтағы тауарларға көліктер, өнімді өндіруге тікелей байланысты басқа да жабдықтар жатады. Көлік төрт компоненттен: еңбек құрал-сайманын іске қосатын жұмысшы көлігінен; көлікті энергиямен қамтамасыз ететін қозғалтқыштан; жұмысшы көлігіне қозғалтқыштан энергияны жеткіzetін қызметкерден; есептеуіш техниканың құрылғыларын пайдалана отырып, басқару жүйесінен тұрады.

2. *Қосымша жабдықтар*. Бұл өнімді өндіруге тікелей қатыспайтын, алайда өндірге көмектесетін жабдық. Егер негізгі жабдық әмбебап болатын болса (түрлі саладагы кептеген кесіпорындардың пайдаланатын), сондай-ақ мамандандырылған (дара кесіпорындардың пайдаланатын), онда қосымша жабдық негізінен әмбебап болып табылады. Қосымша жабдықтың мысалы ретінде қол құралдарын, жүк тиегіш көліктерін, жазу үстелін жатқызуға болады.



2.2-сурет. Тауарлардың топтастырылуы

3. *Түйін және агрегаттар.* Дамыған экономика үшін бір көсіпорының шикізаттан дайын бүйымға дейін барлық өндірістік циклін атқару мүмкін еместігі тән сипат. Әдетте, өндірістік процесс бірнеше көсіпорындармен атқарылады, оның әрқайсысы бір немесе бірнеше өндірістік операцияларды орындаиды. Ақтық өнімді дайындау операциясына жақындаған сайын өндірістік процесс дайын түйіндер мен агрегаттардың құрастырылуы болып табылады.

Түйін белгілі бір функцияны кешенді орындайтын бірнеше тетіктердің қосындысы болып табылады. Агрегат – бұл технологиялық процесте белгілі бір функцияны орындайтын және өзара аламастыру қасиетіне ие, яғни оның орнына басқа соған үқсас агрегат қоюға болатын іріленген түйін. Мысалы: дисплей, көлік дөңгелегі.

3. *Негізгі материалдар*. Ол жасалатын өнімнің материалды – заттай негізін құрайды, мысалы: металл, үн және т.б. Негізгі материалдардың түйін және агрегаттармен үқсастығы – олардың дайын бүйымдардың құрамына кіретіндігінде. Алайда, негізгі материалдардың түйіндер мен агрегаттардаң айырмашылығы – дайын бүйымдарда олардың байқалмайтындығында.

4. *Қосымша материалдар*. Олар өнімнің материалды неғізі болып табылмайды, алайда негізгі материалдарға белгілі бір қасиеттерді үстемелеу үшін қосылады (сыр, лактар) немесе еңбектің негізгі қуралдарын жәндеуге және оған қызмет көрсетуге пайдаланады (майлау материалдары, сұртетін материалдар, жуатын қуралдар).

5. *Шикізат тауарлары*. Олар көптеген көсіпорындарға алғашқы материалдар болып табылады. Бұл материалдарды ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы, орман шаруашылығы, тау-кен өндірісі жеткізеді. Әдетте, алғашқы материалдар өндіреу үшін шайдаланады, олардың қолдануын және тасымалдаудың жеңілдетеді немесе қабылданған нормаларға сайретке келтіріледі. Мысалы, өндіру өнеркәсібі көптеген жағдайларда алғашқы өндіреумен және өндірілген тауарды жақсартумен айналысады. Соңдықтан еңбек заттары қандай да бір өндіреу үшін шайдаланады, олар өнеркәсіп үшін шикізат болып табылады.

6. *Өндірістік қызметтер*. Оларға түрлі технологиялық операциялар (мысалы, шындау, ірі габаритті тетіктерді термоциклдік немесе гальваникалық өндіреу, аймақты заарсыздандыру және т.б.) Өндірістік қызметтер көрсету аясы соңғы мезгілде айтарлықтай есті.

7. *Интеллектуалды тауарлар*. Оған сынау, бақылау әдістемесі, технологиялық операцияларды жүргізу, сонымен катар ЭЕМ үшін бағдарламалар, рецептура және т.б. Соңғы уақытта бұл тауарлар нарығында ассортименттердің едәуір ұлғаю тенденциясын байқауга болады.

2.4. Модельдер туралы түсінік. Экономикадағы модельдер

Экономика басқа ғылымдар сияқты кеңінен модельдерді пайдаланады. *Модель* – шынайы құбылыстарды, оқиғаны бейнелейтін, таңбалар, сызулаар, формулалар, кейіптер арқылы жүйелерді, яғни белгілі бір қасиетті жаңғыртушы құбылыстардың аналогы болып табылады.

Сонымен, Жердің белгілі моделіне глобус, жағрафиялық карта жатады. Оқушының моделіне оның құнделігі жатады. Ұшақтардың, қайықтардың, паровоздардың моделіне осыған сейкесінше ойыншықтар жатады. Модельдер мен модельдеу – ғылым мен тәжірибелінің, дүниетанудың маңызды құралы.

Модельдің екі түрін бөлуге болады: материалды және ой моделі. Материалды модельдер – бұл металда, ағашта, әйнекте, биологиялық организмдерде және басқа да материалдық құрылымдарда іске асырылған модель. Олар үш түрге бөлінеді:

1. *Кеңестік тәріздес*. Ол кеңестік қасиеттерді зерттеу үшін арналған – үйлер, зауыт, қала ауданы, транспорт жүйесінің макеттері. Бұндай модельдердің міндетті шарты геометрия тәріздес болуында.

2. *Физикалық тәріздес* – түрлі физикалық байланыстарды жаңадан өндіру мақсатындағы материалдық модельдер.

3. *Математикалық тәріздес*. Бұл модельдер шынайы құрылымның бірыңғай математикалық сипаттауын болжайды.

Ой модельдері де үш түрге бөлінеді:

1. Ауызекі кейіпте құрылатын сипаттамалы.


2. Көрнекілік – кейіптік модельдер, оның кейіптері саналы түрде сезгіштік – көрнекілік элементтермен құрылады. Мысалы: атомның құрылымдық модельдері.

3. Таңбалық модельдер. Бұлар таңба арқылы білдіреді.

2.3-суретте модельдердің жалпы топтамасы ұсынылған.

Модельдеудің соңғы мақсаты модель ретінде зерттеу ғана емес, шынайы құбылысты жаңдандыруы болып табылады. Модельдер зерттелетін құбылыстардың тетіктері мен барлық жақтарын жаңдандыруы мүмкін емес. Экономикалық құбылыстарды және процестерді зерттеу кезінде модельдердің

барлық түрлерін пайдалануы мүмкін. Ерекше орынды көптеңген ғылыми бағыттағы зерттеулердің негізі болған экономикалық-математикалық модельдер мен әдістер алады.



2.3-сурет. *Модельдердің топтауы*

2.5. Мемлекеттің өндірістік мүмкіндік моделі. Таңдау қажеттілігі

Сипаттамалық модельдердің көмегімен бір мемлекеттің өндірістік мүмкіндігін саралап көрелік. Өндірістік мүмкіндік кестесін құру үшін келесі жіберілімді қабылдаймыз:


1. Экономика жұмыспен толық қамтылу жағдайында істейді және өндірістің толық көлеміне жетеді. Өндірістің толық көлемі дегеніміз ресурстардың негұрлым тиімді үлестірілуі болып табылады. Мысалы: белгілі бір мамандықтың және біліктіліктің кадрларын жұмыс профилі бойынша пайдаланады. Сондай-ақ, өндірістің толық көлемі бар технологиялардың алғындықтарын қолдануды қарастырады. Жұмыспен толық қамтылу жұмыссыздықтың жоқтығын, жұмысқа қабілетті тұрғындардың жұмысының бар болуын билдіреді.

2. Бар ресурстардың тұрақтылығы. Өндірістің қолданылған жүрген факторлары саны жағынан да, сапасы жағынан да тұрақты.

3. Өндіріс технологиясы тұрақты ретінде қабылданады, яғни біздің саралтама жасау кезінде ол өзгермейді. Екінші жөне үшінші жіберілім ол біздің қарастырып жатқан экономикалық мәселелердің аз уақытын түспалдайды. Үзак мерзімді үшін техникалық прогрессі алып тастау ақырат емес.

Ел экономикасы өндіретін барлық өнімді екі түрге бөлеміз: 1) тұтыну тауары, яғни біздің қажеттілігімізді қанағаттанудыруға арналған тауарлар; 2) Өндіру құралдары – бұл тауарлар біздің қажеттілігімізді жанама түрде қанағаттандырады.

Таңдау қажеттілігі. Бар ресурстардың жалпы көлемінің шектелу салдарынан өнімді өндіруде экономиканың қабілеттілігі шектеулі, себебі бар ресурстардың жалпы көлемі шектеулі. Ресурстар шектеліп, толық қолданатының таңдау қажеттілігінде үлгайтылуы ресурстардың бір бөлігін тұтыну тауарларын өндіру үшін бағытын өзгертуге қажет етеді. Керісінше, егер біз тұтыну тауарларының өндіру көлемін үлгайтатын болсақ, ол кезде ресурстарды өндірістік бағыттағы тауарларды қысқарту арқылы аламыз.



2.4-сурет. Мемлекеттің өндірістік мүмкіндігінің кестесі

Мемлекеттің өндірістік мүмкіндігінің кестесін қарастырайық. Абсцисс осі бойынша тұтыну тауарының көлемі шығарылған, ординат осі бойынша – өндіру құралының көле-

мі көрсетілген. Бұл көлемді ақша түрінде көлтіреік. Өндіріс мүмкіндігі деп аталатын *ABCD* қисығы, барлық ресурстарды толық және тиімді тұтыну тауарларын пайдаланумен сипатталады.

Демек, бұл қисықтағы өр нүктесінде осы нүктенің белгілі бір және шектеулі комбинация тауарларының көлемін ұсынады. Мысалы, *B* нүктесі тұтыну тауарларының *XB* бірлігінің комбинациялық көлемі және өндіріс құралдарының *YB* бірлігі болып саналады.

А және *D* нүктелерін қарастырамыз. *A* нұсқасын таңдалап алып, қоғам өзінде бар барлық ресурстарын өндіріс құралдарын өндіруге бағыттайты. *D* нұсқасы кезінде бар ресурстардың барлығын тұтыну тауарларын өндіру үшін пайдаланады. Бұл екі нұсқада мүмкін емес, себебі қандай да болмасын экономика тауарлардың өндірістік бағыттағы да және тұтыну тауарларын да өндіру үтіс. Тұргындарды үнемі тұтыну тауарларымен қамтамасыз етіп отыру қажет, ал оны өндіру үшін өндіріс құралдарын қайта жаңғыртуды және кеңейтуді қажет етеді. Айтарлықтай көп ресурстарды өндіріс құралдарын өндіруден тұтыну тауарларын өндіруге ауыстыруға бағытталған саясат қызығарлықтай болғанымен, ол қымбатқа түседі. Уақыт өте келе бұл қоғамның өзіне ауыр соққы болыш тиеді, себебі өндіріс құралдарының қоры ерте ме, кеш пе қысқарады. Нәтижесінде болашақ өндірістік потенциалы төмендейді, сонымен қатар тұтыну тауарларын өндіру мүмкіндігі де төмендейді. *D* нұсқасынан *A* нұсқасына қарай жылжи отырып, қоғам ағымдық тұтынудың өзін-өзі тежеу саясатын таңдайды. Осылай босатып алған ресурстарын өндіріс құралдарын өндіруге пайдаланады, олай болса қоғам болашақта көбірек тұтыну мүмкіндігіне ие болады.

Өндіріс аясының ішіндегі мүмкіндігінің *F* нүктесін қарастырамыз. Бұл барлық ресурстарды нәтижелі және толық өндіргенде алатын өнімнен анағұрлым аз өндіріс құралдарының және тұтыну тауарларының комбинациясынан тұрады. Осындаиды нүктені таңдай отырып, біз пайдаланбайтын ресурстардың барына (мысалы, жұмыссыздықпен) немесе олардың пайдалану нәтижелігінің төмендігіне (мысалы, жұмыс уақыт жоғалту) бой ұсынар едік. *E* нүктесі керісінше, қазіргі таңда бар технологиялар мен бар өндірістік ресурстарды толық пай-

даланғанымен, жобамен өнімді шығаруға мүмкіндігінің жетпеумен сипатталады.

Сонымен, $ABCD$ қисығы, яғни өндірістік мүмкіндіктің шегі, өнімді шығару қалаулы, мүмкін және біруақытты болып сипатталды. Осы қисықта жатқан нұктенің біреуін ең қолайлы дегенін таңдауды қажет етеді. Мысалы: В нүктесінен С нүктесіне откен кезде біз қосымша тұтыну тауарларының $DX = OX_c - OX_b$ бірлігін аламыз, ол үшін өндірістік құралдарының $DY = OY_b - OY_c$ бірлігін құрбан етеміз.

– *Басқа тауарды өндіруді үлгайту бірлігі үшін құрбанықты қажет ететін бір тауардың мөлшерін альтернативті шығын немесе шығынның жиберіл алаған мүмкіндіктері деп атапады.*

$ABCD$ қисығының формасын қарайық. Оның оқынан – төмен қарай дөнес формасы бар. Бұл мынаған байланысты: біреулері өндіріс құралдарын өндіруде кейбір ресурстардың өндірушілік мүмкіндігіне ие болады, ал екіншілері тұтыну тауарларын өндіруде пайдалана алады. Өндіріс мүмкіндігінің шегімен оқынан – төмен қарай жылжи отырып және тұтыну тауарларын шығарылуын үлгайта отырып, өндіріс құрылымын өзгерту үшін өндіріске тиімділігі аз тұтыну тауарларының ресурстарын тартуды қажет етеді. Соңдықтан шығарылатын тұтыну тауарларының әрбір қосымша бірлігі өндіріс құралдарының өндірілуін қысқартуды талап ететін болады. Ось координатына жақындаған сайын альтернативті шығын артуры мүмкін.

2.6. Экономикалық есу

Қоғамның ресурстық мүмкіндігін шектейтін қисық тұрақты болып табылмайды. Қоғам өндірістік мүмкіндігінің шегінен де шығуы мүмкін, яғни оқынан – төменге қарай. Оны өндірістік ресурстарды арттыру есебінен жасауға немесе ғылыми-техникалық прогрестің жетістігі пайдалану есебінен жасауға болады, бұл тауарлардың жоғары сапасын қамтамасыз етеді және осы тауарларды өндіру тәсілдерін жетілдіреді. Өндірудің тиімділігін арттыру отырып, ғылыми-техникалық прогресс өзгермейтін ресурстар мөлшерінен қоғам көп тауар өндіруге мүмкіндік алады.

Экономикалық өсу өнімді көп көлемде өндіру қабілеттілігі болып табылады. Егер ғылыми-техникалық прогресс өндірістің құралдарын өндіретін салаларда жүзеге асатын болса, онда өндірістік мүмкіндіктің шегі 2,5, а-суретте көрсетілгендей, болып өзгерер еді; ал тұтыну тауарларын өндіретін салаларда – қисық 2,5, б-суреттіңде көрсетілгендей болып қозгалар еді. Өндіріс құралдарын өндіретін салаларды өрістететін ғылыми-техникалық прогресс, тұтыну тауарларын өндіретін салаларды да бір мезгілде өрістетеді. Ол үшін кешенді жоспар және ғылыми-техникалық прогрестің болжамы қажет, әсіре се алдыңғы қатарлы технологияларды (2,5, в-сурет). Дәл осы ғылыми-техникалық прогресс қоғамды ресурстармен қамтамасыз етуде негізі болып табылады.

Нарықтық экономикада Әлемдегі сауда-саттықтың ашық турде жүргізілуі қарқынды дамуда (кенейту, жогары өнеркәсіптік шығынның өсуі). Адамның қажеттілігі шексіз. Бірқатар елдердегі халық санының өсуімен қатар, қажеттіліктің артуы тауарлар мен қызмет көрсетудің таралу масштабын кенейтті. Жылдан-жылға артып келе жатқан бұл өндіріс мүмкіндігі экономикалық өсу деп аталады. Экономикалық өсу мемлекеттің өндірістік қуатын жогарылату және ресурстарды тиімді пайдалану кезінде орын алады. Төменде келтірілген әрбір себеп экономикалық өсу болып табылады:

- жұмыс күші санының өсуі;
- енбек өндірісінің артуы;
- техникалық деңгейдің жогарылауы;
- капитал қоры;
- кәсіпорынның құрделі қаржы жұмсалымын арттыру.

Әлемде экономикалық өсу болғанда жаңа мүмкіндіктер қатары ашылады. Тауарлар мен қызметтердің көбеюі тұрғындардың құнкөріс деңгейін жақсартуға сеп болады. Экономиканың өсу, сонымен қатар басқа мемлекеттердің де экономикасына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Экономикасы дамыған елдерде тұрғындардың өсуі орта есеппен 0,3%-ды қурайды, ал дамушы елдерде – 1,7%. Бай және ілгерілеуші елдерде бала туу саны көп болуы қажет, ал іс жүзінде керісінше: дүниеге келушілер санының төмөндігі тұрғындар санын қысқартады. Еуропа елдерінде бала туу санын арттыратын бірқатар шаралар қолданылуда. Мысалы:

туылған өр балаға ақшалай көмек – жөрдемақы беріледі. Ал, Голландияда отбасында екі бала болса, жөрдемақы 400 доллар, шамамен алғанда орташа еңбекақының 1,3 белгі тәленеді. Бала туудың төмендеуі және бала өлімі әйелдердің өмірге бала әкелу-әкелмеу таңдауын жоғарылатуда.

Қазіргі таңда Қазақстандағы тұрғындар саны артып келеді. ҚР ҮӘМ Статистика комитетінің мәліметі бойынша, ҚР-да 2015 жылы 397 мыңдан астам бала дүниеге келді.

«2015 жылы Қазақстан Республикасында АХАТ органдарымен 397 634 тұғандар тіркелді, сонын ішінде қалалық мекендерде – 225 383 адам, ауылдық – 172 251 адам. Тұғандардың 51,5%-ы (204 868) ер балаларды және 48,5%-ы (192 766) қыз балаларды құрады. Тұган кездегі жыныстардың арақатынасы 100 қыз балаға шаққанда 106,3 ер баланы құрады», – делінген хабарламада.

2005 жылмен салыстырғанда тұғандар саны 42,5% (ер балалар – 42,7%, қыз балалар – 42,3%), қалалық мекендерде – 37,5%, ауылдық мекендерде – 49,7% артты.

Туудың жалпы коэффициенті (1 000 тұрғынға шаққандағы тұғандар саны) 2015 жылы 22,66 промиллеі құрады және 2005 жылмен салыстырғанда 4,24 промиллелеге (2005 ж. – 18,42) артты. Қалалық мекендерде осы көрсеткіш 22,61 промиллеі (2005 ж. – 18,94), ауылдық мекендерде – 22,73 промиллені (2005 ж. – 17,72) құрады.


Қазақстан өндірлерінің ішінде туудың ең жоғары деңгейі Маңғыстау (1 000 тұрғынға шаққанда 31,25 тұғандар), Оңтүстік Қазақстан (29,00) облыстарында және Астана қаласында (30,23) байқалды. Ең төменгі көрсеткіш Солтүстік Қазақстан (14,23), Қостанай (14,44) және Шығыс Қазақстан (16,37) облыстарында көрініс тапты.

Барлық үрпақты болу кезеңінде (15-49 жас) бір әйелдің орта есеппен алғанда дүниеге әкелген балаларының санын көрсетін туудың жиынтық коэффициенті (ТЖК) 2015 жылы 2,73 құрады және 10 жыл ішінде 23,0% есті (2005 ж. – 2,22). Қалалық мекендерде ТЖК 16,7%, (2015 ж. – 2,52; 2005 ж. – 2,16), ауылдық мекендерде 31,8% есті (2015 ж. – 3,07; 2005 ж. – 2,33).

Елдің өндірлері бойынша ең жоғары ТЖК Маңғыстау (3,75), Оңтүстік Қазақстан (3,68) облыстарында, ал төмен деңгейлері

Алматы қаласы (1,74) мен Қостанай (1,78) облысында байқалды.

2015 жылы өйелдердің бала туу кезіндегі орташа жасы 28,2 жасты құрады және 10 жылда 0,5 жасқа (2005 ж. – 27,7 жас) үлгайды, ал қалалық мекендерде – 0,9 жасқа, ауылдық мекендерде 0,1 жасқа үлгайды (www.primeminister.kz веб-сайтынан)




2.5-сурет. Өндірістік жүмкіндіктерін шыгарылымды үлгайту бағытында кеңейтілуі:

- а) өндіріс құралдарын өндіру; б) тұтыну тауарларын өндіру; в) өндірістік құралдарды және тұтыну тауарларын өндіру*

2.7. Бага түсінігі

Бага – тауарды сатып алеғанда төлеменетін ақша сомасынан тұрады.

Сатып алушының көзқарасынан қарағанда бага – бұл қалаулы тауарын сатып алу үшін шығындартын шығын. Егер өндірушінің көзқарасымен қарастыратын болсақ, ол тауар шығынын етеуі және пайдамен қамтамасыз етуі тиіс.



2.6-сурет. Шынайы баганың шегі

Өндіріс шығыны – бұл өнімді дайындауға кеткен шығын.
2.6-суретте қалдық шығыны көлтірлген.

Өндіріс процесі материалдық-заттай және жеке фактордың қолда бар болуын талап етеді. Сондыктan көсіпорындар үшін өндірістік шығыны өндірістік құралдар және жұмыспышларға енбекақы төлеу ретінде қарастырылады. Бұл шығының ақшалай білдірілуі өзіндік құн деп аталады. Көсіпорынның шығының тұрақты және өзгермеліге бөлуге болады. Тұрақты шығыны өндірілген тауар бірлігінің мөлшеріне төуелді емес. Бұл ғимаратты, құрылыштарды, жабдықтарды пайдалануға

жіберілген шығын, көсіпорынды басқару шығыны және т.б. Өзгермелі шығыны өнімді шығару көлемінің езгеруімен өзгеді. Бұнда материалдарға, тікелей көсіпорындар жұмыс жасайтын жұмысшыларға етбекақы төлеуге кеткен шығындар жатады. Мысалы, мектеп оқулықтарын шығару үшін қосымша қағаздар қажеттілік етеді.


Жалпы алғанда, шығын тұрақты және өзгермеліге жатуы, зерттелу кезіне кеткен уақыт кезеңінің ұзақтығына байланысты. Сонымен, ұзақ мерзімдегі шығын өзгермелі болып табылады, себебі осы уақытта жабдықтар жақартылуы мүмкін немесе жаңа ғимараттар, құрылыштар сатып алынуы мүмкін. Өте қысқа мерзімдегі шығыны тұрақты болуы мүмкін, себебі қосымша жұмысшыны алуға да уақыт жетіспейді.

Егер көсіпорын өз өнімін өз құнына сататын болса, онда оның көсіпорынды кеңейту үшін құралдар жетіспей қалады. Бұл жағдайда тек жай өндіруді ғана қамтамасыз етуге болады. Кеңейтілген өндірудің көзі пайда болып табылады, яғни шығының жапқаннан кейін қалған ақша құралдары жатады. Оны алудың негізі ол жұмысшы күшінің көп өнімді қуру қабілеттілігі болып табылады. Қорыта келе, бағага өдette, пайда мен өз құны кіреді.

2.8. Баға белгілеу әдістемесі

Өз тауарына бағаны белгілеу үшін көсіпорындар түрлі әдістемелер пайдалануы мүмкін (кейбір жағдайда, мемлекет тауарға бағаны өзі белгілейді. Ал біз еркін бағаны белгілеуді қарастырамыз). Алайда, бағаны белгілеуде жалпы тәсілдемесін қолданады, ол төменде көрсетілгенді.

Тым томен баға	Мүмкіндік аясы			Тым жоғары баға
Бұл бағамен пайда көру мүмкін емес	Өнімнің өзіндік құны	Бөсекелестердің бағасы және тұтынушы – тауардың бағасы	Тауардың күндылығы	Бұл бағамен сатып алуыларды табу мүмкін емес



Әдette бағаны пайда өкелмейтін тым төмен немесе сатып алушыларды тауып алуға мүмкін болмайтын тым жоғары баға аралығында белгіленеді. Ең аз мүмкіндік бағасы өнімнің өз құнымен, ал ең көбі – тауардың бірден-бір, ерекшелігінің бар болуымен анықталады. Бағаны белгілеу кезінде бәсекелесінің дәл сондай тауарларды өндіретін өндірістеріндегі тауар бағасы да ескеріледі.

Сол өндірушінің тауары негізгі бәсекелесінің тауарына үқсас болса, ол кезде бәсекелесінің бағасына жақын қылыш қою керек, ал баға тым жоғары болса, онда өткізу мүмкіндігінен айырырылып қалады. Егер тауардың сапасы төмен болған жағдайда, өндіріс өз тауарына бәсекелесінің бағасындағы баға белгілей ала алмайды. Бәсекелесінің бағасындағы бағаны белгілеу үшін оның тауарының сапасы жоғары болу керек. Тауар – алмастырғыштың да бағасы сол өнімнің бағасын тағайындауға әсер етеді. Мысалы, апельсиннің бағасы жоғары болған жағдайда сатып алушылар назарын бағасы төмен алмаға аударады.

Кейір баға белгілеу өдісін қарастырайық.

1. Шығын негізіндегі бағаның есептесуі

Бұл жағдайда тауардың өз құнының есебіне және өз құнына қосылған үстеме бағаға сүйене отырып тағайындалады. Үстеме баға, әдette өз құнына қосылған пайызда белгіленеді.

Мысалы, тауардың өз құны 16 шартты бірлікке тең. Қабылданған (стандартты) үстеме баға бұл тауарға 25%-ды құрайды. Ол кезде сатып алушыға бұл тауар 20 шартты бірлікке шығады ($16 \text{ шартты бірлік} + 16 \text{ шартты бірліктен } 25\% = 16 \text{ шартты бірлік} + 4 \text{ шартты бірлік} = 20 \text{ шартты бірлікке}$). Өндірушінің пайdasы 4 шартты бірлікті құрайды ($20 \text{ шартты бірлік} - 16 \text{ шартты бірлік} = 4 \text{ шартты бірлік}$).

2. Тауардың сезіну құндылығының негізінде белгіленген баға.

Казіргі таңда шетел фирмалардың көшшлігі осы өдісті қолдана бастады. Олар бағаны белгілеудің негізгі факторы деп сатушыға кеткен шығынды емес, тауарды сатып алушылық қабылдауды есептейді. Бұл жағдайда баға тауардың сезімдік маңыздылығына сәйкес келуіне жетелейді. Егер сатушы сатып алушының тауар құндылығын мақұлдағаннан артық сұраса, онда фирманның өтімі күткен нәтижеден төмен болады. Егерде

фирма көрсінше, өзінің тауарына өте тәмен баға тағайындалса, онда оның тауарын ынталан сатып алады, алайда фирмада ақшалай кірістің аз мөлшері түседі.

Осы өдісті колдану арқылы бағаны белгілеу мысалын келтірейік. «Катерпиллар» американалық көлік құрылышының фирмасы осы өдісті негізге ала отырып, өзінің тракторын 24 мың долларға бағалауы мүмкін, сонымен қатар оның қарсыласының дел сондай тракторы 20 мың долларды құрайды. Және бұл ретте өтім қарсыласына қарағанда «Катерпиллар»-да жоғары болады. Егер өлеуетті сатып алушылар «Катерпиллар» тракторына артық ақша төлейтінін сұраса, оған мынадай жауап береді:

20 мың доллар – қарсыласының тракторына үқсас трактордың бағасы;

3 мың доллар – ұлкен ұзақ мерзімділігі үшін үстемақы;

2 мың доллар – сатып алушының тауарына фирмандың қызмет көрсету дәрежесінің үстемақысы;

2 мың доллар – жоғарғы сенімділіктің үстемақысы;

1 мың доллар – түйіндер мен тетіктерге берілген ұзақ мерзімді кепілдеменің үстемақысы;

28 мың доллар – «Катерпиллар» тракторының барлық құндылық көрсеткіштері есептелінген үстемақысы;

4 мың доллар – жеңілдік;

24 мың доллар – трактордың ақтық бағасы.

Сатып алушылар тәленетін 4 мың доллар үстемақыға қарамастан, шын мәнінде 4 мың доллар жеңілдік алатынына таңғалады! Іс «Катерпиллар» тракторын сатып алумен біtedі, себебі, тұтынушы трактор қызметінің пайдалану мерзімінде кеткен шығыны қарсыластарының тракторынан ақырында аз болып шығады.

1. Тұтынушының тасымалдауга жіберілген дара төлемінің шығынымен бірге тауардың бағасын тағайындау.

Бұл жағдайда сатып алушы өндірістен тауарды мекен жағына жеткізу үшін өзі төлейді. Мысалы, тауардың бағасы 100 шартты бірлікті құрайды. Сатып алушыға, сонымен қатар тауарды тасымалдау үшін де төлеу керек: айтарлық, A клиентіне – 10 шартты бірлік; B клиентіне – 15 шартты бірлік және C клиентіне 25 шартты бірлік.

Бір жағынан бұл әдіс тасымалдау шығынының әділ бағалаудың тәсілі болып есептеледі, себебі өр тұтынушы өз-өзіне телейді. Екінші жағынан, қашықта тұратын клиенттер үшін бұл фирма қымбат болып табылады. Сондықтан егер бұл фирмадан қашықта тұратын тұтынушылардың мүмкіндігі болса, дөл сондай тауарды өндіретін басқа фирмалардан сатып алуға тырысады.

2. Жеткізуге кеткен шығынды кіргізген бірыңгай бағаны тағайындау.

Бұл әдіс алдыңғы әдіске толығымен қарама-қарсы болып табылады. Бұл жағдайда firma клиенттің қашықта тұратынына қарамастан, тасымалдау шығының бірыңгай бағамен алады. Тасымалдау төлемі тасымалдау шығынының орташа сомасына тең. Ол 15 шартты бірлік құрайды деп болжайық. Бұл әдісті қолданған кезде жоғарыда аталған A клиенті артық телейді (тасымалдауға кететін 10 шартты бірліктің орнына 15 шартты бірлік), ал C клиенті – аз (25 ш.б. орнына 15 ш.б.) Бұл жағдайда клиент, тауарды жергілікті жеткізушіден сатып алуды үйгараады. Бір жағынан, фирмада C клиент тұратын жерде тұтынушыларды өзіне тартуға мүмкіндігі туады.

Бағаны тағайындаудың басқа да әдістері бар.

2.9. Нарықта тауарларды өндіру және ұсыну жағдайы

Нарық ортасында өндірушінің іс-әрекет ету негізігі жағдай – экономикалық дербестік. Тәуелсіз өндіруші қаниша, қалай өндіру керек, қандай бағамен сату керек екенін өзі анықтайды. Алайда бұл жағдай экономикалық процеске қатысушы соның ішінде мемлекеттік шешім қабылдауга ықпал ететінін ескермеуге болмайды. Ол біреулеріне кейбір қызмет түрімен айналысуға мұлдем тыйым салуы да мүмкін, яғни қатаң ереже тағайындауы да мүмкін (стандарттар, бағанының лимит нормасы). Жалпы мемлекет экономиканың нарықтық жағдайында өндірістің кейбір түрлерін ынталандыруға есептелінген жанама немесе тұра әдістермен ықпал етуді қарастырады (салық, жеңілдік, субсидия, кедендей баж және т.б.).

90-жылдардың басында Қазақстанның ауыл шаруашылығында, сондай-ақ, бүкіл ел экономикасында жоспарлық-екімшілік экономикадан нарықтық экономикаға ету реформасы басталды. Бұл мақсатқа жету үшін қесіпорындарды үйимдастырудың жаңа формалары мен мемшік иелену формалары күрілшіл, ауыл шаруашылығы өндірісі реформасы жүзеге асты.

2005 жылы республикада 161962 ауылшаруашылық құрылымдары нарыққа бағытталды, оның ішінде 156978 шаруа қожалығы, 4919 серіктестік, 1200 өндірістік кооператив, 65 мемлекеттік қесіпорын, 224 акционерлік қоғам, 3000 жуығы саяжайлық кооперативтер және 2,2 млн жеке қосалқы шаруашылық жүргізуші азаматтар.

Ауыл шаруашылығы реформасын жүргізу бастамасы ауылшаруашылық тауарларын өндіру құрылымын түбірімен өзгерту болды. Меншіктің мемлекеттік емес формасы ауылшаруашылық өнімін өндіруде тәмен жетістіктер көрсетті. Оның өндіріс көлемінде 1990 жылғы 38,9 %-дан 1999 жылы 99,3%-ға ести. Серіктестік және акционерлік қоғамдағы орташа жер үлесі 29900 га құрады; сәйкесінше кооперативке – 22498 және 4114 га. болса, мемлекеттік емес ауылшаруашылық қесіпорындарына – 7131 және 184 га. Егер 1999 жылы барлық егістік жер ауылшаруашылық қесіпорындары қолында болса, ал 2005 жылы 22,2 млн. гектар егістік жердің 60,4%-ы ауылшаруашылық қесіпорындарында, 38,6%-ы шаруа қожалықтарында болды. Сонымен қатар, ауылдағы мемшік формасының өзгеруі ауылшаруашылық өнімінің көлемінің төмендеуіне әкеледі. 1997–2000 жж. аралығында ет өнімі 1,2 есеге дейін, жүн ~ 1,5 есеге төмендеді.

Өндіруші қызметінің негізгі мақсаты пайданы асыра асыру болып табылады. Алайда фирмандың барлығы бірдей пайданы кебірек түсіру үшін қызметін бағыттай алмайды. Өндірушілер сонымен қатар, ерекше жағдайлармен де кезде-сүі мүмкін, мысалы жаңа нарыққа шығу үшін бағаны қатты төмендетуі ықтимал, қымбат тұратын жарнамалық кампаниялар жүргізілуі және т.б. Бірақ, бұл барлық қадамдар стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталды, яғни кебірек пайдалу.

Пайда туралы пішіп-кесу үшін оның негізгі шектеуі тұралы білу керек, ол – шығын (өндіріс шығыны). Фирманың қандай да болмасын өнімнің көлемін өндірудегі шығыны қажетті ресурстардың бағасына ғана байланысты емес, сонымен қатар технологияға да, яғни қандай ресурстар және қандай мәлшерде қолданып жатқандығында. Көп жағдайда соңғысы тез өзгеруі мүмкін (мысалы, шикізатқа, жанармайға, энергияға, тірі ендекке байланысты). Сонымен қатар, қысқа мерзімде кеңейтуге мүмкін емес ресурстар бар (мысалы, арнайы күрделі жабдықтар немесе ерекше сирек құралдар – бұл кешенді азды-кемді ұзақ конструкторлық, жобалық, сынақтық, іске қосу жұмыстарын талап етеді).

Сонымен бірге, дәл осы ресурстар фирмалың көлемін анықтауға, өндірістік қуатына ықпал етеді.

2.10. Фирма қызметінің қысқа мерзімді және ұзақ уақыттылық кезеңдері

Өндірісте қолданатын ресурстардың мәлшерін өзгерту үшін кететін уақытқа байланысты фирма қызметінде қысқа мерзімді және ұзақ уақыттылық кезеңдер ажыратылады. Қысқа мерзімді кезең – бұл кәсіпорынның осы мерзімде өз өндірістік қуатын өзгерте алмайтын кезең. Бұл кезеңде ілгерілеуді тек осы барлық қуатты пайдалану арқылы жетеді, яғни түзетуге тез икемделетін ресурстар. Ұзақ уақыттылық кезең – бұл өндірістік қуаттылықпен қоса, барлық реурстардың көлемін өзгерту үшін қажетті кезең.

Қысқа мерзімді және ұзақ уақыттылық кезең түрлі салалар үшін бірдей емес. Мысалы, женіл өнеркәсіпте өндіріс қуатын өзгерту жедел түрде орындалады (мысалы, киім тігетін касіпорын қосымша тігін машинасы мен пішім үстелін орнату арқылы өндірістік қуатын бірнеше күнде кеңейте алады). Ауыр өнеркәсіпте бұл процесс ұзақ мерзімді қажет етеді: мұнайды өндеу зауытының құрылышы үшін бірнеше жыл қажет.

Сонымен, қысқа мерзімді кезең кезінде фирма өндіріс көлемін ауыспалы ресурстарды белгіленген қуатқа қосу арқылы

өзгерте алады. Мысалға, тұрақты мәлшерде жабдықтары бар велосипедтің жөндөйтін кішігірім кесіпорындарда иесі оған қызмет көрсету үшін артық жұмысшыларды жұмысқа ала алады. Қанша адамды жұмысқа алу керектігіне шешім қабылдау үшін жұмысқа қабылдаған күнде де қашалықты шығарылатын өнімнің мәлшері өсетінін білу керек.

2.11. Фирманың жалпы, орташа және ақтық өнімі

Берілімнің азаю заңы

Белгілі бір фирма екі факторды – капитал (тұрақты ресурс) және ефбекті (аудиспалы ресурс) қолданып, өнімді шығарады делік. Бір ай мерзімде ол 10 шартты бірлік капиталын және тауардың аудиспалы бірлік мәлшерін (L) пайдаланады. 2.2-кестеде өнімнің шығарылуы үсіннылран.

2.2-кесте

1 айда фирмандың өнімді шығаруы

Капиталдың бірлік мәлшері	Ефбектің бірлік мәлшері (L)	Жалпы өнім (TP)	Ақтық өнім	Орташа өнім (AP)
---------------------------	---------------------------------	---------------------	------------	----------------------

Енгізілген көрсеткіштер бойынша анықтама берейік:

1. Жалпы өнім (TP) – берілген уақытта өндірілген өнімнің жалпы мәлшері. Ол аудиспалы фактордың қосымша бірлігін енгізілуімен өседі.

2. Орташа өнім (AP) – аудиспалы фактордың бір бірлігіне есептегендегі өнім саны:

$$AP = TP / L$$

Кестеден көргеніміздей, басында AP көлемі өсіп, кейбір максимумға жетеді де, содан кейін төмендейді.

Ақтық өнім (MP) – кез келген аудиспалы фактордың қосымша бірлігінің есебінен жиынтық өнімнің көлемінің өзгерілуі (бұл жағдайда – еңбек).


MP көлемі ол да алдымен үлкейеді, езінің максимумына жетеді де содан кейін төмендейді. Таблица мәліметі бойынша кесте құрастырайық. Актық өнім үшін абсолюттесін MP есептелінетін интервал ортасынан таңдаймыз.

Онімнің қисық жиынтығын толығырақ құрастырайық. Оның иілу нүктесі бар: алғашқы еңбек үстелімінде артық өнім үстелімін береді, ал иілім нүктесінен кейін – кем болады. Сонымен қатар, үлкен мағыналы L , TP өнімінің қисық жиынтығында тіпті төмендейді.

Өндіріс көлемінің динамикасы азаймалы қайтарым заңында немесе актық өнімнің азаю заңында көлтірілген. Осы заңдарға сай өзгермейтін белгілі ресурстарды ауыспалы ресурстардың бірлігін бірізділікпен қосу арқылы белгілі бір кезеңнен бастап азаймалы үстемені немесе актық, ауыспалы ресурстың өр кезектегі бірлігі есебінен беріледі. Мысал ретінде көрсетелік.

Мысалы, жиһаз үшін ағаш ұста шеберханасы ағаш рамасын дайындауды делік. Шеберханада жабдықтың белгілі бір мөлшері бар. Егер бұл фирма бір немесе екі жұмысшыны жұмысқа алса, өндірудің жалпы көлемі жөне өндіру деңгейі (бір жұмысшыға шыққанды) өте төмен болады. Бұл жұмыспыларға түрлі еңбек операцияларын орындауға тұра келді, мамандықтың артықшылығын қолдана алмай қалады. Жұмыс уақыты жұмысшы бір операциядан екінші операцияға ауысқанда жоғалтады, машиналар көп уақыт бойы жұмыс жасамай тұрады. Сонымен, шеберхана жұмыспылармен толымданбаған болады, демек өндіріс тиімсіз.

Бұл қынышылықтан шығудың жолы жұмысшылардың санын көбейту: жабдықтар толығымен пайдаланылады, ал жұмыспылар дара операцияларды орындаумен мамандануы мүмкін. Нәтижесінде, бір операциядан екінші операцияға ауысу кезінде уақыт жоғалмайды. Сонымен, көсіпорындағы жұмысшы саны артқан сайын, өр келесі жұмысшы өндірген үстеме немесе актық өнімінің есу тенденциясына ие болады.



2.7-сурет. Орташа жыныстық және ақтық өнімнің қисығы.
Қосынды (а), орташа және шекті өнім (б) қисықтары

Алайда өрі қарай жұмысшы санын арттыру арттырылу мәселесін тудырады. Өнімнің жалпы көлемі баяу қарқынмен өседі, ейткені өр жұмысшыға белгіленген өндіріс құатына жабдықтың аз мөлшері тиесілі болады. Қосымша жұмышшылардың үстеме немесе ақтық өнімі қысқартыла бастайды. Ақырында өндірістегі жұмышшылар санының артылуы бос кеңістіктің толтырылуына және өндіріс процесінің тоқтатына әкеліп соғады.

Атап өту керек, азаймалы қайтарым заңы ұсынысқа не-гізделген, осыған сәйкес барлық ауыспалы ресурстардың бірлігі – көлтірлген мысалдағы барлық жұмышшылар – сапалы біркелкі. Ақтық өнімнің азаюы соңынан жұмысқа қабылданған жұмышшылардың біліктілігінің төмендігінен емес, жұмышшылардың көп саны бар жабдықтармен жұмыс жасаудыңда.

Ақтық және орташа өнімнің кестесіне қайта оралайық. Анықтамаға байланысты орташа өнім көлемі $AP = TP/L$ болғандықтан, өр L магынасында AP көлемі A келбей қисықтың бүрышын көрсетеді. AP максималды көлемі бар A -ның зорсызық көлбеуі TP сыйығымен (b) жанасу нүктесінде. Қисық TP жанамасына бүгілген (a) нүктесі ақтық өнімнің максимум қисығына сәйкес келеді.

(максималды мағына TP / L)

MP және AP қисықтарының өзара байланыс ерекшеліктері:

1. Қисықтар ылғи да бір нүктеден басталады;
2. Алғашқы кезеңде ақтық қисықтар мағынасы орташа мағынадағы қисықтарға қарғанда тез ұлғаяды немесе азаяды. Орташа өнім тез балалау үшін келесі жұмысшы AP -ге қарғанда үлкен көлемді қосуы керек.
3. AP максималды мағынасында MP қисығы AP қисығын кесіп өтеді.

Өнімнің ақтық, орташа және жиынтық қисығының саралтамасы өндіріске енгізілетін факторлардың пайдалылығы туралы маңызды тәжірибелік қорытынды шыгаруға мүмкіндік береді.


2.12. Фирма шығыны: тұрақты, ауыспалы және жалпы

Мысалы кейбір шартты фирмалардың әрекеті 2.3-кестеде ұсынылған делік. Өндіріске (еңбек) тартылған (ауыспалы) факторлар өскен сайн жалпы өнім ұлғаяды, жалпы және ауыспалы шығындар арта бастайды. 2.3-кестедегі мөліметтерді (2.8-суреттегі) графикке ауыстырамыз. Ақтық (маржиналды) шығын (MC) қисығын құрастыру кезінде MC көлемі есептелінетін AQ орташа интервалында орналасуы қажет.

Байқағанымыздай, өндіріс шығындары тұрақты және ауыспалы болып белінеді. Тұрақты деп өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты мөлшерді айтамыз (олар зауыт ғимараттарын, келіктерін және жабдықтарын ұстауға кеткен шығын, сақтандыру жарнасын, басқару персоналдарына енбекақысын төлеуге кеткен шығын). 2.3-кесте – тұрақты шығын.

Жалпы өнімнің және фирма шығынының динамикасы

Еңбек бірлігінің саны (L)	Жалпы өнім (Q)	Жалпы шығын			Актық шығын (MC)	Орташа шығын		
		Тұрақты (TFC)	Ауыспалы (TVC)	Жалпы (валовые) (TC)		Тұрақты (AFC)	Ауыспалы (AVC)	Жалпы (ATC)
0	0	1000	0	1000				
1	15	1000	250	1250	16,7	66,7	16,7	83,4
2	40	1000	500	1500	10	25,0	12,5	37,5
3	63	1000	750	1750	10,9	15,9	11,9	27,8
4	76	1000	1000	2000	19,2	13,2	13,2	26,4
5	85	1000	1250	2250	27,8	11,8	14,7	26,5
6	90	1000	1500	2500	50,0	11,1	16,7	27,8
7	91	1000	1750	2750	250	11,0	19,2	30,2



2.8-сурет. Фирманың қисық шығыны

(TFC) абсцисс осіне параллель, сзызықпен берілген. Бұл нелдік өндіруде де фирмада шығынға ұшырайтынын білдіреді.

Фирма басшыларына өнімді қашпа шығару керектігін шешу үшін өндіру көлемі ескен жағдайда ауыспалы шығын қашшықты өсетінін білу керек. 2.8, а-суретте TVC қисығымен ұсынылған, ол ауыспалы шығының динамикасын көрсетеді. Ол координат басынан шығады: өндіріс болмаган кезде фирмада

аудиспалы шығынға қалмайды. Бұл қисықтың өсуі: өндірістің үлгайы аудиспалы шығынның өсуіне байланысты. Алайда фирманның аудиспалы шығыны белгілі бір кезеңге дейін өндіру көлемінің өсуіне қарғанда ақырында жоғарылады. Содан кейін ол өр өндірілген өнімнің бірлігіне есептелінген жеделдегу темпімен үлгайды. Аудиспалы шығынның мұндай қылышы азаймалы қайтарым заңына себепті. Белгілі бір кезеңде Ақтық өнімнің үлгайы әр келесі өнім бірлігін өндіру үшін аудиспалы ресурстардың өсуінің азайюна өкеледі. Олай болса, өндіріс көлеміне қарғанда аудиспалы шығынның жиынтығы ақырын қарқынмен үлгайды. Содан кейін қосымша ресурстардың барлық мөлшерін өнімнің әр қосымша бірлігін өндіру үшін пайдаланады. Сөйкесінше, аудиспалы шығынның жиынтығы өндіріс көлемін өсіру қарқындан асып түсетін қарқынмен үлгайды.

Жалпы (валовый) шығын – бұл өр көлемді өндірудегі тұрақты және аудиспалы шығынның жиынтығы. 2.8-суретте өндіру көлеміне байланысты жалпы шығын динамикасын сипаттайтын *TC* қисығы ұсынылған. Анықтамаға сейкес (*TVC*) аудиспалы шығынның сызығын толығымен қайталайды, бірақ одан тігінен жоғары қарай жылжытылған.

2.13. Фирманың орташа шығыны

Өндірушілер басқару шешімін қабылдау үшін тек қана шығынның жалпы сомасын емес, сонымен қатар шығарылатын өнім бірлігіне шыққанда оның көлемін, яғни орташа шығынның деңгейін білу керек. Бұл көрсеткіш, мысалы өнім бірлігіне беретін бағаны салыстыру үшін қажет. Орташа шығынның үш түрі бар: орташа тұрақты, орташа аудиспалы және орташа жалпы шығын (2.8, б-сурет).

Орташа тұрақты шығындар (*AFC*) өнім бірлігіне шыкқанда тұрақты шығынды білдіреді:

$$AFC = TFC/Q,$$

мұндағы *Q* – өндірілген өнім мөлшері.

Тұрақты шығындар өндіру көлеміне байланысты өзгермейтіндіктен, орташа тұрақты шығындар өндірілетін өнімдер мөлшері ұлғайған сайын қысқарады. 2.8, б-суретте орташа тұрақты шығын динамикасын көрсететін *AFC* қисығымен берілген. Ол өнім өндірісінің көлемі өскен сайын үнемі төмендейді.

Орташа ауыспалы шығындар (*AVC*) өнім бірлігіне шыққанда ауыспалы шығынды бідіреді:

$$AVC = TVC/Q$$

Орташа ауыспалы шығын алдымен минимумға жеткенше төмендейді, содан кейін көтеріле бастайды. 2.8, б-суретте *AVC* қисығы орташа ауыспалы шығының динамикасын көрсетеді. Ол азаймалы қайтарым заңына сәйкес дәға текстес пішініне ие. Қайтарым есу сатысында болғанда өнімнің әр қосымша бірлігін өндіру үшін қосымша ауыспалы ресурстардың аз мөлшері ғана талап етіледі. Демек, осы бірлікке есептелінгенде ауыспалы шығындар төмендейді. Азаймалы қайтарым сатысында суреттеме қарама-қарсы болады: өнім бірлігіне есептегендеге ауыспалы шығындар ұлғайады.

Орташа жалпы өнімдер (*ATC*) өнім бірлігіне есептегендегі жалпы (валовый) шығынды білдіреді. Оларды өндірілген өнімнің мөлшеріне жалпы (валовый) шығынды бөлу жолымен, немесе орташа тұрақты және орташа ауыспалы шығындарды біріктіру жолымен есептеуге болады. *AVC* қисығы секілді *ATC* қисығы дәға текстес пішінгө ие, бірақ өндірудің әр көлемінде *AFC* көлемінен асады.

2.14. Ақтық шығын туралы түсінік

Өндіру көлеміне қатысты шешім қабылдау келесідей сұраққа жауап беруді талап етеді: өнімнің әр қосымша бірлігіне шыққанда қосымша шығындар қандай болады? Бұндай шығындарды ақтық (маржиналды) шығындар деп аталады (*MC*). Өнімнің әр қосымша бірлігін табу үшін сол бірліктің өндіру нетижесінің шығын сомасының өзгеруін айқындау арқылы анықтауға болады:

$$MC = \frac{TC}{Q} = \frac{TVC}{Q} = \frac{\Delta TC}{\Delta Q}$$

Бұл қисықтың пішіні азаймалы қайтарым заңының өрекетімен берілген. Себебі тұрақты шығындар фирмалық өнімді шығару көлемінің жылжына байланысты өзгермейді, ақтық шығындар өнімнің әр қосымша бірлігі үшін тек қана ауыспалы шығындардың өзгеруімен анықталады. Демек, ауыспалы ресурстардың үлгаймалы қайтарымы ақтық шығының құлауын білдіреді, ал азаймалы қайтарым – оның өсуін білдіреді.

Ақтық шығының анықтамасы фирма үшін әте маңызды мағынасы бар, ейткені оған шығынды анықтауға мүмкіндік береді, оны ол үнемі бақылауда үстай алады. Ақтық шығын өнімнің соңғы бірлігін өндіруді үлгайтқан жағдайда кететін шығын көлемін көрсетеді.

Ақтық шығын қисығы орташа ауыспалы шығынмен орташа жалпы шығының минимум нүктесінде қиылышады. Егер өнімнің әр келесі бірлікті жасауга кеткен қосымша шығының өндірілген бірліктің орташа шығынның кем болса, онда бұл келесі бірлікті өндіруде орташа жалпы шығынды төмендетеді. Егер бұл келесі бірліктің шығыны орташадан жоғары болса, онда оның өндірілуі орташа жалпы шығының деңгейі артады. Келтірілген мәлімдемеде (MC) ақтық шығыны қисығы (ATC) орташа жалпы шығының қисығынан төмен өткенші б орташа жалпы шығыны құлай беруі керек. Және керісінше, MC ақтық шығын қисығы ATC орташа жалпы шығын қисығынан жоғары өткен жағдайда ғана орташа жалпы шығын өседі. Бұл, ез кезегінде MC және ATC қиылышқан нүктесінде, яғни ақтық шығындар орташа жалпы шығынға тең болғанды, соңғылары құлауды тоқтатып, есе бастады. Демек, бұл ATC қисығының минималды нүктесі болып табылады. Ақтық шығының қисығы орташа жалпы шығының минимум нүктесінде қиылышып өтеді.

Сонымен жалпы шығыны аз A нүктесінде фирма өз қызметтің онтайландырады. Егер фирма өнімді QA-дан кем шығарса, онда ол өндірістік жабдықтарды толығымен жүктемейді, яғни оған өндіріс қуатының толығымен жүктелмеген белгін пайдалану тиімді, мысалы оны жалға беру. A нүктесінен кейін

ер қосымша жұмысшының қайтарымы төмендейді, бұл ретте фирма үшін қосымша жұмысшыларға кеткен құралдарды альтернативті жолмен пайдалану тиімдірек болады. Мысалы, ақшаны пайыздықпен банкіге салуға болады.

2.15. Ұзақ мерзімді шығын қисығы

Ақтық және орташа шығынды сарапау мақсаттылық болып табылмайды, оны оңтайлы басқару шешімін табу үшін маңызды құрал ретінде қарастырылады. Ұсыныс бағасы мен көлемінің қандай да болмасын өзгерісі (артынша өндіріс қуаттарының көлемінің өзгеруіне әкелмейтін) сол фирманның қысқа мерзімді кезеңде қысқа шығынның динамикасын есекере отырып жүзеге асырылады.

Алайда кейбір жағдайларды өндірушілердің назары ұзақ мерзімді кеңейтуге немесе фирманның тұрақты шығынның қысқартуға бағытталуы керек. Мысалы, егер ол қазіргі танда көлемі жағынан ақтық шығынның кенеттен есіп кететін өнімді шыгаратын болса, онда оған өндіріс қуаттарының өзгеруін алдын ала қарастыру қажет, себебі ертеңгі күні үлкен көлемді шығынға ұшырамас үшін қосымша шығынды қазір шыгаруы керек.


Фирма ұзақ мерзім бойы өндірісте қолданатын барлық ресурстарға, яғни өндірістік ресурстармен қоса, өндірістік қуаттарға да өзгеріс енгізе алады. Қорыта келгенде, ұзақ мерзімді кезеңде барлық ресурстар, демек барлық шығындар ауыспалы болып табылады.

Өндірістің есу процесінде орташа және жалпы шығындармен не болып жатады? Алдымен, өндірістік қуатты кеңейту орташа жалпы шығынның төмендеуіне әкеледі. Алайда белігі бір мерзімнен бастап қуатты үлгаймалы түрде енгізу орташа жалпы шығындардың жоғарылауына әкеледі. Бұл зандалықты түсіндіру үшін (ATC) ұзақ мерзімді шығын қисығының құрастырылу ерекшеліктерін немесе жоспарлы қысқа деп аталатынды қарастырамыз.

Ұзақ мерзім бойы фирма түрлі көлемдегі кәсіпорындарды салуы және өрқайсысы үшін қысқа мерзімді орташа шығын

еселтелуі мүмкін. 2.9-суретте мысал үшін сондай үш қисық ұсынылған. ATC-1 қисығы көсіпорындар ішіндегі ең кішкентайы үшін орташа шығын динамикасы көрсетіледі, ATC-2 – келесі көлемдегі көсіпорын үшін, ATC-3 қисығы – ең үлкені үшін. Фирма өсімінің әр кезеңдегі өндіріс көлемі мен шығынының өзгеруін сараптайтырып, ұзақ мерзімді орташа шығынның қисығын көрсетуге болады. Ол қысқа мерзімді орташа шығынның қисығын минималды мағынаға жанамалап өтеді.

Енді ұзақ мерзімді шығынның қисығы дара текес пішіні бар екенін түсіндіру керек. Азаймалы қайырым заңы бұл жағдайда «жұмыс жасамайды»: оның әрекетінің шартты өзгермейтіндігі болып табылады, ал ұзақ мерзімді кезеңде олардың барлығы өзгеруі мүмкін. Ұзақ мерзімді орташа шығын қисығының динамикасын көлем нәтижесінің көмегімен түсіндіруге болады.



2.9-сурет. Ұзақ мерзімді орташа шығынның қисығы

Ұзақ мерзімді ATC қисығының төмен түсетін белгі көлем нәтижесінің онтайлылығымен ескеріледі (оны өндірудің жалпылық нәтижелігі немесе өндіріс көлемінің үнемділігі деп те атайды). Ол кейбір факторлар қатарының негізінде жетеді, оның арасында жұмысшылар еңбегінің және басқару персоналдарының мамандандыру деңгейінің жоғары болуы маңызды, сондай-ақ өндірімділік және аса күрделі жабдықтарды пайдалану мүмкіндігі.

Фирманың көлемділік әрекетінің ұлғаюына байланысты, ол тек үнемділікті ғана пайдаланып қана қоймай, әндіріс көлемінің салдарының залалымен де кездесуі мүмкін. Оның пайда болуының басты себебі – ірі масштабты қесіпорындарды басқару қындығы. Масштабтың жағымсыз нәтижелігі, яғни ресурстарды ұлғайтуға жауап ретінде қесіпорын көлемінің азаймалы жағына өсу үлесімсіздігі, ұзақ мерзімді АТС қисығының ерлемелі кесінге сәйкес келеді.

Қорыта келе, әндіріс шығынының талдамасы әндіріс көлемін анықтаған кезінде маңызды роль атқарады. Бұл сұрақты шешу үшін, сонымен қатар, нарықтағы бағаны, тұтыну сұранысының көлемін жөне басқа да факторларды талдау қажет.

Ұзақ мерзімді шығын қисығынан шаруашылық стратегиясына маңызды қорытынды жасауға болады. Белгілі болғандай, қисық үшін жалпыламалық (глобальды) минимумы бар, қесіпкер бір уақытта әндіріс масштабы ұлғайғанда өнім шығарылымының орташа шығыны азаятынына сенімді болуы керек. Бірақ тап осы нүктө төңірегінде біруақытта осы талаптарға жету мүмкін емес. Сондықтан шешім қабылдау үшін ұзақ мерзімді қисықты мүқият есептеуді талап етеді.

Өнім шығаруда көлемін арттырудың радикалды тәсіліне жөне шығының біруақытта төмендетуіне ғылыми-техникалық прогрестің жетістігін пайдалану жөне әндірісті үйімдестірыу тәжірибесі болып табылады. Бұл ұзақ мерзімді шығын қисығын төмен жөне АТС_{min} жаңа минимуын онға қарай жөне шығарылатын өнім көлемінің Qopt жаңа оптимумын жылжытуға мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары

1. Өндірістің үш негізгі факторы.
2. Өндірістік жөне қаржылық капиталға сипаттама бер.
3. Технологияның екі анықтамасын ата.
4. Өндіріс тәсілін түсіндір.
5. Жұмысшы күші дегеніміз не?
6. Материалды өндірістің салалары.
7. Модельдерді схема түрінде толтастыр.

8. Ел экономикасы өндіретін өнімнің түрлері.
9. Мемлекеттің өндірістік мүмкіндігін түсіндір.
10. Таңдау қажеттілігіне сипаттама бер.
11. Өндіріс шығыны дегеніміз не?
12. Тұрақты және өзгермелі шығынға сипаттама бер.
13. Баға дегеніміз не? Баға белгілеудің жалпы тәсілдері.
14. Тауарды сезіну құндылығына мысал келтір.
15. Шығын негізінде бағаның есептесуіне сипаттама бер.

III белім. МЕХАНИЗМ. НАРЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПРОГРЕСТИҢ ФАКТОРЫ

3-тaraу. Нарықтағы сұраныстың қалыптастыру

3.1. Сұраныс түсінігі

Нарықтық экономиканың басты қасиеті ол нарықтық жүйенің негізгі бағыттаушы механизмі болып немесе баганы белгілеу жүйесінің қызмет етуі болып табылады. Сатып алушылардың және сатушылардың қабылдаған шешімі нарық жүйесі арқылы жүзеге асады. Әдетте нарық сатып алушы мен сатушының арасындағы байланысты болдыратын механизм ретінде түсінік береді.

Кең көлемдегі түсінікте *нарық* айырбас саласында әлеуметтік-экономикалық қатынастағы жиынтық ретінде анықталады, осы арқылы тауарларды сату іске асырылады.

Нарықтық жүйе байланыстың көпкүрделі жүйесі болып табылады, осы арқылы сансыз жеке, еркін таңдалған шешімдер ескеріледі, жинақталады және өзара теңестіріледі. Осы байланыс жүйелер арқылы қоғам қалай экономика өндіруі керек, қалай өндірісті нәтижелі үйымдастыру керек, және қалай еңбек жемісін үлестіру керектігі туралы өзінің шешімін шығарады. Нарықтық жүйе тек қана механизм ретінде қызмет етпейді, осы арқылы қоғам өз ресурстарын қалай үлестіру керектігін және содан өнімдерді өндіру шешімін шығарады, алайда дәл осының көмегімен шешімдер істе қалай жүзеге асырылады.

Сұраныс тауар санын қамтиды, яғни тұтынушы белгілі бір уақытта кейбір бағамен сатып алуға дайын және мүмкіндігі де бар.

Сұраныс кесте түрінде келтіруге болатын альтернативті мүмкіндікті білдіреді. Ол әртүрлі бағада сұраныс жасалған өнім санын көрсетеді. Анықтамада көрсетілгендей, сұраныс

әдетте баға позициясынан қарағанда тиімді жағынан қарастырылады: басқаша айтқанда, сұраныс өнім санын көрсетеді, онда тұтынушы өртүрлі мүмкіндік бағасымен сатып алады. Қандай да бір тауар сатып алып жатқан бір тұтынушының сұраныс шкаласын мысалға келтірейік (3.1-кесте).

3.1-кесте

Тұтынушының тауарға деген жеке сұранысы

Тауар бағасы (шартты бірлік)	Апта бойынша сұраныс көлемі
5	10
4	20
3	35
2	55
1	80

Бұл кесте тауар бағасы мен санының арасындағы байланысты көрсетеді. Бұнда кейбір тұтынушылар осы бағамен сатып алуға мүмкіндігі бар және қалайды. Біз «қалайды» және «мүмкіндігі бар» деп айтамыз, себебі нарықта тек бір ғана қалауы аздық етеді, сондай-ақ белгілі бір ақша мәлшері де қажет. Сонымен қатар, сұраныс көлемі қандай да бір магынасы болуы үшін, олар – күнге, алтага, айга және т.б., яғни белгілі бір уақыт кесіндісіне жатуы керек. «Тұтынушы 10 бірлік тауарды 5 шартты бірлікке сатып алады» деген мәлімдеу, белгісіз жай және орынсыз. Ал, «тұтынушы 10 тауар бірлігін 5 шартты бірлікпен бір аптада сатып алады» деген мәлімдеме анық және магыналы.

3.2. Сұраныс заңы

Сұраныстың түпкі қасиеті өзгермейтін басқа барлық параметрлердің бағасын төмендету, соған сейкесінше сұраныс көлемінің артуына өкеледі. Және де керісінше, бағаны көтеру

сөған сейкесінше сұраныстың төмендеуіне әкеледі. Қысқасы, бага мей сұраныс көлемінің арасында кері байланыс бар. Экономистер бұл кері байланысты сұраныс заңы деп атады. Бұл заңдылықты түсіндіру үшін дөлелдің бірнеше деңгейін пайдалануға болады. Әдетте адамдар сол өнімді жоғары бағамен сатып алғанин гөрі арзан бағамен сатып алғанды қалайды. Тұтынушылар үшін баға сауда жасауға кедергі жасаушы және көмектесуші тосқауыл ретінде көрінеді. Жоғары баға тұтынушылардың сауда жасау ниетінен айырады, ал төмен баға сауда жасау ниетін күштейтеді. Батыста мезгіл-мезгіл сұраныс заңына негізделген «төмен бағамен сауда күні» өткізіліп тұрады. Қәсіпорындар өз тауар қорларын бағаны жоғарылату жолымен емес төмендету арқылы, сонымен бірге өзіне жарнама жасау арқылы қысқартады.

2. Тұтынушы қандай да бір тауарды сатып ала отырып, қанағат алуға немесе пайда көруге үмтүлады. Тұтыну ақтық пайдалылықтың кему принципінің ықпалы іліккен, онда сол тауардың әр бірлігі ақтық пайдалылық деп аталатын пайда әкеледі. Мысалы, тұтынушыға екінші алма бірінші алмаға қарағанда аз қанағат әкеледі; үшінші алма екінші алмаға қарағанда одан да аз қанағат әкеледі, т.с.с. Бұдан біз тұтынудың ақтық пайдалылықтың кему принципі әрекет етеді, тұтынушылар қосымша өнім бірлігін бағасы төмендетілген жағдайдаған сатып алады.


3. Сұраныс заңын ете жоғары деңгейдегі сараптамада табыс әсерімен түсіндіруге болады. Табыс сатып алушының қолында барақша сомасын білдіреді. Табыс әсері баға төмен болған жағдайда адамның басқа да тауарды да сатып алуға өзін шектемей осы тауарды көбірек сатып алуға мүмкіндігі болатынын көрсетеді. Басқаша айтқанда, өнім бағасын төмендету тұтынушының ақша табысының сатып алу қабілетін арттырады, сондықтан бұрынға қарағанда осы тауарды көбірек сатып алуға жағдайы болады. Жоғарырақ баға қарама-қарсы нәтиже береді. Ауыстыру әсерінде адамның қазір қымбат тұратын тауарды сатып алғанин гөрі төмен бағамен арзан тауарды сатып алуға ынтасты пайда болады. Тұтынушылар қымбат тұратын тауарды арзан тұратын тауармен ауыстыруға бейім. Мысал келтірейік:

алма бағасын арзандату тұтынушының сатып алу қабілетін арттырады және көп алма сатып алуға мүмкіндік береді. Одан төмен алманың бағасын арзандату сауданы қызығарлықтай етеді және оны апельсин, алмұрттық орнына сатып ала бастайды. Табыс және ауыстыру әсерінде тұтынушының жоғары бағадан гері төмен бағамен өнімнің көбірек мөлшерін сатып алу қабілеті пайда болады.

3.3. Сұраныс қисығы

Онім бағасы мен сұраныс көлемінің арасындағы кері байланысты екі өлшемділік кестесі турінде бейнелеуге болады, онда сұраныс көлемі көлденең осіне жатқызылған, ал баға – тігінен жіберілген (3.1-сурет). Бейнеленген процесс 3.2-кестеде көрсетілген сол бес нұсқаны «баға – сан», кестеге орналастыру болыш табылады. Мысалы: нұсқаны анықтау үшін: «5 шартты бағада сұраныс көлемі 10 тауардың бірлігін құрайды» біздер 10 (сан) санынан көлденең осі бойынша перпендикуляр жүргізуіміз керек, ол тік осіндегі 5 (баға) санынан жүргізілген перпендикулярмен кездесуі керек. Егер бул операцияны әр бес нұсқаға жасалынса, біз қисық жүргізетін бірнеше нұктеден алаңыз. Кестенің әр нұктесі нақты бағаны береді және тұтынушы осы бағамен сатып алатын өнім санына сәйкес келеді. Алынған қисық сұраныс қисығы деп аталады және *DD* әріптерімен белгіленген. 3.1-суретте ол төмен және онға қарай қисаяды, себебі бейнеленген баға мен сұраныс көлемінің арасындағы байланыс кері. Төмендетілген бағытта сұраныс қисығы сұраныс заңына тап келеді – адамдар жоғары бағаға қараганда арзан бағамен көбірек өнім сатып алады.

Осылан дейін біз бір тұтынушының позициясы туралы сұрақты қарастырық. Бірақ, әдетте нарықта көп тұтынушылар шығады. Жеке сұраныс шкаласынан нарық сұранысының шкаласына ауысу сұраныс көлемін жинақтау арқылы орындалуы мүмкін.




3.1-сурет. Сұраныс қисығы

3.2-кесте

Тауарға нарықтық сұраныс: үш сатып алушы

Тауар бірлігі үшін баға, Р, Шартты бірлік	Жеке сұраныстың көлемі			Бір аттадағы сұраныс-тың жалпы көлемі (нарықтық сұраныс) $Q_{\text{жалпы}} = Q_1 + Q_2 + Q_3$
	1-сатып алушы, Q_1	2-сатып алушы, Q_2	3-сатып алушы, Q_3	
5	10	12	8	30
4	20	23	17	60
3	35	39	26	100
2	55	60	39	154
1	80	87	54	221



3.2-сурет. Нарық сұранысының қисығы – жеке сұраныс қисығының сомасы


Бұл процесс жиынтығы графикалық бейнеде көрсетілген, және де ол үшін бір ғана баға З шартты белгі пайдаланады. Сұраныс қисығын шығару үшін біз үш жеке сұраныс қисығын көлдененен қыстырымыз.

3.4. Сұраныс факторы

Экономист сұраныс қисығын құрастырып жатқанда – айталақ, 3.3-суреттегі $D_1 D_1$ сияқты онда енімнің өрсатып алынатын санын анықтаушы ретінде баға ең маңызды фактор болып қызмет етеді. Алайда сатып алуға басқа да факторлардың бар екені экономике белгілі. Негізгі бағаланбайтын нарық сұранысының факторлары келесі:

- 1) көзқарас немесе тұтынушылардың ұнатуы;
- 2) нарықтағы тұтынушылар саны;
- 3) тұтынушылардың ақша кірісі;
- 4) өзара байланысты тауарлардың бағасы;
- 5) болашақ бағалар мен табыстарға қатысты тұтыну күтүі.

Бір фактордың өзгеруі (немесе одан да көп) сұраныс қисығы жағдайының өзгеруіне өкеледі. Сұраныс қисығының ауысуы сұраныстағы өзгеріс деп аталады.



3.3-сурет. Сұраныстың тауарға деген өзгерісі

Егер, мысалы тұтынушы әр мүмкіндік бағасымен сол тауардың көп мөлшерін сатып алу қабілеттілігі мен қалауын

байқаса, онда сұраныстың артуы мүмкін. 3.3-суретте бұл сұраныстың артуы сұраныс қисығының оңға қарай жылжуында байқалады, мысалы, D_1D_1 -ден D_2D_2 . Және керісінше, сұраныстың төмендетілуі бір фактордың өзгеруінен тұтынушылар әр мүмкін бағадан өнімнің аз мөлшерін сатып ала бастайды. Графикалық бейнелеуде сұранысты төмендегу сұраныс қисығын соған қарай жылжытуға тура келеді, мысалы D_1D_1 -дан D_3D_3 -ке.

Енді әр жоғарыда көтірілген бағаланбайтын факторлардың сұранысқа келтіретін өсерін қарастырып көрелік.

1. *Тұтынушы көзқарас.* Жарнама немесе сөннің өзгеруіне байланысты тұтынушылық дәмдер немесе ұнамдылық осы өнімге қолайлы өзгерістер әр бағага сұраныстың артатынын білдіреді. Тұтынушылардың қалауларына қолайсыз өзгерістер сұраныстың төмендеуі және сұраныс қисығының солға қарай жылжыуына әкеледі. Жаңа өнімнің пайда болуы тұтынушылық көзқарастың өзгеруіне әкеледі. Мысалы, калькуляторлар логарифмитикалық сызығыштарға деген сұраныстарды мұлдем жойды.

2. *Сатып алушылар саны.* Белгілі болғандай, тұтынушылар саны көбейген сайын, сұраныстың да жоғарылауын арттырады. Ал тұтынушылардың санын азайту сұраныстың кемуіне әкеледі. Мысалы, өмір сүруді ұзарту медициналық қызметке деген сұранысты арттырады.

3. *Kіріс.* Бұл фактордың сұранысқа деген ықпалы туралы өте күрделі. Тауарлардың көп бөлігіне қатысты кірістің, көбейуі сұраныстың артуына әкеледі. Және керісінше, егер төмендегілсе ондай тауарларға азаяды. Ақша кірісінің өзгеруіне тікелей байланысты сұраныс тауарларын, жоғары санаттағы тауарлар немесе қалыпты тауар делінеді. Тауарлардың көп бөлігі қалыпты тауарларға жатса да, кейбір ерекше тауарлар бар. Егер кіріс белгілі бір деңгейден асқанда сұраныс төмендейді, мысалы киілген киім үшін және үшінші сорттағы автокөлікке. Қарата-қарсы бағытта өзгеретін сұраныс тауарлары, яғни кіріс төмендегенде өсетін, төмен сатыдағы тауарлар деп аталады.

4. *Өзара байланысты тауарлар бағасы.* «Өзара байланысты тауарлар» термины бір тауардың бағасының өзгеруі басқа та-

уардың сұранысына өзгеріс өкелетін тауарлар жатады. Оларды бір тауар бағасының өзгеруі өзара байланысты тауарға деген сұранысты ығыстырытынымен ажыратуға болады (мысалы: шаңғыға деген бағаның төмендеуі шаңғы бөтенкесіне деген сұранысты арттырады.)

Екі тауарды қаратырып көрелік, *X* және *Y*. Егер *X* және *Y* тауар – алмастырушы болып табылса, онда *Y* тауарына деген бағаның жоғарылауы және *X* тауарына бағаның өзгерілмейі тұтынушылардың *X* тауарына деген сұраныстың артуына себепші болады. Ол *X* тауары үшін сұраныс қисығы онға қарай жылжиды. Егер *Y* тауарына баға төмендетілсе, *X* тауарына деген сұраныстың азайғанын көрсете отырып, *X* тауарына сұраныс қисығы солға жылжиды. Тауар – алмастыру мысалы ретінде май және маргариннді жатқызуға болады.

Өзара толықтырушы тауарлар үшін кері жағдай тән: *Y* тауарына бағаны төмендету, *X* тауарына деген сұранысты арттырады, ал *Y* тауарына бағаны жоғарылату, *X* тауарына деген сұранысты төмендетеді. Бұндай тауарларға мысал ретінде автомобиль мен бензин жатады.

1. Күту. Тауарлардың болашақ бағалары, тауарлардың бар болуы және болашақ табыс туралы тұтынушылардың күтуі сұраныстың өзгеруіне ықпал етеді. Болашақта бағаның есу мүмкіндігі тұтынушылардың сауданы дәл қазір жасауга итермелейді. Кірістің жоғарылауы туралы күтімі тұтынушылардың ағымдағы шығындарына аз шектеу жасайтынына өкеледі. Керісінше бағаның құлауы және кірістің төмендетуі тауарға деген ағымдық сұраныстың қысқаруына өкеледі.

«Сұраныстағы өзгеріс» түсінігін «сұраныс көлемінің өзгеру» түсінігімен араластыруға болмайды. Біз сұраныстағы өзгеріс сұраныс қисығының не онға, не солға жылжитынын атап еттік. Бұның себебі сұраныстың бағалаусыз факторларының бір немесе одан да көп өзгерістерістердің болуында.

Сұраныс көлемінің өзгеруі сұраныс қисығының бойында бір нүктеден екінші бір нүктеге жылжуы, яғни «баға – өнім мөлшері» бір комбинациясынан екінші комбинацияға өтуі. Сұраныс көлемінің өзгеру себебі осы тауар бағасының өзгеруі болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Орташа шығынның түрлері.
2. Орташа жалпы өнімдер дегеніміз не?
3. Ақтық шығынның анықтамасы.
4. Ауыспалы ресурсқа сиаттама беріңіз.
5. Азаймалы қайырым заны. Өндірістің өсу процесінде орташа және жалпы шығындармен не болып жатады?
6. Ұзақ мерзімді орташа шығынның қисығын көрсетіңіз.
7. Сұраныс түсінігіне сипаттама беріңіз.
8. Сұраныс заңдары дегеніміз не?
9. Тұтынынушының тауарға деген жеке сұранысын түсіндіріңіз.
10. Сұраныс қисығына сипаттама беріңіз.
11. Негізгі бағаланбайтын нарық сұранысының факторлары.
12. Сұраныстың тауарға деген өзгерісін түсіндіріңіз.

IV бөлім. НАРЫҚТАҒЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІК ПЕН ҰСЫНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

4.1. Ұсныс түсінігі

Ұсныс өнім санын білдіреді, онда өндіруші белгілі бір уақыт кезеңінде нарық бағасымен сатуға ұснуға және өндіруға қабілеті бар. Ұсныс 4.1-кестеде келтірілген альтернативті мүмкіндіктерді білдіреді.

Ұсныс, бағаға әсер ететін барлық факторлары өзгеріссіз қала отырып, қаншама өнім мөлшері түрлі бағамен сатуға ұснылатынын көрсетеді. «Ұсныс» түсінігінде анықтамасы бағаның тиімділігі жағынан қарастырылатынын көрсетеді.

4.1-кесте

Жеке өндірушілердің ұснылған тауарлары

Тауар бағасы (шартты бірлік)	Алтадағы ұсныстың көлемі
5	60
4	50
3	35
2	20
1	5


4.1-кестеден байқағанымыздай, баға мен ұснылған тауар арасында тікелей байланыс бар екенін көреміз. Бағаны көтерген сайын ұсныс көлемі де артады: бағаны төмендеткен сайын ұсныс та қысқарады. Бұл байланысты ұсныс заңы деп атайды. Бұл өндірушілердің төмен бағамен сатқаннаң гөрі, жоғары бағамен өз өнімдерінің жасап, ұсынысы келетінін көрсетеді.

Алдыңғы бөлімде келтірілгендей, тұтынушы кезқарасымен қарағанда, баға тежеуіш фактор ретінде қарастырылады. Жоғары баға ретіндегі кедергі тұтынушының өнімді сол бағамен аз мәлшерде сатып алады; баға төмендеген сайын тұтынушы көп мәлшерде өнімді сатып алады. Екінші жағынан тауарды жеткізуі өз тауарының құнын алушы болып табылады. Ол үшін баға әр өнім бірлігінен алатын ақшалай түсім ретінде қарастырылады, сондықтан оған бұл нарықта өз өнімін өндіріп, ұсынуға ынталандыру қызметін атқарады.

Қайсыбір кезеңде өнім бірлігін өндіру үшін шығын артады. Егер баға ақша түрінде артық немесе тепе-тен болса, шығын өдетте тауарды сатқан кезінде өтеледі. Шыққан шығынды өтеу үшін өндірілетін тауар бағасын көтеру керек болады. Не себепті шығындар ұлғая береді? Оның ұлғаю себебі белгілі бір ресурсты, соның ішінде жабдықтарды, ғимараттарды, құрылыштарды салуға қажетті тауарларды, қысқа мерзімде көбейту мүмкін емес. Сондықтан кәсіпорын осындағы ресурстардың санын ұлғайту барысында, соның ішінде тез көбейте алатын жұмысшы күшін, шикізатты, ол кезде ғимараттар мен жабдықтар шамадан тыс артады да келесі өнім бірлігі үшін шығын артады. Бұл өнім бірлігін өндіру үшін көп шығынды талап ететіндіктен өндірушілер жоғары баға алуды керек. Сонымен, баға мен ұсыныс көлемі үшін тікелей байланыс бар.

4.2. Ұсыныс қисығы

Өнім бағасы мен ұсыныс бағасының арасындағы тікелей байланысты екі өлшемдік график түрінде бейнелеуге болады, онда сұраныстағыдай, бағаны тік осінде, ал ұсыныс көлемін – көлденең осінде көрсетеміз (4.1-сурет). Графикте берілген мөліметтер нұсқасы көлтірілген. Графикті құрастыру техникасы сұраныстағыдай болып келеді.



Сұраныс көлемі (алта ішіндегі тауар бірлігінің саны)

4.1-сурет. Тауарға жеке ұсыныстың қисығы

Ұсыныс қисығы өрлеу бағытында ұсыныс заңына тап келеді – өндірушілер арзан бағадан ғері, тауардың көп бөлігін жоғары бағамен сатуға ұсыныс жасайды.

Біз жеке ұсынысты қарастырдық. Бірақ нарықта тек қана көп сатып алушылар ғана шықпайды, көп сатушылар да шығады. Жеке ұсыныс шкаласынан нарықтық ұсыныс шкаласына өту ұсыныс көлемін жинақтау арқылы жүзеге асырылады. 4.2-кестеде нарықтағы тек екі ғана сатушының өрекеті қа-


4.2-кесте

Тауарға нарықтық ұсыныс: екі сатушы

Тауардың бағасы, Р, ш.б.	Жеке ұсыныстың көмі		$Q_{жинақ} = Q_1 + Q_2$
	1-сатушы, Q_1	2-сатушы, Q_2	
5	60	50	110
4	50	35	85
3	35	25	60
2	20	15	35
1	5	10	15

растырылған. 4.2-суретте графикалық бейнелеуде жинақтау процесі көрсетілген, бұл ретте тек бір ғана баға – 3 шартты бірлік пайдаланады.

Жалпы ұсыныс қисығын шығару үшін екі жеке ұсынысын көлдененен орналастырамыз.




4.2-сурет. Жеке ұсыныс қисығы және нарықтық ұсыныс қисығы

4.3. Ұсыныс факторлары

Ұсыныс қисығын құрастыруда біз қандай да болмасын тауар бағасы ұсыныс көлемінің, ец маңызды факторы болып табылатынан шығамыз. Басқаша айтқанда ұсыныс қисығы ұсыныспен құрастырылады, яғни бағасыз факторлар алдын ала берілген жөне олар өзгерістерге ұшырамайды. Егер осы факторлардың біреуі өзгеріске ұшыраса ұсыныс қисығының орналасуы да өзгереді.

Ұсыныстың негізгі бағасыз факторларына төмендегілер жатады:

1. Ресурстардың бағалары;
2. Өндіру технологиясы;
3. Салық пен дотациялар;
4. Басқа тауарлардың бағасы;
5. Бағаның өзгеруінің күтімі;
6. Нарықтағы сатушының саны.



4.3-сурет. Тауардағы ұсыныстың өзгерісі

Осы факторлардың біреуі өзгеріске үшіраса, тауар ұсынысының қисығы не оңға, не солға жылжиды. 4.3-суреттегі S_1S_1 -ден S_2S_2 -ке оңға қарай жылжу, ұсыныстың артуын білдіреді: бұл жағдайда өндірушілер өр мүмкін бағамен өнімнің көп мөлшерін жеткізуіді қарастырады. 4.3-суреттегі S_1S_1 -ден S_2S_2 -ке солға қарай жылжу ұсыныстың төмендеуін білдіреді: бұл жағдайда өндірушілер өр мүмкін бағамен өнімнің аз мөлшерін жеткізуіді қарастырады.

Келтірілген өр факторлардың ұсынысқа ықпалын қарастырайық.

1. **Ресурстардың бағасы.** Жоғарыда көрсетілгендей, ұсыныс засын түсіндіргенде өнімді өндіргенде кететін шығын мен ұсыныс арасындағы тікелей байланыс бар екені айтылды. Өнімнің қосымша бірлігі үшін көсіпорын жоғары баға белгілеуі керек, ейткені қосымша бірлік кеп шығынды талап етеді. Бұдан шығатын қорытынды, тауарда өндіру үшін қажетті ресурс бағасын тәмендету, өндіру шығынын тәмендедетеді және ұсынысты арттырады, яғни ұсыныс қисығын оңға қарай жылжытады. Мысал: егер тұқым мен тыңайтқыш бағалары тәмендесе, онда ұсыныстың артуын күту керек, мысалы жүгерінін.

2. **Технология.** Технологияны жетілдіру өнім бірлігін ресурстардың өз шығынымен өндіруге болады. Ресурстардың осы баға-

сы өнімді өндіруде кететін шығынды азайтады және сұранысты арттырады.

3. *Салық және дотация*. Салық – кәсіпорынның сатылған өнімінің нәтижесінде алынған ақшаның бір белгін мемлекет пайдасына бөлу ретінде қарастыруға болады. Кәсіпорын кейбір салықты өнімді өндіруге кеткен қосымша шығын ретінде қарастырады. Сондықтан салықты көтеру шығынды арттырады және ұсынысты қысқартады. Дотациялар, керісінше, мемлекеттің ақшалай көмегі ретінде қарастырылады. Қандай да бір тауарды өндіруге мемлекет дотация берген кезде, ол кезде оны өндіруге кететін шығынды нақты азайтады және сұранысты арттырады.

4. *Басқа тауарлардың бағасы*. Басқа тауарлар бағасының өзгеруі тауар ұсынысының қисығын жылжытуға кабілетті. Мысалы, бидайдың бағасын төмендету ауылшаруашылық өндірушілердің көп жүгеріні өсіруге және сатуға ұсынуға итермелейді. Және керісінше, бидайдың бағасын жоғарылату сол өндірушілерді жүгеріні өсіруге және сату ұсынысын қысқартуға мәжбүрлейді.

5. *Күту*. Болашақта өнім бағасының өзгеруін күту өндірүшінің нарыққа өз өнімін дәл қазір жеткізуғе әсерін тигізеді. Алайда, мысалы қазіргі тауар сұранысының қисығына жоғары баға күту қалай әсер ететіндігі туралы біржакты қорытынды жасауға болмайды. Ауылшаруашылық өндірушілер тауарларының болашақта бағаның жоғарылауын күтіп, жүгерінің нарыққа шығаруын тоқтатуы мүмкін.

Бұл ағымдағы сұраныстың қысқыруына әкеледі. Яғни, болашақта өнім бағасының жоғарылауын күту ағымдағы ұсыныстың қысқартылуына әкеледі. Екінші жағынан бағаның жоғарылауын күту кәсіпорындардың ресурстарды ұлгайтуға және сонымен қатар ұсынысты арттыруға итермелейді.


1. *Сатушылар саны*. Өндірудің осы көлемінде өнім жеткізушінің саны көп болса, солғұрлым нарықтың сұраныс артады. Салаға кепшілік кәсіпорынның енүі сұраныс қисығы онға қарай жылжи бастайды. Салада негұрлым кәсіпорын саны аз болса, согұрлым нарық сұранысы төмен болады. Бұл саладан фирмалар шыға бастаса, сұраныс қисығы онға қарай жылжи бастайды.

Ұсыныстағы өзгеріс пен ұсыныс көлемінің өзгеруінің арасындағы айырмашылық, суралыс өзгерісі мен суралыс көлемінің өзгеруінің арасындағы айырмашылыққа үқсас келеді. Суралыстағы өзгеріс ұсыныс қисығының жылжуын білдіреді. Ұсыныстың өзгеруінің себебі ұсыныстың бір немесе бірнеше бағасыз факторларының өзгеруімен түсіндіріледі. Ұсыныс көлемінің өзгеруі ұсыныс қисығындағы бір нүктеден екінші бір нүктеге ауысусын білдіреді.

4.4. Нарықтағы тәпе-тендік

Егер сұраныс көлемі ұзындық көлеміне тең болса, нарық тапе-тәндікте болады.

4.4-суретте нарық ұснысының қисығы және нарық сұранысының қисығы біруақытта көрсетілген. Қисықтардың қызылсызу нүктесі *tепе-тендік нүктесі* деп аталады. Оған тепе-тендік бағасы деп аталағын баға және тепе-тендік саны деп аталағын өнім саны сәйкес келеді. Тепе-тендік нүктесі сұраныс көлемі ұсныс көлеміне тең келген жағдайда білдіреді.



4.4-сурет. Нарықтық тапе-тәндік

Тепе-төндік бағадан асатын бағада ұсыныс көлемі сұраныс көлемінен артық болып шығады. Бул шығын сатушылардың

артық қалған өнімдерінен құтылу үшін бағаны түсіруге мәжбүрлейді. Бағаны төмендету өнім ұсынысын қысқартады және бір уақытта сатып алушыларды көп мәлшерде сатып алуға итермелейді. Тәңтаразылықтары бағадан төмен баға өнімнің жетісінешілігіне өкеледі, яғни бұл жағдайда ұсыныс көлемі сұраныс көлемінен артық болады. Сатып алушылардың ұсынған, бағаға үстеме қосу тәңтаразылық мағынаға ие болуга итермелейді. Бұлай бағаны көтеру өндірушілерді бір уақытта ұсынысты көтеруге мәжбүрлейді, ал сатып алушылар бар өнімді сатып ала бастайды, нәтижесінде қалдық мүлдем жойылады.

Ұсыныс пен сұраныс күштерінің бір деңгейде бағаны белгілеу қабілеті, бағаның теңеу функциясы деп аталады.

Тепе-тендік функциясынан басқа баға келесідей күрделі функцияларды орындауды:

- мұғдарлау функциясы – мұнда тепе-тең бағаға сатып алушының тұтынушылық мүмкіндігімен сұраныс көлемін шектейді.

- ақпарат функциясы – түрлі тауарлар нарығында баға тауар өндірушілердің шешім қабылдауы үшін негізгі ақпаратты жүргізеді, ал сатып алушылар үшін – тұтыну көлеміне қатысты болады.


- санкция функциясы – егер өндіруші сатып алушының тәуелсіздігін қабылдамаса, онда бағалау механизмі сатушыны кірісті төмендету арқылы «жазалайды».

4.5. Нарықтық тепе-тендікке ұсыныс пен сұраныс езгерісінің ықпалы

Өнімнің тәңтаразылық бағасына және тәңтаразылық мәлшеріне ұсыныс пен сұраныстың езгеруінің ықпалын қарастырамыз.

Ұсыныстың тұрақты болып қалатынын ескере отырып, алдымен сұраныс езгерісінің салдарын саралап көрелік. Мысалы, сұраныс 4.5, а-суретінде көрсетілгендей, еседі делік. Ұсыныс қисығында қылышатын жаңа нұктеден жаңа ұсыныстың бүрынғы нұктесінен жоғары және оңға қарай жылжуын, біз

қорытынды жасай аламыз: өзгермейтін ұсыныста сұраныстың артуы бағанын көтерілуі мен әсерін және өнім санын арттыру әсерін туғыздады. 4.5, б-суретінде көрсетілгендей, сұраныстың төмендеуі бағаның төмендеу әсері мен өнім мөлшерінің қысқарту әсері байқалады. Сонымен, біз, сұраныс өзгерісінің және бұдан туындайтын өзгерістердің теңтаразылық бағалар және өнім мөлшерін байқаймыз.



4.5-сурет. Сұраныс пен ұсыныстың өзгеруі және олардың баға мен өнім мөлшеріне ықпалы: а – сұраныстың артуы; б – сұраныстың төмендеуі; в – ұсыныстың артуы; г – ұсыныстың төмендеуі

Сұраныстың түрақты болып қалатынын ескере отырып, ұсыныс өзгерісінің ықпалын сарапалап көрелік. 4.5, в-суретінде көрсетілгендей, ұсыныс артқан кезде, қызылсызу жаңа нүктесі бұрынғы теңтаразылық бағадан төмен және оға қарай жылжиды, яғни теңтаразылық баға азаяды, бірақ теңтаразылық мөлшер өседі. Ұсыныс қысқарғанда (4.5, г-суретінде) теңтаразылық баға жоғарылаپ, өнімнің теңтаразылық мөлшері азаяды. Сонымен, ұсыныс өзгерісімен, бұдан шығатын теңтаразылы бағаның өзгеруінің арасында кері байланыс бар, бірақ бұл байланыстар тікелей байланыс болып табылады.

Еңбек нарығында, сондай-ақ тауар мен қызмет нарығында сұраныс пен ұсыныс заңы жүреді. Сұраныс заңы бойынша өз еңбегіне қарай негұрлым жұмысшы көп ақша алатын болса, жұмыс беруші аз мөлшерде жұмыс орнын ұсынады. Ұсыным заңында жұмыс беруші жұмысшыға негұрлым аз жалақы ұсынса, жұмысшы соғұрлым оған аз жұмыс жасағысы келеді. Нәтижесінде, еңбек бағасының тепе-тәндігі, өз еңбегін ұсынған жұмысшы саны жұмыс орны санымен сәйкес келеді. Бұл сұраным мен ұсыным арасындағы өзара байланысты көрсетеді. Жұмыс беруші жұмыссыз, жұмысшы жұмыс берушісіз өмір суре алмайды. Жұмысшысыз жұмыс беруші өз тауары мен қызметін еткізе алмайды, демек пайда түспейді деген сөз. Бір жағынан егер де жұмысшылар ешкім жалақы төлемесе, өмір сурғандағы ақша таба алмайды. Жұмыс беруші осы уақытта шығынды азайтып және кірісті көбейткісі келеді. Кез келген кесіпорын жалақыны негізгі шығыс көзі деп есептейді және жалақы мен еңбек өнімділігінің өзара деңгейін бақылайды. Жұмысшылар, керісінше, өз өмірлерін жақсарту мақсатында негұрлым көп жұмыс жасағысы келеді.

Ондіріс факторына сұраныс тауарға деген сұраныска байланысты. Еңбекке, капитал мен жерге сұраныс – бұл өндірістік сұраныс. Еңбекке сұраныс өндірілетін тауар құнына және оның өнімділігіне байланысты өлшенеді. Қолданылған еңбектің пайдасы еңбек өнімділігі мен жалақымен анықталады. Еңбек бағасының рөлі ретінде жалақы есептеледі.

Сұраныс пен ұсыныс бір уақытта өзгерген мезетте – бұдан да қын жағдайлар туындауы мүмкін. Олар бір бағытта немесе қарама-қарсы бағытта өзгеруі мүмкін. Бұл жағдайда бағаның үлғаюы немесе азаюы түрлі өсерін ескеру қажет. Оның нәтижелі ықпалы нақты жағдайларға тәуелді.

Бақылау сұрақтары

1. «Ұсыныс» түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Жеке өндірушілердің ұсынған тауарларын атаңыз.
3. Жеке ұсыныс қисығы және нарықтық ұсыныс қисығының схемасын түсіндіріңіз.

4. Ұсыныстың негізгі бағасыз факторлары.
5. Тауардағы ұсыныстың өзгерісін түсіндіріңіз.
6. Нарықтық тепе тенденциялары дегеніміз не?
7. Тепе-тенденциялары дегеніміз не?
8. Тепе-тенденциялары дегеніміз не?

В бөлім. СУРАНЫС ПЕН ҰСЫНЫСТЫҚ ИКЕМДІЛІГІ

Нарықта байланысты зерделеу өте жоғары қызығушылық танытады: Тауарбаяссы өзгерген жағдайда сұраныс пен ұсыныстың көлемі қаншалықты өзгереді. Бұл мақсат үшін сұраныс пен ұсыныс икемділігінің түсінігі енгізіледі.

Икемділік үшін баға мен кіріс бойынша икемділігінің түсінігі енгізіледі.

5.1. Баға бойынша сұраныс икемділігі

Ол тауар өндіруші (сатушы) үшін өте маңызды. Оны келесі мысалмен қарастырынмыз жөн.

Мысалы, нарықта картоп 1,5 шартты бірлікпен /кг бағасымен сатылып жатыр делік, 1 айдағы сату көлемі – 200 т. Картоптың көп қоры пайда болды. Сатуды жылдамдату мақсатында бағаны 1,4 шартты бірлік/ кг-та дейін төмендетуді шешті жөне 210 т сатылып кетті. Сатушылар дұрыс шешім қабылдады ма? 5.1, а-суретіне назар аударайық.

Тік осі бойына баға жіберілген (шартты бірлік/кг). Тенденциялы бағаны төмендету ұсыныстың жоғарылауын білдіреді (S_1 қисығы оғза қарай S_2 -ге дейін жылжиды). A_1 және B_1 нүктелерінде тепе-тендікке жетеді.

200 т-та 1,5 шартты бірлік/кг бағада кіріс құрайды:


$$TR_1 = 1,5 \cdot 200 \cdot 10^3 = 3 \cdot 10^5 \text{ шартты бірлік.}$$

200 т-та 1,4 шартты бірлік/кг бағада кіріс құрайды:

$$TR_2 = 1,4 \cdot 210 \cdot 10^3 = 2,94 \cdot 10^5 \text{ шартты бірлік.}$$

Сонымен, сату көлемін 10 т-та арттырынмынен, шығын 6 · 103 шартты бірлікті құрады.

Мысалы, сол төмендегілген бағамен 210 т емес, 250 т сатылды делік. Бұл жағдайда сату көлемі құрайды:



5.1-сурет. Баға бойынша сұраныс икемділігінің көлемін анықтау

$$TR_3 = 1,4 \cdot 250 \cdot 10^3 = 3,5 \cdot 105 \text{ тг.},$$

Яғни, $5 \cdot 10^4$ шартты бірлікке артық. Бұл жағдайда сатушының шешімі сәтті болды деуге болады. Бұл екі жағдайда бағаның өзгеруі өнім сұранысына өrtүрлі өсер етті. Мұны баға бойынша икемділік көрсеткішімен көрсетуге болады:

$$\xi_d = \frac{\text{Тауар көлемінің өзгерісі, \%}}{\text{Бағаның өзгерісі, \%}} = \frac{\Delta Q / Q_{optm} \cdot 100\%}{\Delta P / P_{optm} \cdot 100\%}$$

Сұраныс қисығының төмендеу сипаты болғандықтан, өрдайым $\xi_d < 0$. Алайда, есептесу кезінде бұл жағдайлар дерек-сізденеді және жағдай $\xi_d > 0$ болып есептеледі. Практикалық есептесу үшін өдетте Q және P мағынаны орташа мағына түрінде есептейді.

$$Q_{optm} = (Q_1 + Q_2) / 2; P_{optm} = (P_1 + P_2) / 2$$

Біздің ξ_d көлемі үшін есептеп көрелік:

$$1) \Delta Q_1 = 210 - 200 = 10 (\text{т}) = 10^4 (\text{кг})$$

$$Q_{optm} = (Q_1 + Q_2) / 2 = (210 + 200) / 2 = 205 \cdot 10^3 (\text{кг})$$

$$\Delta P_1 = 1,5 - 1,4 = 0,1 (\text{шартты бірлік/кг})$$

$$P_{optm} = (1,5 + 1,4) / 2 = 1,45 (\text{шартты бірлік/кг})$$

$$\xi_{d1} = \frac{10 / 205}{0,1 / 1,45} = 0,7$$



$$2) \Delta Q_2 = 250 - 200 = 50 (\text{т}) = 50 \cdot 10^3 (\text{кг})$$

$$Q_{\text{опт}} = (Q_1 + Q_2) / 2 = (250 + 200) / 2 = 225 \cdot 10^3 (\text{кг})$$

$$\Delta P_2 = 1,5 - 1,4 = 0,1 (\text{шартты бірлік/кг})$$

$$P_{\text{опт}} = (1,5 + 1,4) / 2 = 1,45 (\text{шартты бірлік/кг})$$

$$\xi_{d2} = \frac{50 / 225}{0,1 / 1,45} = 3,2$$



5.2-сурет. Қисықтың түрлі нүктелері мен икемділіктің мән шегіндегі баға бойынша сұраныс икемділігінің өзгеруі

Егер $\varepsilon_d < 1$ болса, онда сұраныс баға бойынша икемсіз, ал $\varepsilon_d > 1$ болса икемді. Сонымен қатар, егер сатылатын тауардың бағасы төмендеген жағдайда сатушының кірісін арттырып жатса, онда сұраныс баға бойынша икемді, егер бағаның төмендеуі жалпы кірісті төмендесе, онда сұраныс икемсіз. $\varepsilon_d = 1$ болғанда бағаның өзгеруі кіріске еш өсер етпейді.

Баға бойынша сұраныс икемділігі бірнеше факторларға байланысты, соның ішінде тауар алмастырушының бар болуы. Егер тауарда алмастырушылар көп болса, баға бойынша сұраныс икемді. Сонымен, автомобиль нарығы – бұл тауарлар икемділігінің нарығы қандай да бір маркіге бағаны төмендету ($\varepsilon_d = 2,1$ автомобильдері үшін) сатып алушылардың назарын аударады.

Тағам өнімдері, темекілер, киімдер алмастырушылары болмағандықтан, олар үшін $\varepsilon_d < 1,0$ болады.

Сұраныс қисығы бойынша A нүктесінен D нүктесіне жылжу, ε_d көлемі максималды мағынадан минималды мағынаға дейін өзгеретін болады.

Икемділік формуласын саралай отырып, ε_d екі шеткі мағынасын атауға болады.

5.1-кесте

ε_d	Икемділікті анықтау	Бага мен сұраныстың өзара байланысы	Пайданың бага өзгерісінен төуелділігі	
			Бага төмендейді	Бага өседі
$\varepsilon_d = 0$	Нақты икемсіз	Q бағага төуелді		
$\varepsilon_d < 1$	Икемсіз	$\Delta Q/Q_{opt} < \Delta P/P_{opt}$		
$\varepsilon_d = 1$	Бірмезеттілік икемділік	$\Delta Q/Q_{opt} = \Delta P/P_{opt}$	Өзгермейді	Өзгермейді
$\varepsilon_d > 1$	Икемді	$\Delta Q/Q_{opt} > \Delta P/P_{opt}$		
$\varepsilon_d = \infty$	Нақты икемді	$\Delta Q/Q_{opt} \ll \Delta P/P_{opt}$		

1. $\Delta Q = 0$ $\varepsilon_d = 0$ -де тауар мәлшерінің бағасының қандай да бір өзгерісінде, тұрақты. Сұраныс қисығы D_1D , тік, сұраныс баға бойынша икемсіз.

2. $\Delta P = 0$ $\varepsilon_d = \infty$ да тауарға деген сұраныстың бағаның өзгеруіне байланысты емес. D_2D_2 сұраныс қисығы көлдененнен, бұнда сұраныс өте икемді.

5.1-кестеде сұраныс икемділігі мен тауарды сатудан келген пайданың байланысы көлтірілген.

5.2. Кіріс бойынша сұраныс икемділігі

Кіріс бойынша сұраныс икемділігі кірістің төмендеуі немесе өсу барысында тауарлар мен қызмет көрсету қажеттілігінің өзгеруімен байланысты. Дамыған елдерде кірістің өсуі қызмет көрсету, сөн заттарына қажеттілігінің артуына өкеледі, дамушы елдерде – ұзақ мерзімді қолданатын тауарларда.

Кіріс бойынша сұраныс икемділігі өнім мөлшерінің пайыздық өзгеруі түрінде анықталады, бұл ретте кірістің пайыздық өзгерісіне сұраныс ұсынысы жасалады:

$$\xi_d = \frac{\Delta Q / Q_{opt} \cdot 100\%}{\Delta I / I_{opt} \cdot 100\%},$$

ΔQ және Q_{opt} – сұраныстың орташа және өсім көлемі.

ΔI және I_{opt} – кірістің орташа және өсім көлемі.

Кірісі бойынша сұраныс икемділігі өр тауарға әртүрлі.

Кіріс өскен сайын темендейтін тауарлар, $\varepsilon_i < 0$. Бұл сапасы төмен тауарлар, мысалы, емдемдік емес азық-түлік тауарлар. Батыста оған таза сүт, сары май және т.б. жатады.


Сапасы жоғары тауарларға $-0 < \varepsilon_i < 1$ және $\varepsilon_i > 1$. Негұрлым жануяға тауар қажет болса, соғырлым оның икемділігі аз.

5.2-кестеде АҚШ-тағы кіріс бойынша тауардың икемділігі қарастырылған.

Кірістегі өзгеріспен Энгель заңы байланысты: жануя кіріс өскен сайын тамаққа кеткен шығын темендейді, киімге, үйге, коммуналдық қызметке кеткен шығын белігі аз ғана өзгереді, ал мәдениет және рухани қажеттілікті қанағаттандыруға кеткен шығын артады.

5.2-кесте

Тауарлар тобы	Тауарлардың атауы	Мәні
Икемділігі теріс төмен сапалы тауарлар	Сүт	-0,5
	Шошқа еті	-0,2
	Картоп	-0,2
Икемсіз тауарлар	Кофе	0,0
	Күс	0,3
	Ірімшік	0,4
Икемі тауарлар	Сиыр еті	0,5
	Темекі	0,8
	Бензин	1,1
	Шарап	1,4
	Ұзақ мерзім пайдаланатын тауар	1,8



5.3-сурет. Кіріс бойынша сұраныс икемділігі

Негұрлым тұрғындар тамаққа ақшаны көп жүмсаған сайын, соғұрлым дәулет деңгейі төмендейді. Казіргі таңда 70%-ға дейін тұрғындар азық-түлік тауарларының қажетtelігін толығымен қанағаттандыра алмай отыр. Тұрғындардың көп белгілі жоқшылықта өмір сүруде, алайда ол оған кінөлі емес.

5.3. Сұраныстың тоғыспалы икемділігі

Нарықтың әдеттегідей тәжірибесі – бір тауарға сұраныс басқа тауарлардың бағасына тәуелді келеді. Мысалы, бензинге деген бағаның өсуі жанармайға көп шығын кететін қуатты автокөліктеге сұраныс төмендейді. X тауарына сұраныс Y тауарының бағасының өзгеруіне тәуелділігі сұраныстың тоғыспалы икемділігі арқылы анықталады:

$$\xi_{xy} = \frac{\text{Сұраныстагы } X \text{ тауар құнының өзгерісі, \%}}{Y \text{ тауар бағасының өзгерісі, \%}} = \frac{\Delta Q_x / Q_{x_{\text{опт}}} \cdot 100\%}{\Delta P_y / P_{y_{\text{опт}}} \cdot 100\%}$$

Өзара толықтыратын тауарлар әрқашан сұраныстың жағымсыз икемділігіне ие болады (бензин – автомобиль), өзара алмастырушы тауарлар жағымды икемділікке ие: X тауарының бағасы жоғарылаған сайын, сұранысты жасалынған Y тауарының мөлшері артады (турлі маркалы автокөлікттер).

ε_{xy} мәғинасы $-\infty < \varepsilon_{xy} < +\infty$ мәғинасында орналасуы мүмкін. Әлдебір тауарды өндіруде монополист емес фирма-проду-

цент (өндіруші) екенін дөлелдеу үшін антимонопольді саясат жүргізу кезінде басқа фирмалың тауарымен сұраныстың жағымды тоғыспалы икемділігі қызмет етуі мүмкін.

5.4. Ұсыныс икемділігі

Ұсыныс икемділігі тауар бағасының өзгеруіне ұсыныстың сезімталдығымен сипатталады:

$$\xi_s = \frac{\text{Ұсынылган тауар санының өзгерісі, \%}}{\text{Бағаның өзгерісі, \%}} = \frac{\Delta Q / Q_{opt} \cdot 100\%}{\Delta P / P_{opt} \cdot 100\%}$$


ε_s көлемін есептеу өдістемесі ε_d үшін есептеумен параллар. Бұл ретте ұсыныс қисығы өрлеу сипатына ие екенін ескеру керек, сондыктан өрқашанда $\varepsilon_s > 0$.

Ұсыныстың икемділігі кейбір жағдайларға байланысты: соның ішінде:

- тауарларды ұзақ мерзім сақтау мүмкіндігі;
- өндірістік процестің ерекшелігі (мысалы, көлемді кеңейту, т.б.);
- уақытша факторлар (өндірісті кеңейту, несиені пайдалану, т.б.).

Ұсыныс қисығын қарастырайық, (5.4, а-сурет) жайпақтау қисығы көбірек икемділікке ие болады ($\varepsilon_{s1} > 1$). Бағаның сел өсуі ұсыныс көлемін едөүір арттырады. $\varepsilon_s < 1$ -де ұсыныс икемсіз.

Кәсіпкерлер үшін $\varepsilon_s > 1$ мағынасы тепе-тендік бағаның өсуінде өте пайдалы, себебі кіріс сату көлеміне тепе-тендік бағаның өндірілуі ретінде анықталады. Алайда ұсыныстың жоғары икемділігінде тепе-тендік бағаны төмендеткенде кіріс лезді төмендейді. Сондыктан сұраныстың төмендеуі салдарынан тепе-тендік бағаның төмендеуі жөне өзгерілмейтін ұсыныста кішігірім кәсіпкерлер қызметі құлдырауга ұшырайды.



5.4-сурет. Ұсыныстың икемділігі (а) және икемділіктің шеткі мавынасы (б)

Сұраныс секілді ұсыныстың да икемділігі екі шеткі магынасына ие (5.4, б-сурет):

1) $\varepsilon_s = 0$, S_1 қисығы тігінен орналасқан, қандай да болмасын бағаға өзгеріс болса да, ұсыныс көлемі өзгермейді, ұсыныс абсолютті икемсіз.

2) $\varepsilon_s = \infty$, S_2 қисығы көлденендең орналасқан, қандай да болмасын бағаға өзгеріс болса да, баға өзгермейді, ұсыныс абсолютті икемді.

Бақылау сұрақтары

1. Баға бойынша сұраныс икемділігі дегеніміз не?
2. Кіріс бойынша сұраныс икемділігі дегеніміз не?
3. Сұраныстың тоғыспалы икемділігі, ұсыныс икемділігіне мысал келтіріңіз.

IV бөлім. ДАРА ТАУАРЛАРДЫҢ НАРЫҚТАФЫ СҮРАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУЫ

6.1. Ақтық пайдалылықтың азаю заңы

Нарықтағы әр тауардың сұранысы пайдалылықты субъективті бағалаудың байланысты. Нарықтың теориясы мен тәжірибесінде тауардың ақтық пайдалылық теориясы үлкен мағынаға ие болды.

Пайдалылық – тауар мен қызмет көрсетудің тұтынудан алатын қанағат.

Негізінен жалпы және ақтық пайдалылық ажыратылады. Жалпы пайдалылық – тауардың белгілі бір жиынтығын тұтынудан алатын қанағат. (мысалы, 20 кг картоп) Ақтық пайдалылық – тауар мен қызмет көрсетудің қосымша бірлігін сатып алу нәтижесіндегі жалпы пайдалылықтың есімі. Ақтық пайдалылықты төмендеду тауар бірлігін тұтынушының субъективті бағасының азаюымен байланысты. Сәйкесінше, ақтық пайдалылықтың азаю заңы төмендегідей.

Егер басқа тауардың тұтынуы өзгеріссіз болса, онда қандай да бір тауардың немесе қызмет көрсетудің қажеттілігін тоғызыту барысында бұл игіліктің келесі бірлігін тұтынудан қанағаттануы төмендейді.

6.2. Бюджеттік желі

Мысалы, бір жанұя 600 ақшалай бірлік бюджетіне ие делік, оны тек екі тауар арасында ғана үлестіре алады – ол киім және тағам өнімдері. Сонымен, киім бірлігі (y тауары) 60 ақшалай бірліктен тұрады, ал тамақ бірлігі (x тауар) 15 ақшалай бірліктен тұрады. Ол кезде жанұя бір айда 10 бірлікке киім, немесе 40 бірлікке тамақ не мына сомага сол және басқа да тауарлар сатып алады:

$$600 = 60 \cdot y + 15 \cdot x$$

x магынасын үсінде отырып, y көлемін алуға болады және керісінше.


Кесте құрастырайық (6.1, а-сурет)

Ab түзуі – жанұяның бюджеттік сыйығы; теория бойынша бұл желінің нұктесі – жанұя таңдауының бірден-бір нұсқасы. Жанұя көрсетілген тауарлардың (желіден төмен орналасқан) кез келген нұсқасын сатып алуға мүмкіндігі бар (мысалы, k нұктесі), бірақ жанұя бюджеттің шектелуіне байланысты m нұктесін сатып ала алмайды.


Егер жанұя кірісі төмендесе, бюджеттік желі төмен өтеді және бағаның өзгеріссіз жағдайында ab -га параллель болады. Жанұя аз тауар сатып ала алады. Егер кіріс көбейсе, баға тұрақталған жағдайда бюджеттік желі ab (ef желісінен) жоғары өтеді де сатып алу қабілеті жоғарылады.

Бюджеттік желі өрекетінің нұсқасын құрастырайық:

А) егер кіріс шен баға бірдей өзгерсе (пропорционалды) бюджеттік желі өзгеріссіз;



a)



b)

6.1-сурет. Бюджеттік желі (a) және x (b) тауарына түрлі бағадағы өрекетінің нұсқалары

Б) егер x немесе y тауарларының бағасы төмендесе, оларды көбірек сатып алуға болады, сондықтан бюджеттік желі оңға немесе жоғары (мысалы, 6.1, б-суретте: $ad - x$ тауарына бағаның өсуі, $af - x$ тауарына бағаның төмендеуі) жылжиды.

Сонымен, баға мен кірістің өзгеруі бюджеттік желі жағдайының өзгеруіне себепкер болады.

6.3. Бейтараптық қисығы

Егер бюджеттік сзық жанұяның шынайы сатып алу мүмкіндігін сипаттаса, онда нарық теориясында жанұяның сатып алу ниетін, ықыласын зерттеу өте маңызды. Бірнеше мәлшерде тауарды сатып алу ықыласы жанұяны әлеуетті сатып алушы ретінде сипаттайды, және бұл ықыласты бейтараптық қисығымен зерттеуге болады.

Мысалы, жанұяны 10 киім бірлігін және 5 тамақ өнімінің бірлігін сатып алса, қанағат тұтады. Алайда бұл тауарлар мәлшерінің басқа да үйлесімдері бар, олар да дәл солай қажеттілікті қанағаттандыра алады. Егер жанұяның субъективті бағалаудың түрлі киімдер және тамақтар комбинациясын тұтынудан бірдей қанағат алса, онда сондай тауарлардың үйлесімділігіне жанұя бейтарап қарайды делінеді.


Онда үйлесімділік 6.1-кестеде келтірілген мәліметтермен берілген.

a, b, c, d, e, f нүктелерінен IC қисығын – бейтарап қисығын жүргізейік.

Әрі қарай осы графиктен тыс кез келген нүктені таңдаймыз (мысалы, g) одан IC_1 тағы бір қисығын жүргіземіз; оның нүктесі IC_2 – қисығына қарағанда қолайлырақ. Бұндай қисықтарды көп жүргізуге болады. Бұндай қисықтар жүйесін бейтарап қисықтары деп аталады. Негұрлым қисық жоғары болса, сонда орналасқан тауарлар комбинациясы қолайлырақ келеді.

Бірдей қанағат беретін тауарлардың үйлесімділік бірлігі

Қарасырылатын комбинация	Киім бірлігінің саны, (C)	Тамақ бірлігінің саны, (F)
A	10	5
B	7	10
C	5	20
D	4	30
E	3	45



6.2-сурет. Бейтарап қисығы

6.4. Ауыстырудың ақтық нормасы

Қандай да бір сатып алу кезінде шаруашылық басқа тауарлардың бас тартуға мәжбур. Бас тарту ауыстырудың ақтық нормасының түсінігімен бағалануы мүмкін, бұл басқа тауарлардың қосымша бірлігінің сатып алу үшін тұтынушы бір тауардың қанша мөлшерінен бас тарту керектігін көрсетеді.

$$MRS = \frac{\Delta Q_{\text{ким}}}{\Delta Q_{\text{тамақ}}}.$$

Темен қарай құлаған қисық белгіге байланысты өсімі түрлі болғандықтан $MRS < 0$.


9.2. Монополиялық бірлестіктердің формалары

Ірі көсіпорындар арасындағы бөсекелестік талқандаушы сипатқа ие.

Көсіпорындар көлемінің үлкенділігі және техниканың жоғары деңгейлігі құралдарының көп белгілі машиналар мен жабдықтарды, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыштарды сатып алуга кетеді. Бұның барлығы бір саладан екінші салага ауыстырылуы мүмкін, демек баға төмендегендегі ірі көсіпорындарға үлкен шығасысына қауіп төнеді. Бөсекелестіктің азайту мақсатында, тауарға жоғары баға белгілеуде және үлкен табыс алу үшін ірі көсіпорындар монополиялық одаққа бірігеді. Монополияга келесі қасиеттер төн:

1. Монополист нарықта өз еркін мәжбүрлелітін, жалғыз сатушы ретінде шығады.
2. Сатылатын тауар ерекше сипатқа ие.
3. Монополист нарықтың билікке ие – бағаны өзі орнатады, нарыққа тауарды жеткізу көлемін анықтайды, сату жағдайын бақылайды және т.б.
4. Басқа фирмаларға монополист жеңе алмайтын жасанды кедерілдер белгілейді.

Монополиялық бірлестіктердің типтік формаларына консорциум, картель, синдикаттар, трестер, концерндер жатады.

Консорциум бірлескен ірі жобаларды дайындау және іске асыру мақсатында өндірістік компаниялар, дайындаушылар, банктер арасындағы уақытша келісімдер негізінде құрылады.

Картель – өндіру және еткізу дербестігі жойылмаған, алайда кейбір мәселелер бойынша келісімге келген бір саладағы көсіпорындардың бірлестіктері. Алдымен картель келісіміне бірыңғай монопольді жоғары баға енеді, онда картель қатысушыларына өз тауарларын сол бағамен сатуға мәжбүрлеліді.

Синдикат – бұл сату дербестігінен айырылған бір саладағы көсіпорындардың бірлестігі. Өз кезегінде картель қатысушылары нарықта тауарларны дербес сатып жатқанда синдикат келісімі бірлестікке кіретін көсіпорынның барлық өнімін синдикатқа өткізіп, сол арқылы, яғни өткізу конторлары арқылы тауарларды сатады.

Трест – жекеменшік бірлестігінен және дербестігі жойылған көсіпорындардың бір немесе бірнеше саласын басқару болып табылады. Трест тек тауарды ғана сатып қоймайды, трест құрамына кіретін көсіпорындарды толығымен басқарады.

Концерн – монополиялық бірлестіктің жоғары формасы болып табылады. Ол бірыңғай бақылау орнатылған көсіпорындардың түрлі салаларының бірлестігін білдіреді. Концернге кіретін көсіпорындар түрлі елдерде орналасады.

Монополист ретінде тек ірі фирмалар емес, жаңа өніммен нарыққа қатысушы басқа да кез келген фирмалар да болуы мүмкін. Өз монополиясын жаңалықты патенттеу арқылы немесе мазмұнын құпия түрінде ұстау арқылы бекітеді. Патент жаңалықты пайдалануды айрықша құқыққа ие болады (басқа фирмалар оны пайдалануға құқығы жок). Мұндай монополия әдетте ұзаққа бармайды, шамамен 2–3 жыл, себебі басқа фирмалар бұл уақытта құпияны ашуға және патентті «айналып өтуге» тәсілдер іздел табады, мысалы, өнімге үқсас айырмашылығы бар өнімді дайындау жолымен жасайды.

9.3. Нарық түрлерінің бәсекелестік пен монополиялардың тәуелділік арақатынасы

Сұраныс пен ұсынысты жасаушы ретіндегі сатушылар мен сатып алушылар арасындағы өзара қымылы нарықта өтеді. Бағаға, өндіру көлеміне, тауарды сатып алуға қатысты сатушылар мен сатып алушылардың шешімі түрлі нарық үшін өзгешелеу болады. Жалпы айтқанда, экономикалық зерттеулердің мақсатына байланысты нарықтық құрылымдардың топтастырылуы түрлі болады. Бәсекелестік пен монополиялық қатынастың негізінде нарықтың келесі түрлері ажыратылады:

1. Таза бәсекелестік;
2. Таза монополия;
3. Монополиялық бәсекелестік;
4. Олигополия.

Таза бәсекелестік деп бір-бірінен төуелсіз өрекет ететін сатушылардан тұрады. Бәсекелесуші фирмалар стандартты немесе біртектес өнім өндіреді. Тұтынушыға бұл бағамен қай сатушыдан сатып алса да берібір. Бәсекелестік нарықта A, B, C, D фирмаларының өнімдерін бір-біріне дөлме-дөл үқсас ретінде қарастырады. Өнімді стандарттау салдарынан бағасыз бәсекелестік үшін негіздеме болмайды, яғни тауар сапасының, жарнама, өткізуге ынталандыру айырмашылықтар негізінде бәсекелестік болмайды.

Таза бәсекелестік нарығыда дара фирмалар өнім бағасына аз ғана бақылау жасайды. Бұл қасиет келесі қасиеттерден шығады. Таза бәсекелестік жағдайында өр firma жалпы өндіруду көлемінің аз ғана белігін өндіреді, оны шыгаруды көбейтседе, азайтса да жалпы ұсынысқа еш өсері болмайды. Өнім бағасы өндірушінің өсер ете алмайтын көлемі. Ол тек соған бейімде-ле алады. Нарық бағасынан жоғары баға белгілеу еш нөтиже бермес еді, себебі дәл сондай өнім басқа фирмада төмен бағамен сатылады. Сонымен қатар, ол фирмада да ең төмен баға белгілеу қажетілігі жоқ, себебі ол аз пайда көреді.

Жаңа фирмалар еркін кіре алады, ал бар фирмалар таза бәсекелес салаларды еркін тастап кете алады. Демек, жаңа фирмалардың пайда болуына және бәсекелестік нарықта өнімдерін өткізуге заң, технология, қаржы және басқа да жағынан еш ке-дергі жоқ.

Таза бәсекелестік тәжірибеде сирек кездеседі. Алайда шынайы нарық құрылымын зерделеу үшін бір нарық моделін құруға мүмкіндік туғызады. Модель бәсекелестік нарығында көптеген шынайы нарық үшін қанағаттандырудың ақыраттылығына жақыннатады. Мысал ретінде батыс нарықтарының ауылшаруашылық тауарларын, құнды қағаздар нарығын келтіруге болады.

Таза монополия жағдайында сала бір фирмамен көрсетіледі. Ол сол өнімді жалғыз өндіруші немесе жалғыз қызмет

түрін жеткізуші болып табылады. Бұл белгіден шығатын, монополия өнімінің ерекшелігі – жақсы немесе соган үқсас өнімдерінің болмауында. Сатып алушы монополистен сатып алуға мәжбүр немесе сол тауарсыз қалуға тиіс.

Таза бәсекелестік жағдайда дара фирмалар тауар бағасына еш өсер етпейді, себебі ол нарық ұсынысының аз ғана үлесін береді. Оған қарама-қарсы бағаны ұstemдік етуші таза монополист шығады, бұл ретте фирма бағага қатаң бақылау етеді, себебі, сол өнімді жалғыз езі шығарады.

Таза монополия жағдайында жаңа фирмалардың салалағандағы өнімдері көрдегілер кездеседі. Бұл көрдегілер алдымен монополиялық фирмалардың патентінің бар болуында, сондай-ақ өндіру көлемін ұнемдеуінде. Кейбір салалардағы заманауи технологиялар үлесі келесідей: нәтижелі аз шығынды өндіруді тек ірі өндірушілер ғана іске асыра алады. Жаңа тексерілметген көсіпорындар үшін, мысалы, көп мәлшердегі қаражатты қарызға алу қындық тудырады. Монополиялық фирмалардың жабдықтарына сай жабдықтар сатып алу үшін үлкен қаражат керек.

Кейбір салаларға, яғни табиғи монополия деп аталатын, мемлекет белгілі бір жене қоғамдық пайдаланудың көптеген көсіпорындары жатады – коммуналдық, электрлік және газ көсіпорындары, қоғамдық келіктер, теледидар, су және байланыспен қамсыздандыру көсіпорындары жатады. Алайда оған айырбас ретінде мемлекет сол жағрафиялық аймақта электр, су, келік қызметімен қамтамасыз ету құқығына, монополия әрекетін реттеу құқығына ие болады. Бұнымен мемлекет монополияға берілген билігін асыра пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Монополия нарықта сатып алушы жалғыз болып шығатын сұраныс жағында және оны монополия деп атайды.

Монополиялық бәсекелестік деп көптеген үлкенді-кішілі көсіпорындары бар, бірдей, бірақ үқастығы жоқ тауар шығаратын нарықтық жағдайды атайды. Егер таза бәсекелестік жағдайда жүзделеген, мыңдаған фирмалар қатысады болса, ал монополиялық бәсекелестікте шамамен 25, 35, 75 фирма қатысады.

Бұндай фирмалар санынан монополиялық бөсекелестіктің басқа күрделі белгілері шығады. Өр firma өнімнің аз мөлшерін шығарады, сондықтан нарықтың бағаны бақылауда салыстырмалы түрде қарайды. Саладагы фирмалардың көптігінен фирмалар арасындағы өзара төуелділігі сезінбейді, әр firma өз саясатын анықтайды.

Таза бөсекелескे қарама-қарсы, монополиялық фирмалардың негізгі қасиеттерінің бірі өнімді дифференциациялау болып табылады, яғни өндірушілер көптеген түрлі өнімдер шығарады. Мысалы, киім жұмыс сапасына, материалына, стиліне қарай ажыратылады. Монополиялық бөсекелестік жағдайда экономикалық бақталастық тек бағага қатысты ғана емес, өнім, жарнамалау, тауарды стауға байланысты жағдайлар бір жерге топтастырылады, яғни бұл нарық түріне бағасыз бөсекелестік тән.

Монополиялық бөсекелестік саласына ену жеңіл. Өндірушілердің өнім өндіру жағынан қараганда да, жалпы алғанда да, өндіру көлемінің өсері мен талап етілетін құралдар көп емес. Басқа жағынан қарасақ, таза бөсекелестікпен салыстырғанда, бөсекелестің өнімінен өзгеше жөне осы өнімді жарнамалау үшін өнім қажеттілігінен туындаған кейбір қаржылық кедергілер кездесуі мүмкін.

Олигополия. Нарыққа фирмалардың аз саны қатысса, олигополиялық болып табылады. Бұл бір фирмандың бағаны анықтаудағы жөне өндіру көлемінің шешімі басқа фирмавың іс-әрекетіне байланысты екенін білдіреді. Өр firma бөсекелесінің қабылдаған шешімінің өзіне өсер еткенін сезінеді жөне ол шешімдерді еңсеруі тиіс. Өнімдер стандартталған болуы мүмкін (мысалы, болат, алюминий), я болмаса дифференцияланған да болуы мүмкін (түрлі маркалы автокөліктер).

Олигополияда салаға ену өндіру көлемінің өсері, патент, шикізатпен иемдену сияқты кедергілермен шектеледі. Олигополияның пайда болуы бірігу мен жұтылудың ықпалынан болады. Жалпы олигополия нарықта аз болғанда ғана, яғни әр firma баға немесе басқа саясатты қалыптастыру барысында бөсекелестердің өсерін ескеруі де керек.

Нарықтың негізгі түрлерінің сипаттамасы

Басты ерекшелігі	Нарық моделі			
	Таза бәсекелес	Монополиялық бәсекелес	Олигополия	Таза монополия
Фирма саны	Өте көп сан	Көп	Бірнешеу	Біреу
Өнім түрі	Стандартталған	Дифференциялық	Сандартталған немесе дифференциялық	Ерекше; ұқсас алмастырылғыш жок
Бағаның үстінен бақылау	Жоқ	Кейбіреуі, алайда шектеулі шегінде	Әзара тәуелділікпен шектелген;	Едеуір
Салаға кіру шарттары	Өте женіл, тоққауыл жоқ	Салыстырмалы женіл	Тосқауылдың болуы	Салаға кіруге оқшауланған
Бағасыз бәсекелес	Жоқ	Маңызды	Белгілі жағдай, әсіресе өнімді саралауда	Аз ғана
Шетелдің экономикасынан мысал	Ауыл шаруашылығы	Киім және аяқкиім өнімдерін өндіру	Болат, автомобильдер, ауыл шаруашылығы техникасының өндірісі	Коғамдық пайдаланудың жергілікті көсіпорындары

9.1-кестеде нарық түрлерінің негізгі ерекшеліктері қарастырылған. Бір пішіннен екінші пішінге өту барысында фирмалар саны нарықта түрленбелі болады: таза бәсекелестікте өте көп мөлшердегі фирмалар санынан таза монополиядағы бір фирмага дейін. Таза бәсекелестікте өндірілген өнім стандартталған, монополиялық бәсекелестікте – дифференцияланған, бірегей ерекшеліктік таза монополияда болып табылады. Олигополияда ол стандартталған немесе дифференцияланған болып келеді. Нарықты монополиялау барысында өндірушілер тарапынан бағаны бақылауга алу күшіне түседі де жаңа фирмалардың салаға енуіне қызындықтар туғызады. Таза монополия мен таза бәсекелестікте бағасыз бәсекелестік болмайды да, ал монополиялық бәсекелестікте және олигополияда оның аса үлкен бәсекелестігі болып табылады.

9.4. Экономиканы монополияға қарсы реттеу

Заманауи жағдайда нарықтың көпшілігі бөсекелестікпен монополияның үйлесімділігімен сипатталады. Бөсекелестік қоғамдық өндірістің дамуына ықпал етеді, ғылыми-техникалық прогрессі ынталандырады. Бұл көсіпорындардың өз өнімдерін және технологияларын еріксіз үнемі жетілдіруді қажет етеді. Сонымен қатар, бөсекелестік күштердің әрекетінің бей-берекеттілігі және өндірістің аса көп шоғырлануы күрделі экономикалық өлеуметтік салдарына әкеледі.

Монополиялық күштер ірі өнеркәсіптер, мемлекеттер, бірлестіктер жағынан байқалады. Олардың ықпалы да біркелкі емес. Бір жағынан, бөсекелестіктің қиратушы күшін шектейді. Екінші жағынан, реттеу саяздық мақсатылықты көздейтін күштерге бағынатындықтан, ол тоқырауға ұшырайды. Бөсекелестік күштерді басуда ірі көсіпорындардың абсолютті монополиясы ғылыми-техникалық прогрессі және өндірістің дамуын тежейді.

Әлемде монополиялық жағдай деп бір фирма нарықтың 30%-ын үстап тұрған жағдайын айтады. Ал біздің елімізде 100% өнімді өндіру бір көсіпорынға шоғырландырылған. Көптеген жағдайда сапасы темен өнім шыгару, жогары баға, көсіпорындар арасындағы келісімшарттардың орындалмауы осы монополияларға байланысты болып жатады.

Экономиканы монополиялаудың жағымсыз жақтарын ескере отырып, үкімет монополиялық жағдайларын асыра пайдалануши фирмалар белгілі бір шаралар қолданады.

Монополияға қарсы зандылық мемлекеттік экономиканы реттеу түрлерінің бірі болып табылады. Түрлі елдердің монополияға қарсы жалпы мақсаттарына:

1. Бөсекелестікті қорғау және мадақтау болып табылады;
2. Нарықта монополиялық позициямен айналысатын фирмалар үстінен бақылау жүргізу;
3. Баға белгілеудің үстінен бақылау жүргізу;
4. Тұтынушылар мүдделерін қорғау;
5. Ұсақ және орташа фирмалардың операцияларына ықпал ету жатады.

Заңсыз деп:

1. Нарықта үстемдік жағдайдағы фирмалар арасындағы өткізу нарығын аймақтық бөлісу туралы келісімдері;
2. Келісілген бағаларды белгілеу;
3. Біріктіру және жұтылу, егерде нарықта кейбір фирмалардың мұдделері күшеттей болса.

Монополияға қарсы заңымен фирмандың айыптау үшін, фирмандың монополист екенін және де оның нарықта қабылданбаған іскерлік тәжірибелер мен этикет тәсілдерін қолданатынын дәлелдеу қажет. Бұл заңдылықты бұзғаны туралы істі қозғауга мемлекеттік органдарымен қатар (мысалы, АҚШ-та – сауда комиссияның Федерациясы), монополиялық тәжірибеден жапа шеккен жеке фирмаларда істі қозғай алады. Трестке қарсы (монополияға қарсы) заңдылықтары бар барлық елдерде істі қарастыру үшін арнайы соттар құрылған.

АҚШ монополияға қарсы заңының отаны деп атауға болады. Ол Шерман (1890 ж.), Клейтон (1914 ж.) және Селлера Кефовер (1950 ж.) заң негіздерінен құрылған. Артынша толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп отырылған.

Шерман және Клейтон заңдарында монополиялық бірлестіктермен қатар, алакол тәсілдері сипатталады. Заманауи тәжірибеде монополияға қарсы реттеу картельдер арасында айырмашылықтар жүргізіледі. Қөптеген елдер ішкі нарықта картельдердің пайда болу процестерін қатаң бақыларап отырады, сонымен қатар экспертик картельдің құрылуын қолдайды.

Селлер-Кефовер заңы фирмалардың бірігуі мен жұтылуын бақылау үшін бағытталған. Бұл процестер экономикалық биліктің шоғырлануына әкеледі. Біз қарастырғанымыздай, бірігу мен жұтылу сипаты жағынан тігінен, көлдененен немесе диверсификацияланған болып табылады.

Монополиялық және олигополиялық жағдайдың пайда болуына алдымен бірігу мен жұтылуың көлденене интеграциялауға бағытталуына әкеледі. Нарықтың шоғырландыру және орталықтандырудың өлшем дәрежесінің әдістерінің бірі арнайы индексінің есебі болып табылады (Герфиндалль-Хиршман индексі). Ол келесідей анықталады: өр фирмандың нарықтың үлесі квадратқа шығарылады және қорытындысы қосылады:

$$H = \sum_{i=1}^n d_i^2 = d_1^2 + d_2^2 + d_3^2 + \dots + d_n^2,$$

мұндағы d_i – нарықтағы дара фирмалардың үлесі;
 n – осы өнімнің нарықтағы фирмалардың саны.

Мысалы, егер нарықта әрекет етуші қандай да бір өнімнің әр бес фирмасына 20% үлесі тиесілі болса, онда бұл нарықтың индексі 2000 ($20^2 \cdot 5 = 2000$)-ді құрайды. Индекс көп болған сайын, нарық шоғырландырылуы жоғары болады. АҚШ-та индекс 1000-ға тең немесе одан аз болса да біріктіріледі, себебі ондай нарық шоғырландырылған болып есептелінбейді. 1000–1800 шамасында біріктірілуге тыым салынады, егер индексін 100 және одан жоғары бірлікке көбейтсе. Нарықта 20% үлесі бес фирма мысалына қайта оралайық. Егер олардың екі фирмасы бірігүте әрекет етсе, не болады? Оnda индекс 2000-нан 2800-ге дейін көбейеді ($(20+20)^2 + 20^2 + 20^2 + 20^2 = 2800$), Онсыз да аса шоғырланған, бұндай бірігулер нарықтың шоғырлануын арттырады. Соңдықтан бұндай бірігулерге тыым салынады.

Бұдан басқа индекстер фирмалардың бірігүіне сараптама жасаушы монополияға қарсы органдар басқа да факторларды есепке алады: яғни, сол салаға жаңа фирмалардың еніп кету мүмкіндігін; шетел фирмалардың бәсекелестігін; тоқырау алдында тұрган фирмалардың бірігүте қатысуын; ол кезде бірігүте рұқсат беруі мүмкін.

Тігінен интеграциялау бағытында жүргізіліп жатқан бірігү немесе жұтылу бұлда нарық үшін қолайсыз салдары болуы мүмкін. Мысалы, ресурстарды жеткізушіні иемдене отыра, өндіруші өз бәсекелестерін жеткізуге шектеу қоюы мүмкін. Тігінен интеграцияланған кәсіпорын, бәсекелестеріне түрлі тосқауыл қоя отырып, оларды сонымен қатар нарықта бағаны төмендету арқылы ығыстырып шығаруы мүкін.

Диверсификациялау бағытындағы бірігу мен жұтылуды бақылауды ескере отырып, ең күрделі кезеңдерінің бірі фирмалардың қосымша қаржылық мүмкіндіктері болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Багалы бәсекелестікке сипаттама беріңіз.
2. Өндірісті шоғырландыру себептері?
3. Монополияның екіүшты анықтамасы.
4. Монополияның қасиеттері.
5. Концерн формасына сипаттама беріңіз.
6. Таза бәсекелес дегеніміз не?
7. Нарықтың негізгі түрлеріне сипаттама беріңіз.
8. Монополиялық бәсекелестік дегеніміз не?
9. Экономика монополияның жағымсыз жақтары?
10. Түрлі елдердің монополияға қарсы жалпы мақсаттары?

10-тaraу. Өндіру құралдарының нарығы

10.1. Материалды-техникалық жабдықтау және өткізу туралы түсінігі

Экономиканың жоғары нәтижелі жұмыс істеу қажетті шарттының бірі дамыған интегралды нарығы болып табылады, оның элементтеріне өндіру құралдарының нарығы, тұтыну тауарлары, құнды қағаздар, интеллектуалды өнімдер, жұмыспы күші жатады.

Қоғамдық өндірудің көлемі жүйелі түрде үлгайған сайын қолданылған өндіру құралдары мен еңбек заттарын етеу үшін қажетті өндіру құралдарының үздіксіз түсімін, сонымен қатар олардың тұтынуын үлгайту үшін талап етеді. Бұл процесті қамтамасыз ету жөне оның үздіксіздігін қолдауға – қайта өндірудің кеңейтілген жөне жай қажеттілік кезеңі жатады. Оның екі жағы қарастырылады – техникалық және экономикалық. Біріншісі материалды ресурстарды ауыстыру, оларды сактау жөне өндірістік қолдануға дайындауды құрайды. Келісілген экономикалық жағын жабдықтау – өткізу қызметін орындау процесінде адамдар белгілі бір қатынасқа түседі. Сонымен, материалды-техникалық қамсыздандыру бір мезгілде техникалық және экономикалық процесс те болып табылады. Техникалық жағы қоғамның өндіру күшінің даму деңгейімен анықталады, ал экономикалық – шарттасылған өндірістік қатынастармен анықталады.

«Материалды-техникалық қамсыздандыру» түсінігі өндірістік бағыттағы өнімнің процестің бір жағын сипаттайты – сатып алууды, көсіпорындардың өндіру құралдарын сатып алу жөне дайындау. Бұл процестің екінші жағы – өндірістік өнімді өткізу – бұл түсінікті қамтымайды.

Жалпы материалды техникалық қамыздандыру жөне еткізу өзара байланысқан процесті білдіреді. Қамыздандыру мен өткізудің міндеті әр дара кәсіпорындар үшін әртүрлі. Әр кәсіпорын қажетті материалды – заттай компоненттерімен қамыздандыру қызметін жөне өндірілген өнімдерін өткізу қызметін жүзеге асырады. Технологиялық қатынаста бұл операциялар түрлі болып орындалады.

«Қамыздандыру» жөне «өткізу» түсінігі «сатып алу» жөне «сату» түсінігімен тетелес. Алайда олар сату-сатып алу актісінен басқа көптеген қосымша процестер де енеді – өнімнің кеңістіктік ауыстырылуы, оның сақталуы, өндірісте қолдануға дайындау жөне т.б.

10.2. Өндіру құралдарымен көтерме сауданың түрлері

Жеткізуші мен тұтынушының арасындағы тікелей келісілген байланыстар

Өндіру құралдарымен көтерме сауданың келесі негізгі түрлері бар:

1. Жеткізуші мен тұтынушының арасында тікелей келісілген байланыстар;
2. Делдалдар арқылы көтерме сауда;
3. Тауар биржасы;
4. Жәрменекелер;
5. Аукциондар;
5. Лизингтер.

Тікелей келісілген байланыстар жеткізуші өнімді тұра тұтынушыға жеткізуді білдіреді. Келісімде келесі өлшемдер анықталады:

1. Өнім көлемі;
2. Жеткізу мерзімі мен шарттары;
3. Өнім сапасы;
4. Келісім міндеттемелерін бұзғаны үшін санкциялар.

Өндірістік бағыттағы өнімдер – шикізат пен материалдар, көліктер мен жабдықтар, шартты түрде екі маңызды түрге белінуі мүмкін. Бірінші түрдегі өнімнің ерекшелігі – оның

тар шеңберлі мамандырылған немесе техникалық күрделі болып табылатындығында, оны сатып алушылар саны аз болады. Тұтынушылардың өзі географиялық тығызы аймақта орналасқан, өз қателіктерін нақты анықтайды. Олар ұзақ уақыт бойы өндірушілермен байланыста болады. Бұндай мамандырылған, ғылымдандырылған өнімдерге алғашқы көтерме сауда түрі төн. Тікелей байланыстар күрделі монтаждарды қамтамасыз ету үшін қажет. Бұл өсірекше ерекше жөне ірі габаритті қондырылғылар үшін, оны дайындау мен өндіруіне жеткізуі шарт болады.

Екінші түріне қалыпты, мамандандырылмаған өнім жатады. Бұндай өлеуекті сатып алушылардың саны көп, олар кеңістіктік түрде бытыраңқы орналасқан. Әдетте мұндай тауарлардың бағасы жоғары болмайды. Бұндай өнімдердің түрлеріне электршамдары, радиотетіктері, қалыпты қозғалтқыштар, түрлі құралдар жатады. Ондай тауарлармен қамтамасыз ету әдетте делдал арқылы жүргізіледі.

Қазіргі таңда Қазақстан алдында өзінің экономикалық қауіпсіздігін сақтай отырып, өлемдік экономикалық жүйеге интеграциялану міндеті түр. 2001–2013 жж. Қазақстан Республикасының сыртқы сауда экономикасы айналымын талдау 2001–2013 жж. дейін экспорттың шикізат бағытында басым екенін көрсетті. 2000 ж. минералды ресурстардың үлесіне 43,9% жөне 32,2% металлургияның өнім өндірісі үлесіне тиесілі болды. Азық-түлік өнеркәсібінің өнімі – 6,2%-ды құрады. Мұнайды экспорттау үлесі – 2001 ж. – 2,8%-дан 2001 ж. – 50%-ға артты, ал қара металды жалға беру – 3,9–16,1%, мыс 1,8%-дан – 10,3%-ға дейін болды.

Қазақстан Республикасының экспорт құрылымы 2013 ж., %



Нарықтағы өзгерістерге бейімделе отырып, төуелсіз дедал кесіпорындар өзінің сауда саясатының маңызды бағыттарын қайта қарауға ұшыратты. Олар өндіру құралдарының өндірушілерімен тығыз қарым-қатынасқа түсті. Бір жағынан ірі дедал фирмалар нарық туралы білім пайдала отырып, өздері өнімдердің кейбір түрлеріне сипаттама дайындау бастады, және тапсырыстарды кішігірім өндірістік кесіпорындарға орналастыра бастады. Екінші жағынан, өндіру құралдарын өндіруші – фирмалар дедалдардың ынтымақтастыққа дайын екенін ескере отырып, олармен жарнамалау және белгілі бір аймақта өз өнімдерін сатуға келісімге отыра бастайды. Жалпы, өлемдік тәжірибеден көріп отырғанымыздай, тұтынушылардың тікелей өндірушілерден өнімдерді сатып алу тиімді үлесі 50–70%-ды құрайды.

Бақылау сұрақтары

1. Интегралды нарыққа сипаттама беріңіз.
2. «Материалды-техникалық қамсыздандыруды» түсіндіріңіз.
3. Өндіру құралдарымен көтерме сауданың түрлері.
4. Өндірістік бағыттағы өнімдер қандай?
5. Келісім өлшемдерін атаңыз.



Глоссарий

Абсолютті рента – жер иелерінің жердің құнарлы не құнарсыздығына қарамастан, барлық участкеден бірдей алатын рентасы (табысы).

Абстрактылы еңбек – тауар айырбасы кезінде көрінетін жалпы адам еңбегі (еңбек шығыны), яғни құн жасайтын еңбек.

Акционерлік қоғам – бірнеше жеке капиталдың бірігүі арқылы акция шығарып, оны сатудан түскен қаражат арқылы шаруашылық үйымдастыру формасы.

Акция – иесінін акционерлік қоғам капиталына белгілі бір мөлшерде үлес қосқандығын куәландыратын құнды қағаз. Ол дивиденд түріндегі пайданың бір бөлігін алуға құқық береді.

Актив – мұліктік құқықтар жыныстыры, бухгалтерлік баланстың бір бөлігі, онда осы көсіпорынға тиесілі барлық материалдық құндылықтардың есепті кезеңдің басындағы және аяғындағы жыныстыры.

Амортизация – негізгі қорлардың құнын солардың көмегімен өндірілетін тауарларга бірте-бірте көшіру; ақша қаражатын мақсатты түрде жинақтау және оны тозған негізгі қорлардың орнын толтыру үшін пайдалану.

Құнды қағаздар – иесіне мұліктік құқық және дивиденд, пайыз турінде білгілі бір ақша сомасын алуға құқық беретін құжаттар (акциялар, облигациялар, вексельдер, депозиттік және инвестициялық сертификаттар, чектер, жинақ кітапшалары, т.б.).

Баға индексі – тауар бағасының орташа деңгейінің уақытқа байланысты салыстырмалы езгеруін білдіреді.

Баж – мемлекеттің көсіпорындар мен мекемелерден, азаматтардан оларға көрсетілген қызметтің белгілі бір түрлері үшін алатын ақшалай алымы.

Банк пайызы (проценті) – банктің қарызға ақша бергені үшін алатын төлемі.

Банк активтері – банк балансының актив бөлігі онда қысқа және ұзак мерзімді несиeler, банктегі кассалық және валюталық қолма-қол ақша, акциялар, т.б. көрсетіледі.

Бәсеке – өнім өндіру мен өткізуіндік экономикалық бағынан негұрлым тиімді жағдайлары үшін тауар өндірушілер арасындағы жарыс.

Бизнес жоспар – кәсіпорынды (кәсіпкерлікті) белгілі бір кезенде дамыту жоспары. Өндірісті жетілдіріп, дамытуға бағытталған инвестиция тарту үшін өзірленеді.

Бюджет тапшылығы – мемлекеттік бюджет бойынша шығындардың табыстан артып кетуі.

Валюта – 1. елдің ақша бірлігі; 2. шетелдің ақша белгісі, халықаралық есеп айырысуда қолданылатын төлем құжаттары.

Валюталық бағам (курс) – екі валютаның айырбас қезінде гі құндық ара салмағы; бір елдің ақша өлшемінің – екінші бір елдің ақша өлшеміне шаққандағы бағасы.

Вексель – төлем және несие күралы; кәсіпкердің несиеге алған тауарларға белгілі бір уақыттан кейін ақша төлеуге берген міндеттемесі.

Венчур – өнімнің жаңа түрлерін жасауға өндірісті игеруғе, енгізуғе, жаңа технологияларды қолдануға маманданған шағын коммерциялық ғылыми-техникалық үйим.

Дәстүрлі экономика – сирек кездесетін шектеулі табиғат ресурстарын кеңінен пайдалануды дәстүрлер мен ғұрыптар айқындайтын экономикалық жүйе.

Дебитор – кәсіпорынның біреуге қарыздар берешек болуы.

Девальвация – қағаз ақша құнын өзінің тұрақты қалпына түсіру; тұрақты валютамен немесе халықаралық шот өлшемдерімен салыстырғанда елдің валюта бағамының төмендеуі.

Демпинг – тауарларды ішкі нарықтағы бағаға қараганда сыртқы нарықта негұрлым тәмен бағамен сатылуды.

Деноминация – ақпанаң құны құрт төмендеп кеткен кезде оның айналысын реттең, есептеуді жеңілдету мақсатымен ақшаның белгіленген көрсеткішін кеміту арқылы өзгеріс жасау.

Депозит – белгілі бір шартты мерзімге сақтау орындарына сақтауға берілген ақша немесе құнды қағаз.

Дивиденд – акционерлік қогамның пайдасы есебінен әр акция үшін акционерлерге төленетін ақы.

Диверсификация – бұл жан-жақты даму; бір-біріне байланысты емес көптеген өндіріс түрлерінің қатар дамып отыруы, өндірілген өнімнің таңдаулы ассортиментінің ұлғайып отыруы.

Дифференциалды рента I – жер иесінің жердің табиғи құнарлығы мен жер участкесінің жақсы орналасуына байланысты алатын рентасы (жолақысы).

Дифференциалды рента II – жер иесінің жердің күнарлылығын жасанды жолмен жақсарту арқылы алынатын қосымша пайдаласы.

Еркін экономикалық аймақтар – ұлттық және шетелдік көсіпкерлер үшін жеңілдікті экономикалық жағдайлар жасалған аймақтар.

Ең төмен деңгейдегі тұтыну – адамның физиологиялық және әлеуметтік бюджеті (минималды) мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тұтыну тауарлар мен қызметтердің жыныстығын сатып алуға жұмсалатын шығын.

Ең төмен жалақы – мемлекеттің реңми белгілеген еңбек (минималды) ақысының ең төменгі деңгейі.

Жабық акционерлік қоғам – акциялары тек құрылтайшылардың немесе күні бұрын айқындалған адамдар тобының арасындаған сатылатын шаруашылық формасы.

Жалақы – еңбеккерлердің белгілі бір уақыт кезеңінде (күні, айы) алатын ақшалай табысы.

Жалпы ішкі өнім – статистиканың жинақтал қорытатын макроэкономикалық көрсеткіші; ел ішінде өндірілген тауарлар мен қызметтердің белгілі бір кезеңдегі нарықтық құны

Жалпы ұлттық өнімнің – номиналды **ЖҰӨ**-нің нақты ЖҰӨ-ге дефляторы қатысын көрсетеді.

Жалпы ұлттық өнім – статистиканың жинақтал қорытатын макроэкономикалық көрсеткіші, яғни ел ішінде және сондай-ақ басқа да шетелдерде белгілі бір мерзімде өндірілген тауарлар мен қызметтердің жыныстық нарықтық құны.

Жарғылық капитал – құрылатын көсіпорынға құрылтайшылардың бірігіп салған салымдарының құны, яғни көсіпорын капиталының бастапқы сомасы.

Жер – өндірісте пайдаланатын табиги ресурстар мен байлықтар.

Жекешелендіру – мемлекетке тиесілі объектілерді меншікtenу құқығын жеке немесе занды тұлғаның сатып алу процесі

Жұмыссыздық – еңбекке жарамды халықтың бір белігі езіне жұмыс, пайдалы енбек қызметін таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Жыныстық сұраныс (АД) – бұл графикте көрсетілген қисық сызық, оның мағынасы: қоғамдағы барлық тауарлар мен

қызметтердің жиынтық көлемі, яғни тұтынушылардың, көсіп-орындардың және үкіметтің бағаның өрбір деңгейінде нақты жалпы өндірілген тауарлар мен қызметтерді сатып алу қажеттілігінің көрінісі.

Жиынтық ұсыныс (AS) – бұл графикте көрсетілген модель, яғни бағаның өрбір мүмкіншілік деңгейінде өндірілген нақты жалпы ұлттық өнімнің көрінісі.

Импорттық квота – шеттен тауарлар өкелуді бір кезеңге шектеу.

Инвестициялар – пайда немесе табу мақсатымен өз еліндегі не шетелдегі белгілі бір халық шаруашылығы саласына, көсіпорындарға, өнеркәсіпке, құрылышқа, т.б. ұзақ мерзімге күрделі қаржының (капиталдың) сатылуы немесе жұмысалуы.

Инвестициялық банктер – ұзақ мерзімді қаржыландырумен айналысадын банктер.

Иновация – жаңа техникага, технологияға енбекпен басқа-руды ұйымдастырудың жаңа нысандарына қаражат жұмсау.

Иновациялық банктер – өнер, табысқа, ғылыми-техникалық талдамаларды кеңінен қолдануға жәрдемдесу үшін коммерциялық негізде құрылатын банктер.

Инфляция – айналыстағы қағаз ақшаның құнсыздануы.

Ипотека – ақшалай қаражат алу мақсатымен жылжымайтын мүлікті (жерді, көсіпорынды, ғимаратты, жермен тіkelей байланысты басқа да объектілерді) кепілге салу түрі.

Кадастр – табигат объектілері туралы негізгі мәліметтердің жүйелендірілген жинағы (су, жер). Жер құбырларына сәйкес пайдалануға бөлінетін өрбір жер участесіне арнаулы ережелер бойынша кадастрық нөмір, яғни жеке және қайталанбайтын код беріледі.

Капитал – тауар мен қызмет өндіруге пайдалану мақсатымен өндірілген қурал-жабдықтар.

Конвенция – халықаралық келісімшарт.

Конверсия – 1. өндірісті түбірімен өзгерту; 2. бір валютаны екінші валютаға айырбастау.

Кондоминимум – біртұтас объектінің бірлесіп иелену, иемдену.

Консалтинг – кеңес беру (менеджмент, маркетинг, кеңес фирмалары).

Консорциум – бизнес саласындағы көп қаржы ресурстарын (қажет ететін нақты экономикалық міндеттерді, күрделі жобаларды жүзеге асыру мақсатымен бірлескен қызмет туралы шарт негізінде уақытша берлестік (шаруашылық жағынан төуелсіз фирмалар мен банктердің бірлестігі).

Концессия – ұлттық экономиканы қалпына келтіру мен дамыту, табигат байлықтарын игеру мақсатымен көсіпорындарды, жерді, жер қойнауын, т.б. белгілі бір талаптар негізінде жеке көсіпкерлерге, шетелдік фирмама пайдалануға беру жөніндегі мемлекетпен жасасқан шарт; осындай шарт негізінде құрылған көсіпорының өзі.

Кооператив – меншікті, жалға алынған немесе тегін пайдалануға берілген мүлік негізінде қандайда болсын қызметті бірлесіп жүргізу үші ерікті турде біріккен азаматтардың үйымы.

Корпорация – меншіктің акционерлік нысаны, меншікті (капиталды) келісіп иелену, көсіпорынды басқару міндеттерін көсіпқой басқарушылардың (менеджерлердің) жоғары тұрған буындарының қолына шоғырланады.

Қаржы – ақшалай қаражаттың, құралуы, белінуі, пайдалану барысында экономикалық қарым-қатынас жүйесі.

Қосымша құн – өнімді сатудан түскен түсімнен оны өндіру үшін басқа фирмалардан сатып алу шығындарының арасындағы айырмашылық құн, яғни фирмалың осы өнімді өндіруге жұмсаған нақты өзіндік шығыны (жалақы, несие пайыз, жол төлемі, салықтар мен пайда сомасы).

Құн – тауардың бағасы немесе тауарларды, негізгі құрал-жабдықты сатып алуға, жұмыстарды орындауға жөне қызметтерді көрсетуге, игіліктегі сатып алуға жұмсалған ақшалай шығын.

Лаффердің қисығы – салық өсімі мен салық түсімі арасындағы байланыстың графигтегі көрінісі.

Лизинг – заңды (жеке) тұлғаның еңбек құралдарын меншігіне сатып алудың орына басқа фирмалардың меншігін пайдалануы; ұзақ мерзімде пайдалануға құрал-жабдықтарды несиеғе беру.

Либерализация – бейтараптану; «бағаны либерализациялау» – бағаны босату, яғни өкімшілік жүйеде мемлекет бағаны

бірқалыпта ұстап, нарықтық экономикаға өту кезеңінде оны босатып жібереді.

Лицензия – үйымдардың немесе жеке адамдардың патенттермен қоргалған өнертабысты, техникалық білімді, тәжірибелі, өндірістік құпияларды жөне т.б. пайдалануына арнаулы рұқсат (келісім).

Лоренц қисығы – қоғамда табыстардың графикте нақты белінү көрінісі.

Макроэкономика – экономиканы тұтас алып зерттейтін экономикалық ғылым бөлімі. Макроэкономикада зерттелінетін негізгі мәселелер: жыныстық өндіріс, жұмыссыздық, бағаның жалпы деңгейі (инфляция), экономикалық саясаттың басты мақсаттары.

Мемлекеттік қарыз – етken жылдардағы бюджет тапшылығының жыныстық сомасы.

Меншік – өндіріс құрал-жабдықтары мен өндірілген өкімдерді иемденуге байланысты адамдар арасында туындастын экономикалық қатынастар.

Микроэкономика – экономика ғылымының кәсіпорын (фирма) мен саланы, үй шаруашылығын, сондай-ақ жекелеген нарықтарды, нақты бағаны, тауарлар мен қызметтерді зерттейтін бөлімі.

Монетаризм – макроэкономикалық талдау мен экономиканы реттеу теориясы, ол экономикалық дамуда ақшаның жөне экономиканы тұрақтандыруда ақша-несие саясатының рөлін бірінші орынға қояды.

Монополия – ерекше тауардың бір ғана сатушысының нарықта үстемдік жүргізуі.

Монополистік бәсеке – нарық көптеген сатушылардың үқас, бірақ әртекті өнімді сатуынан құралады.

Мультиликатор – үлттық өнімнің, табыстың немесе ақша айналысының өсуі немесе азаюының қанша есеге өзгергенін анықтайдын көрсеткіш.

Нақты еңбек – арнайы еңбек құралдарын пайдаланумен, жұмыскерлердің мамандығымен, одан қалды нақты нәтижесімен көрінетін, яғни тауардың тұтыну құныны жасайтын еңбек.

Нақты жалақы – жұмыспының номиналды жалақысына өзі мен отбасы үшін қанша жөне күнкөріс заттарын сатып алуға болатынын көрсетеді.

Накты пайыздық – номиналды пайыздық мәлшерлемеден мәлшерлеме инфляция ықпалын тазартқандағы мәлшерлеме.

Несие – бір тұлғаның екінші тұлғага қарыз түрінде ақша не-месе тауар – материалдық беруі туралы келісім.

Номиналдық жалақы – жалақының ақшалай сомасы.

Номиналды пайыздық – ағымдағы нарықтық пайыздық мәлшерлеме.

«НОУ-ХАУ» – патенттілік күкүйе жоқ қандай да болсын мін-дettі шешпү үшін қажетті техникалық білімдер, тәжірибе, тех-нологиялардың құпияллары.

Облигация – құнды қағаз, ол иесінің ақшалай қаражат салғанын күеландырады.

Олигополия – нарықта аздаған ірі компаниялар үстемдік жүргізеді. Өнім біркелкі (біртектес) болып келеді. Бұл нарық-ка басқа фирмалардың кіруі қыны болады. Бағаны бақылау бір-біріне тәуелді болады.

Онкольдық несие – қарыз алушы несие берушінің талап етуі бойынша өтейтін қысқа мерзімді коммерциялық несие. Тауарлар мен құнды қағаздар кепілдікке жүреді.

Өнімнің өзіндік құны – өнімді өндіру процесінде пайдалана-натын табигат ресурстарының, шикізаттың, метериалдардың, отынның, энергияның негізгі қуралдардың, оларды дайындау мен өткізуде көрсетілетін қызметтер шығындарының ақшалай сомасы.

Өндіріс шығындары – материалдық заттар мен қажетті еңбек шығынның жиынтығы. Ақшалай тұлғада ол өнімнің өзіндік құны.

Пайда – табыстың шығыннан ақшалай есептегі артуы

Пайда нормасы – пайданың барлық авансыланатын капи-талға (немесе тиімділік) (барлық шығындарға) пайыз түріндегі қатынасы.

Пассив – бухгалтерлік баланстың белгі, он жағы. Ол қар-жының қайдан келіп түсетінін жөне қандай мақсатқа жұмса-латынын көрсетеді.

Патент – 1) өнерталқышқа ашқан жағалығын пайдалануға күкүйе беретін куәлік қағаз; 2) саудамен, көсіппен айналысуға күкүйе беретін рұқсат қағаз.

Протекционизм – мемлекеттің жергілікті өндірушілерді шетелдік бәсекеден қорғау саясаты.

Паритет – алтын мөлшеріне сай келетін валюталардың арақатынасы.

Ревальвация – ұлттық валюта бағамын ресми түрде жоғарылату.

Резервтік валюта – ұлттық (доллар, фунт, стерлинг) және ұжымдық валюталар (ЭКЮ, СПЗ), оларды елдер халықаралық есеп шоттарындағы қарыздарын реттеп отыру үшін пайдаланады.

Резидент – белгілі бір мемлекеттің аумағында тұрақты мекендейтін жеке тұлға, сондай-ақ онда өзінің қызметін тұрақты түрде жүзеге асыратын заңды тұлға.

Рента – жерден, мұліктен, капиталдан, т.б. заттардан меншік иесінің енбексіз табыс алуы.

Реимпорт – шетелде өндөлмеген отандық тауарларды қайтып әкелу.

Реэкспорт – шетелден әкелінген тауарды өндемей елден қайтарып жіберу.

Рецессия – өндірістің құлдырауы.

Роялти – салық салу жүйесінде табигат ресурстарын қазып алу құқығы үшін жер иесінің жерді пайдаланушыдан алатын төлемақысы және пайда үстемесіне салынатын салық.

Санация – банктер мен ірі өндіріс орындарын банкротқа үшірітпау мақсатында жүргізетін шаралар жүйесі немесе кәсіпорындардың бәсекелестік қабілетін арттыру шаралары.

Сальдо – табыс пен шығын арасындағы айырмашылық.

Секвестр – бюджеттің атқарылуы кезінде тапшылықтың белгіленген деңгейден артып кетуінен не түсімдердің қысқа-руынан және кәзделген шараларды ағымдағы қаржыландыру мүмкін болмаған жағдайларда қолданылатын арнаулы шаралар.

Серіктестік – жеке кесіпкерлердің күш-жігер мен қаражатты біріктіру, мұнда екі не одан көп тұлға пайда табу мақсатымен кесіпкерлікпен бірлесіп айналысады.

Стагфляция – өндірістің тоқырауымен, инфляцияның бір мерзімде өршуімен сипатталатын экономиканың жағдайы.

Синдикат – көсіпорындар бірлестігі, бұл бірлестіктер барлық сауда қызметтерді (бага белгілеу, тауар өткізу, т.б.) жүзеге асырады, ал өнім өндіру жауапкершілігін көсіпорындар ез мойнына алады.

Статистика – әлеуметтік-экономикалық құбылыстар да-муының сандық көрсеткіштері мен оларды есептеу зандылықтарын зерттейтін ғылым.

Субвенция – мемлекеттің максатты жөрдемінің бір түрі.

Субсидия – мемлекеттің бір жолғы қайтарымсыз ақшалай көмегі.

Сұраныс – тауар сатып алуға жұмысалған және қызмет көрсеткені үшін төленетін ақының ақшалай сомасы.

Сұраныстың икемділігі – тауарлар мен қызметтердің нарықтық бағасының өзгеруіне жауап ретінде сұраныстың мөлшерінде болатын өзгерістің деңгейі.

Сыртқы сауда айналымы – елдің белгілі бір кезеңдері экспорты мен импорт құнының сомасы.

Табыс – жеке тұлғалардың, көсіпорындардың белгілі бір уақытта қандай да болсын қызметтің нәтижесінде алатын ақшалай қаражаты.

Таза пайда – көсіпорында салықтар мен басқа да төлемдерді төлегеннен қалған қалдық пайда.

Таза үлттық өнім – өндірілген өнімнің өнім шығару барысында тозған өндіріс құрал-жабдығын ауыстыру (амортизация) үшін қажет белгін шегеріп тастағандағы жалпы үлттық өнім.

Трансферт төлемдер (лат. «тасу», «аудару») – 1. Төлем-акыны бір шоттан екінші шотқа аудару. 2. Мемлекеттік трансферттік төлемдерге жататындар: (зейнетақы, жөрдемақы, стипендия, т.б.).

Төлем балансы – шетелдік мемлекеттерге төленген жалпы төлем сомасы мен белгілі бір уақыт аралығында олардан алынған сомалар арасындағы айырмашылық. Төлемдер мен түсімдерге алтын, тауарлар мен қызметтердің құны, туристердің шығындары, капиталдың қозғалысы, пайыздар мен несиелердің негізгі сомасы кіреді.

Трансұлттық корпорация – штаб пәтері бір елде орналасқан және көптеген филиалдары дамыған елде, сондай-ақ дамушы елде орналасқан халықаралық корпорация.

Трестке қарсы заң – еркін бөсекеге бөгет жасайтын монополистік бірлестіктер құру жолы мен капиталды орталықтандыру процесін реттеу үшін мемлекетте қолданылатын заң актілері.

Түйік валюта – бір елдің көлемінде пайдаланылады, дамуышы елдердің көпшілігінің валютасы.

Үлттық табыс – елдің өлеуметтік экономикалық дамуының қорытындылаушы көрсеткіш; қоғамдық жиынтық өнім құнының құрал-жабдық – еңбек заттары өтелгеннен кейін қалған белгі, яғни үлттық табыс жалпы өнім жиынтығы мен өндірістік шығындар арасындағы айырмашылық; таза үлттық өнімнен алынатын жанама салықтардың арасындағы айырмашылықпен есептеледі.

Үлттық шоттар жүйесі – өндірісті макроэкономикалық есептеу, (ҰШЖҚ қоғамдық өнім мен үлттық табысты бөлу және түпкілікті пайдалану жүйесі, ол бухгалтерлік есеп-шоттар нысанында жасалған. Үлттық есеп-шоттар БҮҮ-ның халықаралық статистикасында кеңінен пайдаланылады.

Ұсыныс – нарықтағы немесе тауар өндірушіні қанағаттандыратын белгілі бір мерзімде тиісті баға бойынша сатуға дайындалған тауарлар жиынтыры.

«Улкен сегіздік» – бірінші өлемнің алдыңғы қатарлы индустриалды мемлекеттері (АҚШ, Канада, Ульбритания, Франция, Германия, Жапония, Италия, Ресей). Өлемдік шаруашылық, тағы өзекті проблемаларды шешуді талқылайтын жыл сайын жоғары деңгейдегі кездесулерді үйымдастырушылар.

Франчайзинг – ұсақ және ірі фирмалардың орналасуы; ірі компанияның өзінің фирмалық таңбасымен тауар өндіруге (қызмет көрсетуге) лицензиясын пайдалану құқығын ұсақ фирмаларға келісімшарт арқылы береді.

Фьючерстік келісім – тауар мен қор биржасындағы мәліме түрі, мерзімдік келісім; тауарды (қызметтерді) құнды қараздарды келісім жасалғаннан кейін өзара шартта көрсетілген бағамен төлеу, сатып алу немесе сату жөніндегі биржа меселесі. Оның мақсаты – акциялардың бағасындағы немесе бағымындағы мәміле аяқталған кезде пайда болатын айырманы алу.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995.
2. Қазақ ССР-нің экономикасын тұрақтандыру және нарыққа көшү бағдарламасы. – Алматы, 1991.
3. Н. Назарбаев «Қазақстан Егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы». – Алматы, 1992.
4. Н. Назарбаев «Қазақстан-2030». Барлық қазақстандықтардың өсіп-әркендеуі, Қауіпсіздігі және өл-ауқатының артуы. – Алматы, 1997.
5. Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамтылу туралы» заңы. – Астана, 1998 жылғы желтоқсанның 30-ы. «Егemen Қазақстан», 5 қаңтар, 1999.
6. Рахимжанова Н. И., Попкова Е. Б., Стекольникова Т. П. Основы рыночной экономики, Астана, 2003
7. Е. Борисов. Основы экономической теории. – М.: Новая волна, 2004
8. www.primeminister.kz веб-сайтынан

Жанат Тоғабайқызы Ходжаниязова

**Нарықтық экономика
негіздері**

Оқулық

3-басылым, толықтырылған, өндөлген

*Редакторы Айгүл Абдрахманова
Техникалық редакторы Эльмира Заманбек
Көркемдеуші редакторы Женіс Қазанқапов
Корректоры Венера Файнуллина
Дизайнері Асет Салиев
Компьютерде беттеген Ұлжан Бердібекова*

Басуға 27.04.2017 қол қойылған.
Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$. Офсеттік басылыш.
Шартты баспа табағы 8,8
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №0060

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қ., Ш. Айманов көшесі, 13

«Регис-СТ Полиграф» баспаханасында басылды
010000, Астана қ., Ш. Айманов көшесі, 13

КӨСІПТІК БІЛІМ

ISBN 978-601-302-668-8



9 786013026688

FOLIANT